


СӘУЛЕШ АЙТУҒАНОВА

ШАҒЫН ПРОЗА ПОЭТИКАСЫ



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

СӘУЛЕШ АЙТУҒАНОВА

ШАҒЫН ПРОЗА ПОЭТИКАСЫ

Монография

Астана
2025

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5Қаз)
А32

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Ғылыми кеңесі ұсынған
(2025 жылдың 31 наурызындағы №16 хаттама)*

Пікір жазғандар:

С.Құлбарак – филология ғылымдарының докторы, М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің профессоры;

Б.А.Ердембеков – филология ғылымдарының докторы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің профессоры;

Ж.Ә.Аймұхамбет – филология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры

Айтуғанова С.Ш.

А32 Шағын проза поэтикасы. Монография. – Астана: «FOCUS», 2025. – 137 бет.

ISBN 978-601-385-055-9

Монографияда адам мен табиғаттың күрделі байланысын, олардың қарым-қатынасын ашып, бейнелеп көрсетуде көркем әдебиеттің атқарар рөлі шағын проза үлгілеріне талдау жасау арқылы анықталады.

Бірінші тарауда М.Әуезовтің «Көксерек», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман» повестеріндегі адам мен табиғат байланысы философиялық пайым, психологиялық егіздеу тұрғысынан қарастырылса, екінші тарауында Әуезов дәстүрінің 60-80 жылдардағы шағын прозада өз жалғастығын тауып, дамуы нақты мысалдар арқылы талданады.

Монография жоғары оқу орындарында қазақ әдебиеті тарихын, арнаулы курстар мен семинар сабақтарды оқытуда, орта мектептің жоғары сыныптарында қазақ әдебиеті пәнін оқытуда пайдалануға болады.

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5Қаз)

© Айтуғанова С.Ш., 2025

ISBN 978-601-385-055-9

КІРІСПЕ

Әдебиеттегі проза жанрының бір түрі – шағын проза. Әдетте романдар бір немесе бірнеше кезеңнің шындығын кең көлемде бейнелесе, әңгіме, повестердің көлемі мен сюжеті көбіне шағын, көлемді философиялық толғаныстар кездесе бермейді, оқуға жеңіл болып келеді. Яғни шағын проза жанрлары жазушыға өз ойлары мен сезімдерін ықшам түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Алайда бұл жанрда жазылған шығармаларда үлкен мәселелер көтерілмейді дей алмаймыз. Мұнда әрбір сөз бен деталь маңызды рөл атқарады, оқиға мен кейіпкерлердің ішкі дүниесіне терең үңіліп, оның болмысын көрсетуге тырысады. Сондықтан да көлемінің ықшам болуы, дәлдігі, символдық тұрғыдан көп мағына бере алатындығы – шағын прозаның басқа жанрлардан басты ерекшеліктерінің бірі болып табылады.

Шағын прозада көбіне бір ғана мәселе көтеріліп, оқиғаның дамуы жылдам орын алады, кейде оның шешімі оқырманға қалдырылып отырады. Соған қарамастан, кейіпкерлердің көңіл-күйін, ойларын, көзқарастарын жан-жақты ашып суреттейді. Сондықтан да шағын проза – әдебиеттегі ерекше жанр ретінде қарқынды дамып келеді. Оның ішкі құрылымы, тілдік тәсілдері мен композициялық құрылымы ерекше, әр сөз, деталь мен символ үлкен мәнге ие.

Көлемінің шағын болғанымен, әңгіме, повестерде жазушы қоғамды, адам болмысын, рухани әлемді жан-жақты әрі әсерлі суреттей алады, кейіпкерлер мен олардың арасындағы қарым-қатынастарды, күрделі әлеуметтік немесе психологиялық мәселелерді ашып көрсетеді.

Шағын прозада көтерілетін тақырып аясы да кең, ауқымды болуы мүмкін, оған ешқандай шектеу қойылмайды. Онда адам мен оның қоғамдағы орны, адамның қоғамнан оқшаулануы, жалғыздық, адам мен табиғат, өмір мен өлім, үміт пен күдік, әділетсіздің, теңсіздік, адамгершілік қасиеттер, уақыт пен кеңістік т.б. сияқты маңызды мәселелердің бәрі қамтылады.

Бұл ұсынылып отырған еңбек шағын прозадағы адам мен табиғат мәселесін талдауға арналады.

Адам мен табиғат сөз өнерінде де өзектілігін ешқашан жоғалтқан емес. Көркем әдебиеттің міндеті – қоғамда болып жатқан терең өзгерістерді көркемдік құралдар арқылы бейнелеп жеткізу. Олай болса, көркем әдебиет экология, табиғат пен тірі әлемге деген гуманистік проблеманы көтеріп, адам мен табиғаттың байланысын түрлі тәсілдермен бейнелеп келеді.

Адам мен табиғат қарым-қатынасы өткен ғасырларда да, бүгінгі таңда да көркем кеңістіктің басты пәні болып табылады.

Табиғат – «Отан», «туған жер» ұғымының құрамдас бөлігі. Көркем шығармада тек ғылыми қисындар мен болмыстың жалпы көріністері ғана емес, сонымен бірге кейіпкер-оқырман арасында туындайтын ой мен сезім де маңызды. Жаратылысты, ондағы тіршілік иелерін танудың экологиялық мәселелері гуманистік идея аясында өнер туындыларының көркем кеңістігін қалыптастырды. Табиғат пен адам арасындағы байланыс бірыңғай үйлесімді қалыпта ғана емес, қарама-қайшылықты, тартысты ахуалды да танытады.

Табиғи апаттар, түрлі құбылыстар адамзат өмір сүретін ортамен қайшыласып та жатады. Табиғатта тіршілік ететін жан-жануарлар, құстар әлемі болса, саналы тіршілік иесі – адам. Бұлардың бәрі де табиғаттың перзенті болып саналады. Алайда, тіршілік иелері арасындағы қайшылық, үйлесімнің бұзылуы экологиялық дағдарысты тудырды. Адам мен табиғат жұбының әрі бірліктегі, әрі қарсылықты байланыстағы әрекеттері көркем әдебиеттің алтын өзегіне айналғаны белгілі.

Табиғат пен қоғам арасындағы қарым-қатынастың үйлесімді дамуы, әрбір адамның салауаттылығына, рухани және табиғи кемелденуіне, сол сияқты болашақ үшін аса зәрулігіне адамдардың көзін жеткізу – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Бұл мәселені шешудің ең басты жолы – қоршаған ортаны қорғау мен көркейту, жауапкершілікті және саналы қарым-қатынасты қалыптастыру деп түсінеміз. Себебі соңғы жылдарға дейін табиғи ортаны қорғау, оған адамгершілік, жанашырлық сезіммен қарау, ұлттық сана-сезімді қалыптастыру дәл қазіргідей өзекті мәселе болған емес. Сондықтан бұл монографияда адамдардың табиғатқа, қоршаған ортаға деген катаклизмдік іс-әрекеттерінің салдарын бейнелеу арқылы

адамзатты мейірімге, гуманизмге шақырып, салдары ғасырларға созылатын апат дағдарыстарының алдын алуға үндейтін көркем шығармаларға талдау жасалады.

Тұлғаның адамгершілік-эстетикалық дамуының маңызды шарттарының бірі ретінде табиғатқа деген көзқарасты орнықтыруда әдебиеттің рөлі ерекше. Бұл мәселелерді өз шығармаларында көтерген ұлт қаламгерлері адамзат үшін үлкен апаттың алдын алуға, сақтандыруға шақырады. Қазақ әдебиетінде бұл мәселені арқау еткен шығармалардың үздік үлгілерін М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Ғ.Мүсірепов, О.Бөкей, Ә.Кекілбаев, Т.Әлімқұлов, М.Мағауин, Т.Нұрмағамбетов т.б. қаламгерлер шығармашылығынан кездестірсек, қазіргі кезеңде А.Алтай, А.Кемелбаева, Д.Рамазан, Н.Дәутайұлы, т.б. көруге болады. Олар экологиялық дағдарыстың зардабын өз кейіпкерлері арқылы бейнелеп көрсете отырып, өзіндік ұстанымдарын жеткізеді, болашақ ұрпақты қоршаған ортаны қорғауға, тіршілік атаулыға деген мейірімділік пен жанашырлыққа шақырып, оқырманға табиғаттың құндылығы оның байлығымен ғана шектелмейтіні туралы түсінік береді.

Монографияда шағын прозалық шығармалардағы кейіпкердің болмысын, ішкі жан дүниесін, психологиясын ашып көрсетуде табиғаттағы өсімдіктер, жан-жануарлар, табиғи құбылыстар әр түрлі тәсілдер – деталь, символ ретінде қолданылып, қоғамның, ұлттың болашағы туралы автор идеясы мен ұстанымын жеткізуде адам мен табиғаттың қарым-қатынасы тұрғысынан берілетіндігі талдаулар арқылы көрсетіледі.

Осы мақсатта М.Әуезовтің «Көксерек», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман» повестеріндегі адам мен табиғат байланысы психологиялық егіздеу, философиялық пайым тұрғысынан зерттеліп, адам мен табиғат байланысын көркем бейнелеудегі Әуезов дәстүрінің сабақтастығы 60-80 жылдардағы бір топ қаламгерлердің әңгіме, повестеріне талдау жасау арқылы айқындалады.

І ӘУЕЗОВТІҢ ШАҒЫН ПРОЗАСЫНДАҒЫ АДАМ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ

1.1 «Көксерек» повесі: адам-табиғат байланысы

Әр халықтың төл әдебиетінде өзінің өмірлік тәжірибесінің молдығымен, ұланғайыр білімімен, үздік жазушылық талант-шеберлігімен, дарындылығымен ерекше танылып, топ жарып алға шығатын қалам қайраткерлері болады. Олар өздерінің осындай ерекшеліктерімен өз оқырманының, халқының сүйіспеншілігіне бөленеді, әдебиеттің дамуына бағыт беріп, өз үлесін қосып, кейінгі ұрпаққа үлгі боларлықтай мұра қалдырады, әдеби процестің ұйтқысына айналады. Мұндай қаламгерлердің есімі дүниежүзілік мәдениетпен өз халқының әдебиетінің байланысына себепкер болады.

Қазақ әдебиетіндегі осындай қаламгерлердің бірі – М.О.Әуезов екені бәрімізге белгілі. Жазушы шығармалары халықтың өткен дәуіріндегі тарихына арналсын, осы заман тақырыбын арқау етсін әрдайым суреткерлік парасатымен, талант-дарынның өзіне ғана тән ерекшеліктерімен көзге түседі. Ол өзінің жазу үлгісімен де, шындықты бейнелеу жолындағы ізденістерімен де қазақ әдебиетінде жаңа жол бастады.

Қазіргі таңдағы қазақ әдебиетінің дүниежүзілік әдебиетпен бір қатарда екендігінің қаншалықты растығына М.Әуезов шығармаларына берілген баға жеткілікті.

М.Әуезовтің көркемдік-шығармашылық мұрасы өз әдебиетімізде ғана емес, бүкіл кеңес, тіпті әлемдік әдебиетте өз алдына жеке құбылыс ретінде бағаланады. Жазушы шығармашылығының әлемдік әдебиетте осылай жоғары бағалануы оның жаңашылдығына байланысты. Ол Шығыс пен Батыс, Еуропа мен Азия әдебиетінің классикалық дәстүрін үйрене отырып, өзіміздің төл әдебиетіміздің алға басуына үлкен үлес қосты. Ол өзіне дейінгі және өз тұсындағы әдебиеттің озық үлгілеріне әбден қанықты, кейінгілерге мирас етіп қалдырды. Жазушының осындай әдебиетімізге алып келіп, кейінгі ұрпаққа мұра еткен дәстүрлерінің бірі – көркем шығармадағы адам мен

табиғаттың концепциясы. Яғни, адам мен табиғат арасындағы үндестік пен қайшылық.

Адам мен табиғат – жалпы адамзаттық мәні бар, мәңгілік философиялық тақырып. Адам мен табиғат тағдыры бір-бірімен тығыз байланысты, біріне-бірі тәуелді десе де болады. Адамдарды тек қоғам ғана емес, табиғат та байланыстырады. Сондықтан да оның әдебиеттегі алатын орны ерекше. Бұл әлем жазушылары шығармаларына арқау болған мәселе.

Қай заманда да, қай қоғамда да адам мен табиғат егіз. Бұларды бірінен-бірін ажырату мүмкін емес. Сол себепті де табиғат пен қоғам арасындағы қарым-қатынастың үйлесімді дамуы, әрбір адамның денсаулығына, рухани және табиғи өсуіне, сол сияқты болашағы үшін ауадай қажет екендігіне адамдардың көзін жеткізу – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Бұл мәселені шешудің ең басты жолы – табиғи ортаға саналы, жанашырлық көзқарасты, оны қорғау мен көркейтуді, сұлулығын ұғынуды, жауапкершілікті және саналы қарым-қатынасты қалыптастыру деп түсінеміз. Адамдардың қоршаған ортаға мұндай көзқарасын қалыптастыру ұзақ, әрі күрделі процесс екені даусыз. Себебі соңғы жылдарға дейін табиғи ортаны қорғау, оған адамгершілік, жанашырлық сезіммен қарау дәл қазіргідей өзекті мәселе болған емес.

Семей полигонындағы атом бомбаларын сынау жерді аздырды, тоздырды. Шексіз өнім аламыз деп суармалы егістің көлемін есепсіз көбейту су тапшылығына әкелді. Ағып жатқан өзендер кесіліп қалды, Арал теңізі тартылып, қоршаған ортаға ғана емес, адам өміріне де зиянын тигізді. Экологиялық аймақтарда адам денсаулығы нашарлап, түрлі аурулар пайда болды, адам өлімі көбейді. Шала туған, түрлі ауытқулары бар мүгедек нәрестелердің өмірге келуі артты. Байқоңыр ғарыш айлағынан ұшырылған ракеталар атмосфераның озон қабатын ыдыратып, ол ауа-райының өзгеруіне алып келді. Жер асты сулары тартылып, даланы құм басып, жайылымдар шөлге айналды. Мұның бәрі қоршаған ортаға деген саналы көзқарастың, жауапкершілік сезімнің жетіспеушілігінен, адамзаттың табиғатқа деген мейірімсіз қарым-қатынасының

нәтижесі, табиғаттың адамзаттың шектен шыққан әрекетіне жауабы сияқты.

Қазіргі кезде осындай экологиялық мәселелердің туындауы, соның ішінде адамның табиғи ортаға тигізетін іс-әрекетінің шексіз өсуі және оның келеңсіз көріністері айқын байқалуда. Оған себеп, табиғатқа деген саналы көзқарастың, жауапкершілік сезімінің жетіспеушілігі, яғни адамзаттың табиғатқа деген мейірімсіз қарым-қатынасының нәтижесі.

Мұндай мейірімсіздік әрі қарай жалғаса берсе, табиғаттан да үлкен қатыгездік күтуге болады. Қазіргі дүние жүзінде болып жатырған жер сілкіну, су тасқыны, сел жаңбыр сияқты әртүрлі табиғат апаттары табиғат-ананың адамзаттың шектен шыққан әрекетіне жауабы сияқты. Циолковскийдің «Адамдар табиғатқа шабуыл жасап болды, ендігі шабуылды адамдар табиғаттан күтеді» деген сөзі шындыққа айналып жатқандай.

Ұлттық әдебиеттануымызда адам мен табиғат мәселесі туралы тұжырымды ойлар айтылды. Қазақ ғалымдары тарапынан С.Қирабаев [1], Р.Нұрғали [2], З.Серікқалиев [3], К.Әбдезұлы [4] сияқты зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде адам-табиғат проблемасы қамтылса, Ж. Жарылғапов 1970-1980 жылдары қазақ прозасындағы адам концепциясын адам мәселесімен байланыста қарастырады [5]. Б.Шайкенов өткен ғасырдың 80-жылдарында жазылған зерттеуінде бұл мәселеге дербес тоқталса [6], А.Рамазанова адам мен табиғат мәселесінің көркемдік шешім табуы жайын ғылыми тұрғыдан қарастырған [7]. Ал Г. Мусинованың зерттеу еңбегі Семей ядролық сынақ полигоны тақырыбындағы көркем шығармалардағы ұлттық мүдде және адам-қоғам-табиғат ұштағандық концепциясының берілу жолдарын анықтауға арналған [8].

Адам өміріндегі, қоғамдағы болып жатқан өзгерістер, мұндай көкейкесті мәселелер әдебиеттің де негізгі объектісі болары сөзсіз. Бұдан әдебиеттің тыс қалуы мүмкін емес. Бұл тұста көркем сөз өнерінің атқарар қызметі орасан зор. Әрине, әдебиет немесе жазушы бұл мәселелерді шешпейді. Олар табиғаттың қазіргі халін өзі көріп отырған дәрежеде оқырманға жеткізуші, олардың арасын байланыстырушы ғана. Болар апаттың алдын алуға ұмтылған жазушы табиғатқа жан бітіре

отырып, оның жанын, сезімін, түйсігін суреттейді. Сол арқылы оқырманға ой салғысы келеді.

Атақты ғалым Ш.Уәлиханов та кезінде адам мен табиғаттың арақатынасына сипаттама бере отырып, табиғат құбылысы арқылы дүние сырын, тұрмыс мәнін, қала берді адамдардың өміріндегі орнын, оның өткені мен бүгінгісін, болашағын тану ізденістерінің басталғандығын жете түсіндірген еді [9; 198-200]. Табиғат пен адам мәселесін көтерген жазушыларымыз да өз шығармаларындағы табиғат құбылыстары арқылы оның жайынан оқыrmанды хабардар етуді мақсат етсе керек. Осы ойымызды белгілі орыс жазушысы С.Залыгиннің: «Бүгінгі таңдағы табиғаттың пана табатын жалғыз-ақ ұясы бар, ол - сіздің санаңыз. Біз миллиондаған адамның санасына сондай ұя салып, табиғат деген біз, біз дегеніміз - табиғат екендігіне сендіруіміз керек» деген сөздері дәлелдей түссе керек [10; 172].

Адам табиғаттың бір бөлігі болғандықтан, оған мейіріммен қарап, аялауы қажет. Себебі олардың арасындағы тепе-теңдік бұзылса, жер бетіндегі тіршілікке қауіп төнеді. Бұған адамзаттың сан жылдар бойы табиғат заңдылықтарымен санаспай жасаған қадамдарының нәтижесі дәлел бола алады. Өзін бүкіл ғаламның иесі санап, табиғаттың беремесін тартып аламыз, жерді адамға табындырамыз, техникалық прогрестің шексіз жетістіктермен ғарышты бағындырамыз деген адамзат үлкен қателік жіберді. Оның салдары түрлі экологиялық апаттарға алып келді.

К.Щедрин өз мақаласында адам мен қоғам арасындағы қарама-қайшылықты «ішкі, тұлғалық және тұлғалық емес» деп топтастырып, оны конфликт ретінде қарастырады. Тұлғалық емес, бұл адамның тұлғасыз күшпен арасындағы тартыс, қайшылық. Оған табиғат, қоғам, технология жатады деп есептейді [11].

Жалпы әдебиетте пейзажды, табиғаттың әсем суретін, бояуларын жан-жақты суреттейтін шығармалардың көп екені белгілі. Тіпті онсыз шығарма болмайды десек те болады.

Пейзаждың қазақ әдебиетіндегі реалистік көріністері Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев бастаған бірегей жаңа

өзгерістермен бірге келді. Табиғат суреттері алдыңғы қатарлы әдебиет көшін бастаушы А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев шығармаларында да көрініс тапты. Қазақ ақындары мен жазушыларының шығармаларында пейзаждық суреттердің неше түрлі әдемі үлгілері кездесіп отырады. Қазіргі жазушыларымызда бұл суреттер бірінде көбірек, бірінде азырақ болса да кездеседі.

Қазақ әдебиетінде «адам мен табиғат» арасындағы қарым-қатынасты бейнелеген шығармаларды айтқанда да ең алдымен М.Әуезовті ауызға аламыз. Бұл жағынан келгенде қаламгердің орны бөлек. М.Әуезов пейзаждың көркем шығармадағы қызметін анықтап берді деуге болады. Оның шығармаларындағы табиғат суреттері сюжеттік оқиғаның уақытын, өлшемін, композициялық тұрғыдағы көркемдік жолмен кеңістік тұтастығын, шығарманың идеялық мазмұндылық астарларына қатысты образдылығын айқындайды.

Бұл туралы А.Нұркатов: «М.Әуезов табиғат суретін беруде де өзін үлкен суретші ретінде көрсетеді. Оның шығармаларынан қазақ кеңес әдебиетіндегі пейзаждың классикалық үлгілері болып табылатын тамаша табиғат суреттерін кездестіреміз. М.Әуезовтің қолдануында пейзаж оқиғаның болған орны мен мерзімін дәл көрсетіп қана қоймайды, сонымен бірге ол әрқашан адамдардың характерлерінің типтік сипаттары мен олардың өзара қатынастарын мейлінше мол ашуға қызмет етеді. Табиғат суретін беру М.Әуезов үшін дара мақсат емес, ол пейзажды өзінің авторлық идеясына сәйкестендіріп, үнемі құбылтып, құлпырта отырып қолданады. Жазушы табиғат суреттерін көбіне геройлардың ой-сезімдері, солардың түсінулері арқылы береді.

Әуезовтің қолдануында пейзаж кейде болғалы тұрған оқиғаға ая ретінде алынады да, оқушыны соны терең түсінуіне алдын ала дайындай түседі», - дейді [12;160].

М.Әуезов пейзажы әлем әдебиеті мен ұлттық әдебиетте қалыптасқан көркемдік дәстүр байлығын бойына сіңіре, оны қайталамай, өзіндік шеберлікпен ұлттық тілдегі лексикалық

байлықты молынан қолданып, нағыз дамыған классикалық үлгіге айналдырды.

Сондықтан да М.Әуезовтің шығармашылығы қазақ әдебиетінде ғана емес, әлемдік әдебиетте де өз алдына ерекше дара құбылыс ретінде бағаланады. Әрине, жазушының шығармашылығының мұндай жоғары бағаға ие болуы оның үлгі тұтқан дәстүрлерінің құндылығымен байланысты. Ол қазақ әдебиетінің және шығыс халықтарының әдебиетінде бұрыннан келе жатқан көркемдік ойларды, әдістерді үйреніп қана қойған жоқ. Оны әрі зерттеушілік, әрі суреткерлік ыңғайда саралап, өзіндік жаңалықтармен толықтырды.

М.Әуезовтің шағын прозалық шығармаларында бұл тақырып өз көрінісін таба білген. Онда қазақ даласының байлығы мен сұлулығы шебер суреттеледі. Жазушының пейзаждары шығармада қажетті фон ретінде ғана көрінбейді, сонымен бірге психологиялық параллелизм арқылы кейіпкердің мінезі мен образын тартымды және толық ашу үшін қолданылады. М.Әуезов шығармасында пейзаж суреттеумен басталады да, әрі қарай адам мен табиғат қарым-қатынасы біртіндеп тереңдей, күрделене түседі.

Адам мен табиғат мәселесі әлем жазушыларының бәріне де ортақ тақырып. Табиғат әлемі мен адамзат арасындағы қарым-қатынасты Д.Лондон, Э.Хемингуэй сияқты шетел жазушылары белгілі шығармаларына арқау етсе, орыс әдебиетінде Л.Толстой, И.Тургенов, В.Распутин, В.Астафьев, Г.Тропольский сияқты жазушылар қалам тартқан.

Жалпы әдебиетте пейзаждың атқаратын көркемдік қызметі әр алуан. К.Паустовский: «Прозада пейзаж тек заттардың фоны ретінде ғана емес, кейіпкер ретінде қарастырылуы тиіс, әйтпесе ол қарабайыр болады» [13; 138] деп жазады. Шығармадағы пейзаждың көркемдік қызметінің осындай бір қырын М.Әуезовтің «Көксерек» повесінен көруге болады.

Жазушы бұл шығармасында табиғат пен адам қарым-қатынасын философиялық тұрғыдан қарастырады. Соңғы кездегі көптеген философиялық шығармалардың бір ерекшелігі – жануарлар әлемі өкілінің адамдармен қатар, тең дәрежеде

көрінуі. Яғни, олардың ішкі жан-дүниесі, психологиясы арқылы сыртқы дүниеге, адамға деген көзқарастарын, түсінігін беруі.

«Көксерек» повесі Э.Хеменгуэй, Дж.Лондон, Сетон-Томсон сияқты аты шулы әлем әдебиетінің белді өкілдерінің шығармаларымен тең түсе алады. Өзі бес саусағындай білетін, күнделікті болып жататын тірлік суретін көрсеткен шығарманың жоғары бағаға ие болып, оқырман үшін жаңалық болу себебі неде? Қарап отырсақ, өзі төсінде туып-өскен табиғатты, өз елінің тұрмыс-тіршілігін жан-жақты көрсету кез келген жазушының қолынан келуі тиіс.

Жазушы шеберлігінің, суреткер дарынының бір сыналар тұсы – кейіпкер образын жасауда. Шындығында да кейіпкердің бүкіл жан-дүниесін, мінез-құлқын көркем сөз арқылы суреттеу, оны қайткен күнде де дара тұлға, типтік бейне етіп көрсету жазушы үшін үлкен сын. Жазушы осы мақсатта теңеу, салыстыру, айналадағы заттар мен құбылыстарды адам образына балау сияқты түрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Адам өзін жер бетіндегі құдірет, бүкіл тіршіліктің иесі деп ойласа да, жазушы оның бейнесін ашуда жер бетіндегі барлық жан-жануарлармен салыстыруға жол табады. Озбыр, қорқау адам қасқырмен, қу адам түлкімен, айбатты адам арыстанмен, жуас адам қоймен, тұрпайы адам шошқамен, қылықсыз адам итпен т.т. салыстырыла суреттеледі. Адам бейнесін шығармада бақашаян, құрт-құмырсқамен де салыстырып жатады. Мұның бәрі де бізге ертеден таныс шығармалардағы көрінетін адам мен табиғат өкілдері, тіршілік иелері арасындағы қатыс, байланыс. Ғалым Ә.Хайдаров сөзімен айтқанда: «Бұл адам баласының табиғатпен бірге туып, біте қайнасқан сонау балаң дәуірінен қалған әсер, көркем сөз дәстүріне айналған ұғым, түсінік, шынайы өмір шындығы» [14; 48].

Осындай жан-жануарлардың бір қырынан ғана бейнеленетін бұрыннан келе жатқан ескі соқпағын М.Әуезов бұзды. Реалистік әдебиеттің жақсы сабақтарына ден қойған жазушының шығармаларының басқалардан артықшылығы да, ерекшелігі де, жаңашылдығы да осында. Бұл туралы белгілі әдебиетші-ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Р.Нұрғали: «Әлемдік мәдениетке қазақ халқы қандай көркемдік игіліктер

қосты дегенде, ауызға алынар есімнің бірі – М.Әуезов. Ол әлемдік құбылыс. Әуезов – ғасырлар бойы жиналып келген қазақ топырағындағы асыл құнарлардың жарқырап қайта көрінуінің үлгісі. Ауыз әдебиетіндегі сарындар, мотив, идея, тіл өрнектері, бояулар Әуезов дүкенінде қайта жаңғырды. Қазақтың реалистік әдебиетіндегі халықтық арнадан, ұлы Абай алдынан нәр алған М.Әуезов қазақ әдебиетіне реалистік дәстүрлердің тереңдеп сіңгенін танытты», - дейді [15;36].

Бұл шығарма туралы А.Нұрқатов: «М.Әуезовтің алғашқы кездегі туындылары ішінен оның суреткерлік құдіретін қапысыз танытқан шығармаларының бірі – «Көксерек». Тілінің ғажайып көркемдігі мен қисапсыз молдығы, әсіресе бейнелік қуаты жағынан бұл повесті жазушының тек кейін кемеліне келген кезінде жазған шығармаларымен ғана салыстыруға болады» десе [16; 140], орыс жазушысы А.Брагин: «Көксерек» - керемет новелла. Бұған дейін кім қасқыр қылықтарын дала адамының өткір көзқарасымен жіті бақылап, дәл бере алды? Чехов па? Джек Лондон ба? Әуезов олардан кейін жазды және бәсекеге түсуге әбден лайық. «Көксеректі» оқып отырып, мен Мұхтарды жұмыс бөлмесінде емес, далада елестеттім» - деп жоғары байғалайды [17].

Кезінде «Көксеректегі» адам мен табиғат арасындағы үндестік пен қарама-қайшылықты бейнелеген жазушының идеясын бұрмалап, теріс сарында жазылды деушілер де болды. Бұл тұста ең алдымен, белгілі әдебиетші С.Мұқановтың «Көксеректі» жан-жақты талдаған еңбегін айтуымызға болады [18]. Сондай-ақ кейіннен жазушының бұл шығармасы төңірегінде М.Әдібаев [19], Р.Нұрғали [20], Т.Жұртбаев [21], А.Нұрқатов [16], Ә.Дербісалин [22] сияқты әдебиет зерттеушілері түрлі пікірлер айтты. Т.Жұртбаев шығарманың жазылу тарихын сөз етсе, Р.Нұрғали «Көксеректі» тарата отырып талдайды.

Кезінде дау туғызып, теріс сарындар басым деген пікірлер айтылып, өз бағасын ала алмаған «Көксерек» жазушы талантының, шеберлігінің қаншалықты жоғары екенін танытады. Шығарма көп ізденістің жемісі екені көрініп тұр. Бұл көлемі шағын болса да, повестің қатарына қосуға әбден болатын

терең мағыналы, айтар ойы жан-жақты философиялық шығарма. Шығармада қысқа да болса түгелдей бір өмір қамтылады. Соның барлық жай-жапсары, даму желісі, шыңына жетіп барып күрт аяқталуы мейлінше тартымды және өте шебер суреттелген. Даланың әсемдігі мен азабын, ыстығы мен суығын, қуанышы мен қайғысын көрген қазақ ауылының тіршілігі тізбектеліп көз алдыңнан өтіп жатады. Десек те, әдебиетімізде М.Әуезовтің бірде-бір әңгімесіне немесе повесіне «Көксерек» сияқты көп еңбек жазылған жоқ деуге болады. Кезінде бұл шығарма өте көп қарама-қайшы пікірлерге ие болған. Сондай пікірлердің бірі белгілі жазушы С.Мұқановтың «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» деп аталатын кітабында айтылған. Кітаптың «Ұлтшыл, байшыл дәуірдің акын-жазушылары» деген тарауында ол «Көксеректі» жан-жақты сынға алады.

«Әңгіме өте терең астармен жазылған. Қанша қазғанмен ішінен айқын мағынаны ашу қиын. Біздің айтарымыз жалғыз-ақ, Мұхтар мұны жазғанда қасқырды аң қып алып отырған жоқ, адам қып алып отыр. Өйткені, Көксеректе мақсат бар. Сол мақсатқа ұмтылушылық, өз мақсатын ұмытпаушылық, түптеушілік бар. Қасқыр атаулының малға шабатыны, шаруаға зиян істейтіні анық. Бірақ ол адам емес, аң» [18;7] дей келе, жазушының қасқырды саналы түрде көрсетуін теріс санайды. Оның ойынша, М.Әуезов қасқыр арқылы қара ниет, қоғамға қарсы адамды көрсеткен.

Жазушының өз қоғамындағы көрген шындығын, тебіренген жайды көркем шығармасында беруі заңды құбылыс. Сонымен бірге, қаламгер шығармасындағы айтылған ойды өз ойынан шығармайды, негізге алар себеп болары сөзсіз. Сол сияқты жазушы сол шындықты жеткізуде түрлі көркемдік әдістер қолданатыны белгілі. Сондықтан да бұл жерде жазушының өз ойын хайуанға сезім, ақыл-ой бере отырып жеткізуі өзіне тән стильдік ерекшелік болуы мүмкін.

Ал С.Мұқанов өз еңбегінде шығарманы теріс сарында жазылған деп түсіндіреді. Көксеректің әр іс-әрекетін ашып көрсете білген. Ол мына жолдардан көрінеді: «Мұхтардың саяси бағытымен қарағанда бұл қара ниет (Көксерек), ескі заманша айтсақ, отаршыл үкімет болар еді. Бірақ ол үкімет қазақтан

тәрбие алып, қазақтың қолында өскен жоқ. Мұхтардың бір дұшпаны осы еді.

Мұхтардың екінші дұшпаны бәлшебектер, бәлшебек басқарған еңбекші тап. Біз Көксеректі осыған келе ме дей береміз. Өйткені еңбекші тапқа қазақтың еңбекшілері де қосылады ғой. Мұхтарша еңбекшілерді тәрбиелеген «ел» еді. Сол өзін тәрбиелегенді «қасқырлар» (бәлшебектер) ақырында өзін жеді.

Осы жорамал дұрысқа жата береді. Көксерек өлді, бәлшебек әлі тірі. Көксеректі Мұхтар, егер еңбекші тап деп ойласа, оны өлтіруі алдағы мақсатының елесі болуға тиіс.

Мұхтарша Көксеректі асырағанмен дос болмады. Ол дұшпандығын істейді. Мұхтардың адамнан дұшпаны еңбекші тап болса, еңбекші таптың тап тартысын Мұхтарлар аңшылық деп түсінсе, еңбекші тап та Мұхтарша қанша асырағанмен ел болмайды. Жобамен айтқанда Көксеректе осындай сыр болуы керек.

«Көксеректі» таза аңшылық қызығынан алынған әңгіме деуге болмайды. Мұнда үлкен саяси астар бар. Бұл әңгіме Мұхтардың байшылдық пікірінің қорытындысы болуға керек. Сол қорытындыны еңбекші тапқа білдірмей жырлау үшін, ол ішкі мазмұнын астардан астарға көшіп, байқатпай отыр. Таза аңшылықты сипаттап адам өміріне араластырмау көбіне күйректікпен байланысты болады. Мұндай күйректіктен жігер шықпайды. Аяғы жылау, уайымдаумен, не мағынасыз күлкімен бітеді. Жігер, қайрат онда болмайды. Көксеректе олай емес. Мұнда қаптап тұрған ерлік пен қайрат, талап, жігер, мақсат» [18;7].

Міне, шығармаға осылайша сипаттама берген. Әрине, сол кездегі саясаттың өзі сондай тырнақ астынан кір іздейтін жағдайда болғаны белгілі. Сондықтан да әдебиетші өз дәуіріндегі шындыққа лайық тұрғыда талдаған.

Ә.Нұрпейісов өзінің көркемдік күші мен калориті жағынан Дж.Лондонның «Ақазуымен» салыстыруға болатын «Көксеректе» еркіндік жырланатынын айтады. Ал, М.Әдібаев Көксерек еркіндіктің символы ретінде қолданылады деген

пікірімен келіспейді [23]. Оның ойынша М.Әуезов гуманист жазушы ретінде сатқындықты сынайды.

Осындай алуан түрлі пікірге ие болған шығарма бүгінгі таңда өз бағасын алып, әлемдік әдебиеттің озық үлгілерімен бір қатарда тұра алады. «Көксеректің» жазылу тарихын Т.Жұртбаев өз еңбегінде кеңінен толығымен жазған. Ал Р.Нұрғали: «Әуезов «Көксерегі» – реалистік әдебиет дәстүрі тудырған мотивтерді шеберлік палитрасындағы сан алуан бояулар мүмкіндігін өз мұратына орай өнерпаздықпен жаңғырту арқылы жазылған жаңа тынысты шығарма. Автор шағын көлемге мол мағына сыйдырған. Бейнелеп отырған болмыстың қыр-сырын бажайлай таныған суреткер зады ежіктеуден, мыжыма тәптіштеуден бойын аулақ салып, жинақылыққа, тамшы арқылы көл суретін, тас арқылы тау кеспірін елестетуді эстетикалық мұрат тұтқан. Бұл образ табиғатына сандық белгіден гөрі сапалық ерекшелік хас екендігін айқындап, әсемдіктің гармонияға, симметрияға, тұтастыққа кіндіктестігін тағы да тиянақтай түседі» [24;150] дей келе, шығарманы жан-жақты талдайды.

А.Нұрқатов, Ә.Дербісәлин сияқты әдебиетшілер де М.Әуезовтің шеберлігіне тоқталады. Сонымен қатар Ы.Дүйсенбаев /«Қарышты қадам, сәтті сапар»/ [25], Ә.Ғалымқызы /«Әңгіменің хас шебері»/ [26], Д.Омаров /«Көксеректің кінәсі бар ма?»/ [27], З.Әкімжанов /«Көресіні көрген Көксерек»/ [28], Х.Әдібаев /«Асыл ойдан, жасық қайдан»/ [23], Т.Жұртбаев /«Аңыз ба, ақиқат па?»/ [23], Р.Жанғожиндар /«Дәуір перзенті»/ [30] өз мақалаларында шығарманың көркемдік ерекшеліктеріне, жазушының шеберлігіне жан-жақты тоқталады.

Біздің ойымызша мұндай әртүрлі пікірлердің болуы М.Әуезов шығармасында көтерілген мәселенің күрделілігі мен тереңдігіне байланысты.

«Көксерек» әлем әдебиетінің осы бағыттағы Джек Лондон, Эрнест Хемингуэй, Эдгар По, Марсель Пруст шығармаларымен көркемдік шеберлігі жағынан шығармашылық бәсекеге түсе алатыны даусыз. Повесті оқығанда әсіресе, Канада жазушысы С.Томсеннің «Винипег қасқыры» мен ағылшын жазушысы Дж.Лондонның «Ақ азуы» арасындағы

ұқсастықтарды бірден байқауға болады. Э.Сетон-Томсен өзі аңшы болғандықтан, өз шығармаларындағы деректердің бәрін қолмен ұстап, көзбен көрген. Сол себепті де оның шығармаларында жан-жануарлар тірлігі еш өзгеріссіз, өте шебер дәл суреттеледі. Бірақ шығарма шынайы сипатта ғана жазылған, терең философиялық толғам көрінбейді. Шығармадағы жан-жануарлардың өмірін жазушы өз атынан баяндайды, олардың ойы, сезімі берілмейді.

Ал Джек Лондон шығармаларында адам мен табиғат, адам мен хайуанат арасындағы қарым-қатынас жан-жақты суреттеледі. Оның кітаптары американ әдебиетіне, сонымен қатар әлем әдебиетіне белгілі бір мөлшерде айтарлықтай жаңалық алып келді. Жазушының жануарлар психологиясына, олардың өміріне, тұрмысына терең бойлай білуі таң қалдырады. Оның әңгіме, повестеріндегі әрбір ит, әрбір қасқыр жеке психологиялық тебіреністер арқылы жасалған, автордың өзіндік стилін танытады. Оның хайуанаттар туралы шығармаларында гуманистік сарындар басым. Жазушының осындай әлем әдебиетінде санаулы туындылар қатарынан саналатын шығармаларының бірі – «Ақ азу» романы. Қасқырлар дүниесінен жан-жақты хабар беретін бұл романда адам мен табиғат арасындағы бітіспес күрес шебер көрсетіледі. Бұл көрініс қақаған аязда қасқыр қамаған меңіреу далада ит жеккен шанамен жолға шыққан екеудің, яғни қасқырға жем болған Билл мен қанды ауыз қоршауында жаны үшін арпалысқан Генридің басынан өткізгендері арқылы беріледі. Шығармада қасқырлар әлемі дүниеге жаңа келген қасқырдың күшігінің дамуы арқылы суреттеледі. Оның көзін ашқаннан бастап дүниеге деген көзқарасы, түсінігі, ойы рет-ретімен тізбектелік беріледі. Сонымен қатар, қасқырлар өміріндегі түрлі айқас заңдылықтардан да хабардар боламыз.

Шығарманың «Көксеректен» бір айырмашылығы – бұл адам қолына түскен Ақазу бар дүниені өзіне бағындыратын ие – адам екенін түсінеді, оны мойындайтындай. Иттердің қаншама қыспақ көріп, мойнын шынжыр кесіп, ашу-кегі қайнаса да өз иесіне адал, оған берілген, иесі үшін жанын қиюға дайын. Шығарма негізінен адамның бар тіршілік атаулының иесі

екенін, оның мейірімі, қандай көкжал, жыртқыш болса да қасқырдың жүрегін жібіткенін білдіретіндей.

Р.Нұрғали: «Дж.Лондон қасқыр тірлігін суреттеу арқылы зұлмат орта моралін айыптап, адамдар арасындағы қым-қиғаш сырларға емеурін жасап, мегзеу, әсірелеу арқылы ішіне от тастайды, сезімнің, ойың тұтанып жүре береді», - дейді [24; 150].

М.Әуезовтің «Көксерегін» оқығанда осы шығармалар еске түскенмен, олардағы айырмашылықтар да көрініп отырады. Бір тақырыпқа бірнеше жазушы шығарма жазуы мүмкін. Бірақ олардың әрқайсысының айтар ойы, көздеген мақсаты, стилі әртүрлі. Тіпті бір оқиғаны әркім өзінше ұғып, өзінше сипаттауы мүмкін. Әрине, кез келген шығармасына керекті деректерді жан-жақты зерттеп, мүмкіндігінше өз көзімен көруге тырысатын, жазуға үлкен дайындықпен келетін жазушының мұндай белгілі шығармамен таныс екендігі сөзсіз. М.Әуезовтің «Көксеректі» жазуына олардың ықпалы тиюі де мүмкін. Бірақ ой болса болды, сюжет, бейне, тіл өзінен-өзі туа қалады дегенді, әрине, тағы айтуға болмайды.

Т.Нұрмағамбетов: «Таланттылық дегеннің өзі осылардың бәрі жымдасып келгенде, тұтас әрі өміршең дүние туып, ол дүниенің өз құдіретімен оқушыны байлап-матап тырп еткізбей тастауында» екендігін айтады. Міне, М.Әуезовтің «Көксерегі» осындай таланттылықтың жемісі.

Шығарманың өмірден алынатындығы даусыз. Бірақ өмірден алынған материалды пайдалану әр жазушыда әртүрлі болуы мүмкін. Таза көркем шығарма үшін өмірден көрген, істегенді жазып шығу аз.

Т.Жұртбаев: «Әрине, Мұхтар өмірдегі оқиғаны, болмысты, жай көріністерді, адамның характерлерін сол қазқалпында баяндаса, творчествоның мыс қазанында қайнатпаса, жазушының интуициясына берілмесе, әдебиеттің биік талабына сай көркемдік шешім таппаса – «Көксерек» осындай классикалық шығарма дәрежесіне көтерілмес еді» - дейді [21; 200-206].

«Көксерек» повесінің бір ерекшелігі – қазақ әдебиеті тарихында экология, адамгершілік тақырыбына жазылған тұңғыш туындылардың бірі екендігі.

«Қарадырдың қарағанды сайы елсіз. Айналада қабат-қабат шұбат адырлар. Жақын төбелердің барлығын аласа боз қараған тобылғы басқан. Сай бойында май айының салқын лебі еседі. Бастары көгеріп, бүрленіп қалған қалың қараған жел лебімен сыбдыр-сыбдыр қағып, теңселіп, ырғалып қояды. Маңайдан жуалардың, жас шөптердің исі келеді» деп Қарадыр сайының құлпырған табиғатын суреттеуен басталатын повесть сегіз тармақтан тұрады. Әр тармақта әр түрлі баяндау, суреттеу тәсілдері қолданылған.

Шығарма басында сол жерде мекендеген қасқырлардың тағылық тіршілігінен де хабар береді. Дүниеге жаңа келген күшіктерімен жатқан екі қасқырдың қорғансыз жас қозыны жем қылуының берілуі де тегін емес.

«Қозы екі қомағай ауыздың кергісінде қан жоса болып дар-дар айрылды, сырт-сырт етіп жас сүйек сынды. Қапаш-құпаш қорқ-қорқ етіп қомағай қанды ауыздар асайды. Тұмсығы мен бастары, мойын жүндері қып-қызыл болған қасқырдың жасыл көздері от шашады» деген сипаттауды оқығанда-ақ денең тітіркенеді. Жазушы әу бастан қасқырдың өзіне тән тағылығын, жыртқыштығын ескерткендей. Осындай өмір сүру заңдылығы бар жыртқыштың бір сәттегі әрекетін беру арқылы сақтандырады. Бұл көріністер қатқыл табиғат алда болар бір ащы күйді білдіріп, соған дайындағандай. Әрі қарай табиғат суреті азайып, психологиялық сипаттама беріледі. «Ін үстінде мүйіз тұяқтар тасырлап, дүбірлетіп келді. Айқай дабыр молайды. Бірі үстіне бірі келіп, жиын көбейді. Жерге ат үстінен тастаған ағаштар сарт-сұрт түсіп жатты. Ін аузынан екі аяқтылар жыбырлады. Көргіш көздер ін аузына қадалды». Бұл қасқырдың түйсігі арқылы берілген көрініс. Екі аяқтылар қасқырдың бес күшігін өлтіріп, біреуінің тірсегін қиып, ең кенжесін алып кетеді. Бұл екі қасқырдың ызасын тудырады. Артынша олар маңайдағы ауылдың малына тиіп, у-шу қылады. Бұл адамдардың табиғатқа жасаған зұлымдығына, қиянатына жыртқыштардың тағылық жауабының бір көрінісі тәрізді. Жазушы шығармада үнемі Адам-қасқыр-қоршаған орта – үшеуін тығыз байланыста бейнелейді.

Кішкентай Құрмаш қолына түскен Көксеректің өсуін суреттегенде жазушы оның шынайы өсіп-дамуына ғана тоқталмай, мінез ерекшеліктеріне, сыртқы ықпал әсерінен болған жайларға баса назар аударады. Шығармада түз тағысының адамдармен қарым-қатынасы, адамның Көксерек түсінбейтін мінез-құлқы, ауыл иттерінен көрген қорлығы, осыдан оның бойында пайда болған ыза-кегі, долылық сезімі жан-жақты көрсетіледі. Өзін адамның төсегіне алып жатып мәпелеп, итаяққа ас құйып: «Іш» деп тұра, өзіне бермегенді жегені үшін ұратыны, ауыл иттерінен көрген зәбірі бөлтірікті ызаландырды, ол бірте-бірте қорықпай иттерге тап беретін болады. Қара ала төбетке қарсы шығып, жеңеді. Бірде Көксерек қойға шапқан қасқырдың ізінен еріп кетеді. Бұл оның адамнан алғашқы жеруі еді. Бұл Көксерекке жат қылық емес. Иен далада еркін өмір сүретін қырдың дүлей перзентінің бостандыққа ұмтылуы, өз ортасын іздеуі заңды құбылыс. Сонымен қатар, Көксеректің кетуіне ішіне шөмен болып қатқан үлкен иттерден, қатын-қалаштан көрген жәбір-жапасы да себепкер болады. Табиғатты күштеп бағындыруға болмайды, оның да өз заңдылығы бар. Онымен санасу керек.

Небір тағыларды үйреткенде ақыл-айла, іскерлік, білгірлікке қоса, адамның онымен жылы қарым-қатынасы да қажет. Ал жалғыз Құрмаштың қамқорлығы, мейірімі Көксерек үшін аздық етеді. Бірақ ол өз тобына бірден қосыла алмайды. Аты қасқыр болғанмен, өзге ортада өскен Көксерекке қасқырлар тобына қосылып, сіңіп кету оңай болмайды. Ауылға үш рет келіп, үш рет кетті. Оның ауылға оралған кездегі түрі: «Бұл келгенде Көксерек екі бүйірі суалып ашыққан, өзінің үсті-басы батпақ болып сыбағысқан сабалақ жүдеу пішінмен келді» деп суреттеледі. Бірақ жазушы оның қасқырлар тобымен кездескені туралы кеңінен айтпайды. Осылайша келіп кетіп жүрген Көксерек соңғысында тұқымын сезіп адамдардан мүлде кетеді. Алғашында жалғыз жортқан ол қойға шабуға ауыл иттерінен қаймықты. Аштық қысып, табанын суық қарыған Көксерек көкке қарап, аузын ашқанда ішінен зор дауыс шықты. Бұл оның тұқымына ұқсап алғаш ұлығы еді. Көксеректің алғаш ұлуы –

оның адамдар ортасынан өз тұқымдастарына кетуінің арасын білдіріп, бөліп тұрғандай.

Өз бетінше өмір сүруге көшкен ол басынан әрбір қиыншылық өткен сайын ысылып, ширай түседі. Осының бәріне де адамдар кінәлі деп, адамға деген өшпенділігі, ыза-кегі күн сайын арта түседі. Ішінен алғаш рет шыққан дауыс оны Ақ қасқырмен табыстырды. Енді олар екеулеп малға ауыз сала бастайды. Көксерек те өзінің жыртқыштық тегіне тартып, адамдардан қорықпайтын болды. Жаз шыға Қарадыр аулы екі қасқырдан құтылады. Екі қасқыр адам көзінен таса жайға орналасты. Көксерек басқа жақты торыды. Ақ қасқыр күшіктеді. Көксерек оған жем таситын болды. Көп ұзамай екеуі бірігіп жортатын болды. Осылайша өз бетінше өмір сүріп жатқан қасқырдың тыныштығын тағы да адамдар бұзды. Олар тағы да қасқыр інін ойрандап, күшіктің бірін жарымжан қалдырып, қалғанын алып кетті. Адамдардың бұл ісі қасқырдың жанын жаралады, арыды, жалғыз қаңғып кететін, аш қалатын күндері болды. Көп ұзамай, екі қасқыр Қарадыр елін қан қақсатып, қиянатқа қиянатпен жауап берді.

Бір күні зор қуғында Көксерек серігінен айрылды. Қайғысы жанына батқан ол жалғыз жортты, қатты құтырды, ауылдың малын қырды. Бірде аштықтан жер тарпып, ұлыған оның даусына бір топ қасқыр келіп қосылады. Енді Көксерек топтанып алып жылқыға шабатынды шығарды. Сөйтіп, Көксерек жыртқыш аңға айналды. Ұлысып табысқан қасқырлар тобында топ басшысы Көкшолақтан басқа Көксерек ығатын ешкім жоқ. Қарындары тоқ, жемтік көп кезде бұл екеуінің жұбы жазылмайды. Ал ашыққанда олар бір-біріне көзін алартып, қолға түскен аз олжаға таласып қалатын болды. Көксеректің алғашқы құрбандығы – Алатөбет болып еді. Енді міне, ақыры жемге таласқан Көксерек Көкшолақты жер жастандырады. Шығармадағы Көкшолақпен тартысты оқығанда жаның түршігеді. «Тамағынан қапсыра қысып буындырып алып, мойын сүйегін қырт-қырт шайнайды. Көкшолақтың аузы арандай ашылып, тынысы құрып, тыпырлауға шамасы келмей қалды. Сол уақытта артқы қасқырлар топырлап келіп жетіп, Көкшолаққа ауыз салысты. Былбырап аққан қызыл қанның иісі

аш қасқырларға мас қылғандай белгі берген еді. Шаптан, қолтықтан, жалаңаш төстен мықты, өткір тістер жұлқып-жұлқып тартқанда, Көкшолақтың қаны жосылып ағып, ішінен бұрқырап бу да шықты. Бұл арада бар ауыз түгелімен жабылып кетіп еді. Аз уақытта Көкшолақтан будыраған жүн мен төрт табан ғана қалды».

Дүние кезек деген осы. Кеше өздерін қорғап, басшы болып, ішер ас тауып беріп жүрген Көкшолақты араларынан шыққан одан да мықтының соңына еріп жарып тастады. Көксеректен де күшті шықса, ол да Көкшолақтың кебін кимесіне кім кепіл.

Шығарманың төртінші тармағының жартысынан бастап, бесінші, алтыншы тармақтар Көксеректің жыртқыш ретіндегі жортуылдарын бейнелейді. Бұл жердегі көріністің көбі Көксеректің көзімен көрсетіліп, түйсігі арқылы беріледі.

Жолға бел буып, қарақшы қалпына түскен Көксеректің түйелі адам оғынан жаралануы оның ызасын ушықтыра түседі. Өзге қасқырлар бір бөлек, бұл бір бөлек кетіп, тағы да жалғыз қалды. Жарасы жанына батты, аштық қысты. Арада бірнеше күн өтті. Бір жылқыны бір күн азық етті, тыңайды. Тағы жортты.

Жорта-жорта ауылдан алыс емес, шашыла жайылған қойдың үстінен шықты. Жыртқыш бақташы баланы елемейді де. Бір мезгілде жотасына сарт етіп тиген ағаш оны ызыландырады. Оның төзімі, шыдамы осы сәтте шегіне жеткендей, ол баланы бас салады. Бұл бала өзін бөлтірік кезінен асырап, қолымен тамақтандырып, қойнына алып жатқан иесі – Құрмаш еді.

Көксеректің бұл қылығы – адамның өзіне жасаған қиянатына, зұлымдығына деген жауабы тәрізді. Не нәрсенің де шегі болады. Адамға деген ыза-кегі, ашуы біріне-бірі қосыла келіп, ақыры күнәсіз сәбидің өліміне алып келеді.

Адамзат түз тағысына осынша қиянат жасамай, жанашырлық көрсетіп, өздерін дер кезінде тоқтатқанда, мұндай қайғыға ұшырамас па еді? Қасқыр түз тағысы жыртқыш болғанмен, ол да тіршілік иесі. Адам қалай қайғырып қиналса, онда да сондай сезім бар екендігі шығармада анық көрінеді. Жазушы қасқыр әлемін, жан-дүниесін, күйзелісін шебер бергендігі сонша шығарманы оқығанда, бейкүнә сәбиді өлтірген

Көксеректі бірден кінәлай алмайсың. Себебі қасқырдың адамдар тарапынан көрген мейірімсіздігін, оның жанындағы арпалысты, күйзелісті өзінің түйсігі арқылы нанымды етіп суреттеген. Жазушы Көксеректің бұл қылығын әбден пісіріп, шегіне жеткен, басқа амалы жоқ, мәжбүрліктен туған қадам ретінде көрсетеді. Басқаша болуы мүмкін де емес сияқты. Мұнымен кейбір әдебиет зерттеушілері де келіседі. Көксеректің бұл ісі туралы профессор Р.Нұрғали былай дейді: «Психологиялық жағынан ол қандай қылыққа басса да сенімді, қойға шаба ма, жылқы жара ма, бәрібір. Ондырмасы анық. Көзін ашар-ашпастан иттерден көрген қорлығы, еріксіздік, Аққасқырдай серігінен айрылу, суық, қатыгез даладағы кезбе тірлік, жанын көзіне көрсеткен у қорғасын – осының бәрі жиылып кеп, бұған ата-бабалар қанымен берілген қаныпезерлік қосылғанда, Көксеректің қойшы балаға шаппауы – қолдан жасалған қадам болар еді» [24; 153].

Ал Д.Омаров өз мақаласында: «табиғат заңдылығының кемелдігіне және өзгеруге мүмкін еместігіне, оның мүлтіксіз орындалатынына тағы да көңіл бөлейік. Қасқыр Көксерек өзінің табиғи болмысын өзгерте алмай, Құрмаш адамдар жіберген тағы бір қателіктің құрбаны болды. Өзінің инстинкті бойынша өмір сүретін қасқырдың табиғатын бұзуы мүмкін емес. Сондықтан Көксеректі кінәлау табиғатты кінәлаумен бірдей. Табиғат адамдарға өздерінің жасаған қателіктерін әрдайым көзге шұқығандай етіп ап-анық көрсетіп отырады» деп Көксеректің әрекеті өз табиғатына сай, мәжбүрліктен туған қадам екенін көрсетіп, адамның өздерін кінәлі санаса, Ә.Ғалымқызы да шығарманың мазмұнында оқиғаны тізумен ғана шектелмей, табиғатқа адам тарапынан жасалған қаталдыққа қарсы оқушы наразылығын ояту жағы да қарастырылатынын айтады. Адам хайуаннан жыртқышқа зұлымдық, жәбір көрсете алатындығымен артық еместігін айтқан И.Қрамов пікірі де осыны құптайтындай.

Бұл тұста: «Табиғат – қандай да бір заңдылық». Орындалмаса, тіршілік, оның ішінде адамзат тіршілігі де болуы мүмкін емес. Оны бұзсаңыз, тағы да соншалық заңды үкім орнайды, яғни ол кезде тек заң бұзушы ғана емес, сонымен бірге төреші де, демек сол Табиғаттың өзі де апат болады» [10] деген

С.Залыгиннің пікірімен әбден келісуге болады. Бұл пікірлер қандай да болмасын зұлымдық, қиянат жауапсыз қалмайды дегенге саяды. Жазушының да айтар ойы осы тәрізді.

Адам баласы басқа жан иелерінен артық жаратылған. Бұл артықшылық – оларға берілген ерекше ақыл-ес пен ерікте. Бұл бүкіл жан иелерінің арасындағы жетілудің жоғарғы деңгейінде тұрған адамзатқа берілген ерекше мүмкіншілік. Адам оны дұрыс пайдалану арқылы өзінің болмысын түсіне алады. Ал хайуанаттарда ондай мүмкіншілік жоқ. Адам мен хайуанның арасындағы негізгі айырмашылық та осы. «Малда да бар жан мен тән, ақыл мен сезім болмаса», - деген сөзінде Абай мал мен адамның айырмашылығын анықтай түседі.

М.Әуезов шығармасында адамдардың өздерінің ақыл-істері мен еріктерін дұрыс пайдаланбаудың салдарын беріп отыр. Адамдар қасқырдан өздерінің артықшылықтарын пайдаланып, бөлтірікті үйге алып келіп, оны өздерінің ермегіне, не болмаса басқа пайдасына асырмақ болды. Олар бөлтіріктен өскен сайын өзінің болмысына қарай бара жатқанын көрсе де, кішкене Құрмаштың ырқына көніп, табиғатқа қарсы әрекет жасайды. Ал Құрмаш – әлі өзінің сезімін ауыздықтай алмайтын сәби. Құрмаш Көксеректі өсіріп, иттің орнына пайдаланбақ болды. Бірақ қасқыр ит бола алмайды. Екеуі де хайуан болса да, ол екеуінің табиғаты екі түрлі. Екеуінің айырмасы шығармада салыстырмалы түрде үнемі көрініп отырды.

Жабайы аңдар үй хайуанаттарымен салыстырғанда табиғат қыспағына көбірек түседі. Повесте бұл Көксеректің талай рет аштыққа, суыққа ұрынғаны арқылы көрінеді. Ал Көксерек қолда болғанда да екі рет тамақ ішіп, жылы жерде ұйықтады. Үнемі қолда болған иттерден тұқымы жабайы Көксеректің дамуы төмен екені повесте анық жазылады. Құрмаш қанша тәрбиелесе де, Көксерек ұрлық пен адал істің айырмасы не екенін ұға алмады. Біресе өздері беріп тұрып: «же», - дейді. Біресе сондай тамақты өзі тауып алып жеп жатса, ұрып салады. Мұның өзі Көксеректі адамдарға өшіктіріп, одан сайын оны жат мінез етпеді. Ал иттің ұрлықтан тартынатыны белгілі. Ол тіпті, таяқ жегеннің өзінде де өз кінәсін біледі, әдетте, адамдарға кек сақтамайды. Көксеректің қасқырға тән

мінез-құлқы былай көрсетіледі: «Түнде қозының құйрығын иіскелеп жүреді. Қойды үркіте береді. Түнде даланы жақсы көреді. Иттен қорыққанынан ғана үйде жатады». Құрмаш бұлардың бәріне мән бермейді. Қойдың иісі Көксеректі еліте мас қылса, Көксеректің иісі қойларды қорқытып, олардың есін шығарады. Бұл олардың табиғи болмыстарына байланысты, өзгерту мүмкін емес.

Көксеректе басқа жанды жақсы көру деген сезім өте әлсіз. Құрмашқа тамақ беру үшін шақырғанда ғана келеді. Оның өзінде адамды жақын тарту немесе оның көңілін аулау деген сезім жоқ. Ал иттердің қылығы бөлек екені белгілі. Оларға өзінің иесіне қызмет ету, оның көңілін аулап, еркелеу сияқты қасиеттер тән. Бірақ ит күш жағынан көбінесе қасқырдан әлсіз болып келеді. М.Әуезов ауылда көп иттің қасқырға жем болғанын жазады. Ал қара төбет Көксеректі қанша таласа да оны өлтіру дәрежесіне апарған жоқ. Тек оған жазасын бергендей ғана болады. Иттердің қасқырлардан күш жағы төмен болса да, түсінік жағы жоғары. Ит өзінің міндетін орындауға ұмтылып, иесіне жақсылық жасауға тырысады. Итте қасқырға қарағанда өзінің иесіне деген сүйіспеншілік, қызмет ету, өзінің міндетін түсіну, адамдардың қуаныш-қайғы сезімдерімен алмасу болады. Ал адамдар бұл айырмашылықтарды естен шығармау керек.

Даму деңгейіне байланысты әрбір жан иесінің өзіндік өмір сүру ортасы болуы керек. Сонда ғана ол табиғи жағынан жетіле алады. Мысалы, Көксерек қолда болғанда: «Әлі күнге бір рет жадырап ойнап көрген емес. Татулық жоқ, суық. Жалғыз-ақ атын біледі. Құрмаш пен әжесі шақырса, келеді» деп жазады жазушы. Ал өз үйіріне қосылғанда жадырап, секіріп ойнап кеткені, сонымен бірге тез қонданып, семіріп, күш алғаны айтылады. Табиғат заңдылығына қол сұғып, адамдардың өз сезімдері үшін оны өзгертпек болуы үлкен кесепатқа апарып соқты. Көксерек те өзінің болмысына байланысты әрекет жасады. Сондықтан ол кінәлі емес. Адамның шектен тыс қылықтарына жауап, бір тыйым болуы керек. Құрмаштың өлімі оларға берілген жаза, сабақ тәрізді. Қандай да болмасын зұлымдық жауапсыз болмайды. Осы арқылы жазушы адамдардың өзіне келер қауіптен, жамандықтан

сақтандырғандай. Ол үшін табиғаттың басқа тіршілік иелерімен де санасу керек, қорғай білу керек, сол арқылы өздеріне келер апаттың алдын алмақ. Сонда өздері қазған орға өздері түспейді. Бұл жерде М.Әуезов әрбір жан иесінің өзіндік болмыс, өмір сүру ортасы болатынына, оны бұзбау керектігіне тағы көңіл аударады. Сол арқылы адамдарды ойлануға, қоршаған ортаны қорғауға, мейірімділікке шақырады.

Жазушы Көксеректің Құрмашқа шабуын бейнелегенде үлкен шеберлік көрсете білген. «Үстіне гүрілдеп қасқыр төніп келгенде, көзі бір ашылып, бір жұмылады. Басына таман арандай ашылып келе жатқан ауыздың жоғарғы жағында өзіне таныс құлақ көрінеді. Сол жақтағы тілік құлақтың жартысы салпылдап тұр. Ақырғы сезген-білгені сол. Содан әрі баланың үні өшті. Қасқырдың аузы тиместен бұрын өліп кетті». Көксеректің бұрынғы жемтіктеріне шапқанда қандай күйде болады, қалай мерт қылды бәрі айтылатын. Құрмашқа ұмтылған қасқырдың нендей халде екені шығармада көрсетілмейді. Себебі бұл жерде бала мен қасқыр – шығармадағы ескі достар жау ретінде көрінеді. Бұл жерде тек кінәсіз, қорғансыз Құрмаштың өлім төніп келе жатқандағы қалі ғана суреттеледі. Кеше өзі бауырына басқан бөлтірік бұған бүгін ажал болып төнді. Сонда жақсылықтың, адамгершіліктің қарымтасы қайтпағаны ма?

Д.Омаров бұл жас балаға қасқыр асырауға болмайтынын түсіндіріп, көндіре алмаған, оған дұрыс түсінік бере алмаған үлкендерді кінәлі санайды, соның салдарынан өздері зардап шеккендігін айтады. Шындығында да қасқыр үшін адамдардың бәрі бірдей еді. Оның түйсігінде адамдар туралы «екі аяқтылар» деген ғана ұғым бар тәрізді. Көксеректің Құрмашқа шапқандағы күйін суреттемеуі де, яғни оның бойындағы айтарлықтай өзгерістің болмауы да осында жатса керек. Сондықтан да Көксерек өзіне қиянат жасаған адамдардың кінәсіз сәбиін өлтіру арқылы кек алады.

Шындығында баланың өлуі – бар жағдайдың шешімі. Оның өліміне бәрінен бұрын далада қалыптасқан адам мен табиғат арасындағы мәңгілік қайшылық, күрес заңдылығы кінәлі. Жазушы шығармада адам қоғамы мен хайуанат дүниесі арасындағы бітіспес күресті көрсетеді. Олардың арасындағы

қарым-қатынастың бұзылуы, адамзаттың ойланбай жасаған әрекеті үлкен жоғалуға, яғни адамдардың өзін-өзі жоюына, болашағына балта шабуына әкеліп соқтыруы мүмкін деген философиялық терең мағына жатыр. Сонымен қатар, жазушының Құрмашты «қасқыр аузы тиместен бұрын өліп кетті» деуінің де бір сыры бар. Адамдардың ойланбай істеген әрекетіне өз өмірімен жауап берген Құрмаштың Көксерекке деген сенімін жоққа шығарғысы келмейтін тәрізді. Жақсылықтың жауабы кейде осындай боларын, өмірдегі кейбір әділетсіз болмыстарды сәби жүрегі сезіп, суынбай-ақ қойсын дегендей. Құрмаш сол пәк, ештеңеден бейхабар күйінде, Көксеректің өзіне жасаған қиянатын көрместен бұрын көз жұмды. Құрбан болғанымен, оның Көксерекке деген өшпенділігі, жек көруі туындаған жоқ. Шығарманың осындай бір сөйлемі арқылы да жазушы оқырманға түрлі ой салады. Өзі тізіп айтып жатпаса да, бір сөзден сан түрлі ой өрбіп, біріне-бірі кимелеп жатады. Бұл жерде орыс әдебиетшісі С.Залыгиннің Ш.Айтматов шығармасын талдай келе, оған байланысты: «Ол әлі де бар болмысымен табиғи, ол табиғат жаратылысы және оның қулық-сұмдықсыз көрінісі, оған адамдық қылықтар мен әдеттер енді-енді ғана дари бастаған, ол үшін кез келген зұлымдық, зорлық-зомбылық та, алдаушылық та түсініксіз және шынайы емес, ол өзін-өзі қорғай алмайды және ондай қажеттілікті сезінбейді де. Міне, сондықтан да ол қайғылы жағдайда қаза табады» [31;87] деген пікірін құптауға болады.

Көп сынға ұшыраған шығарманың қазіргі таңда әлем әдебиетіндегі озық таңдаулы шығармалар қатарынан табылуы да оның осындай ерекшеліктерінде екендігі сөзсіз.

Шығармада адам мен табиғат арасындағы қарама-қайшылық суреттеле отырып, олардың бір-біріне тәуелділігі баса көрсетіледі. Жазушы адам мен табиғат қарым-қатынасын суреттеуде қасқырды табиғат өкілі ретінде алады. Көксерек арқылы табиғаттың адамға деген көзқарасының қандай дәрежеде екенін жеткізеді. Қасқырға адамша ойлау қасиетін бере отырып, сезімін, түйсігін нанымды суреттейді.

А.Тайжановтың: «Сезім – адам санасының саңылауы, ол адамның өзінің басқа адамдарға, өзін қоршаған айналасындағы

дүниеге - табиғат жаратылысына қатынасы білдіретін және оны бейнелейтін психикалық процесс. Сезімдер мазмұн жағынан сан алуан түрге бөлінеді. Адамның табиғатына тән түрлі сезімдердің ішінен жазушының айрықша бөліп көрсететіні – кейіпкерлердің жан шындығы, жан диалектикасы» [32;178] дегенін ескерсек, хайуанның сезімін беру, соны адамға жеткізу қаншалықты таланттылықты, шеберлікті қажет ететіні айтпай-ақ түсінікті. Жазушы табиғат туралы ойлай отырып, алдымен адамның табиғатқа қарым-қатынасын көрсетеді, сосын табиғатты жандандыра отырып, онымен адамды салыстырады. Бұл шығармадағы жазушының шеберлігін айта келіп Ә.Дербісәлин: «Көксеректің тұтқын болып келген көк күшік күйінен бүкіл бір өңір елді шулатқан даланың жойқын тағы-жыртқышына айналу қалпын суреттеуде оқушының осы қалай екен деген дүлдәмалын тудыратын бірде-бір шүбәлі көрініс кездеспейді. Күшік кезінде өзге иттердің тісі батып, қинап бара жатқанның өзінде «дыбыссыз ғана езуін ырситумен тоқталатын Көксерек көз алдында өсіп, шектен шыққан кекшіл де ашулылығымен, тоңмойын ерлігімен ерекшелене түседі», - дейді [22; 85].

Шығарма сюжеті Құрмаштың өлімімен тиянақталып тұр. Повесті осымен бітті деп те ойлауға болады. Бірақ жазушы олай істемейді. Ол өзінің жетер мұратын, алға қойған мақсатын анықтай түскісі келеді. Адамдар зұлымдығына Көксерек Құрмаш өлімімен жауап берсе, енді Көксеректің озбырлығын да жауапсыз қалдырғысы келмейді. Кез келген зұлымдық, жамандық жауапсыз болмайды деген ойды нақтылай түскісі келеді. Ешкімге дес бермеген жыртқыш Аққасқа тазының қолынан өледі. Шығармада Аққасқа туралы, оның әрекет қимылы көп суреттелмейді, жай соғып кетеді. Оның есесіне шығарманың соңында Көксеректің ізіне түсуі өте әсерлі баяндалған. Талай иттің, қасқырдың мойнын бұрап, сүйегін сатырлатып шайнаған, малға қырғидай тиетін Көксеректің әлі де осал еместігін осы соңғы тарауда тағы да көрсетеді. Бірақ Аққасқа тазыдан асып түсе алмайды. Жазушы нағыз құмай тазының қасиетін, ерлігін, өжеттігін, дене бітімін, аңшылық негізінде психологиясын, түр-сипатын соқталы оқиға арқылы өте шебер және нанымды, сонымен қатар шабытпен бейнелейді.

Бір-бірінен кем түспей, ұзаққа созылған арпалыстың соңындағы Аққасқаның Көксеректі шалуы шығармада былай суреттелген: «Қозданған қан толқынып кеп, тағы бір дем басқа шыққанда, Аққасқа қарсы алдында арандай ашылып тұрған ауызға сақ еткізіп тістерін салып жіберді. Бұл қасқырдың төменгі тістері мен тілін қоса шайнағанда, қасқырдың жоғарғы азулары Аққасқаның тұмсығының екі жағынан жоғарғы ұрттарына келіп, кірш-кірш кірді».

Шығарманың жазылу тарихына байланысты деректерге сүйенсек, осы шығармадағы асқан шеберлікпен, шабытпен әңгімеленген Аққасқаның М.Әуезов өмірінде өзіндік тарихы болған. Бұл туралы жазушының досы Ә.Марғұлан: «Мұхаң қасқыр алатын тазыларға құмартып жүргенде аңшылық суретін айтып отырғандарым аса ұнайтын еді. Содан кейін ол кісінің Аққасқа тазыларға құмартуы ерекше болды. Бұл кезде Әбікей Сәтпаевтың көмегімен аққасқаның бір өжеті Шыңғыс тауына келіп жеткен еді. Оның үш қасқыр алды деген даңқы көп жерге тарап, бұл әңгіме Мұханның аққасқа тұқымына құмарлығын одан гөрі асыра түсірді» [21; 204] - дей келе, өзінің М.Әуезовке қасқыр алатын иттің екі тұқымын жеткізіп беруге уәде еткенін, иттерді әкелуде қандай қиындықтарға ұшырағанын сөз етеді. Соңында: «Қыстың күні екі тазыны қызық еткен Мұхаң олармен қасқыр аулап жүргенде елдің малына тыным бермеген көкжал қасқырға кездесіп, оны ғажайып түрде өз көзімен алдырады. Мұхаң Ленинградқа келген соң екі аққасқаның көкжалды қалай сығып өлтіргенін тамаша әңгіме етіп айтып жүрді. Кейін оны «Көксереке» деген әңгімеде пайдаланды», - дейді.

Аққасқа туралы тағы бір үзік сырды оның ағасы айтады. Ол да Мұхтардың Аққасқа, Сарқасқа деген иттерді алғызғандығы туралы айта келіп: «Аққасқаны Ағзам жетегіне алып, Мұхтар екеуміз де жараулы атқа мініп, талай аңға шыққанымыз, бірнеше көкжал қасқырды қуғанымыз, қызығына әбден батып, соққанымыз бар. Аққасқаның иісшілі-ай! Иісті сезді дегенше, екі көзі оттай жанып, құйрығын қыса түсіп, жер-көкте тұра алмайтын жануар. Ағзам тұмшылдықты сыпырса болды, Аққасқа алды-артына қарамай кеп зымырайды. Біз де ұмтыламыз. Екі-үш қырдан асып кеткен Аққасқаның артынан

шапқылай қуа жүріп, зорға жеткенімізде көкжалды алқымынан шайнай, айқасып тұрғанын талай көргенбіз. Сол көріністі Мұхтар «Көксерек» әңгімесінде дәлме-дәл келтірген», - дейді [21; 205].

Бұл әңгімелер «Көксеректің» өмірлік негізі бар екенін тағы да нақтылай түседі. Көкжал бөрі – Көксеректің түбіне Аққасқаның жетуінің де мәні бар. Жазушы өзі жақсы көретін тазысын бөріден де мықты, азулы, алымды етіп суреттеген. Соңғы Аққасқа төбеттің түздің беті қайтпаған ұлы күшін кейіптейтін Көксеректі жеңуімен аяқталатын шығармада адамды ауыр мұңға салатын көрініс бар. Ол Құрмаштың әжесінің келіп боздап:

- Қуарған-ай, неңді алып ем?!.. Не жазып едім?.. Бауырына салып өсіргеннен басқа не қып еді, менің құлыным?!.. - деп елді тегіс еңіретіп Көксеректі басқа тебуі. Міне шығарма осылайша аяқталады. Ана кесігі – Көксеректі басқа тебуі. Жазушының айтар ойы, мақсаты да осында жатса керек. «Адам қолында өскен, бірақ адамға қиянат еткен, оның ет бауырын езіп, жара салған көкжал сол адам қолынан өлім тапты» [33; 154].

Жазушы өз ойын, мақсатын оқырманға жеткізу үшін, өз кейіпкері ретінде түз тағысы қасқырды алған. Табиғат пен адам арасында болып жататын қайшылықты неғұрлым нанымды көрсету үшін табиғат өкілі ретінде Көксеректі алып отыр. Повестегі адамша ойлап, адамша есте сақтау қабілеті берілген Көксерек жазушының адам мен табиғат арасындағы тепе-теңдіктің, адамзаттың өзіндік ерекшеліктерінің бұзылуы туралы ойын жеткізуде басқа кейіпкермен тең дәрежеде көрінеді.

«Жазушы қыр суреттерін тамаша таныммен кестенің бізіндей мінсіз тілмен әдемілеп баяндай келе, бұл дүниеде адамзат баласымен қатар тіршілік қылар өзгелей де табиғаттың жаратылысы барын білдіреді» [28].

Кейбір әдебиетшілеріміздің шығарма осындай трагедияға әкеліп соғуына адамдардың өздерін кінәлі санауымен келісе отырып, бір жақты ғана қарауға болмайды деп ойлаймыз. Екінші жағынан қанша жақсылық жасап, мәпелегенмен жыртқыштың аты – жыртқыш. Әрбір тіршілік иесінің өз қалыптасқан тұрмыс-тіршілігі бар. Бұл жерде Көксерек те өз

болмысына салып, озбырлыққа, зұлымдыққа барады. Жазушы осы ойды да айтқысы келеді. Бөрі бөрілігін істемей тынбайды дегенге келтіреді.

Повесте адамның ит-құсқа да табиғат перзенті ретіндегі парызы мен пайымы қатар сезіледі. Бала Құрмаштың бала Көксеректі паналатып, асырап-бағуындағы қимыл-әрекеттен адамдардың аңға да аяушылығы аңғарылады. Мүмкін жазушы түздің тағысынан үйретінді, икемге көнер, асырауға келер адам серігін шығаруға дейінгі бір әрекетті де ұқтырмақ болған шығар. Алайда бөлтіріктен бөрі болған Көксерек ақыры Құрмаштың өзін жарып тастап, адам ортасынан қашып, орынын орманнан тапқан тағылығына баққанын санаға жеткізеді.

3.Әкімжанов өз мақаласында бұл повесть түсіне, түбіне ой жүгірте оқыған әр пендеге рақымшылық пен риясыз сенгіштіктің, кең бейілдіктің айғағындай атойлап тұратындығын айтады. «Шығарманы оқығанда әрбір суретті қайыра бір толқытып өтіп, адамның мейірімге толы жылы шуақты сезімін дүлей күштің ұға бермейтініне тағы да бір мәрте көз жеткізесің», - дейді. Бұл пікірмен де келісуге болады. Әйтпесе тірсегі қиылған өзге туыстарындай емес, адамның бауырмалдық сезіміне бөленген Көксеректің бұл қылығы әділетсіз еді. Оның да санасында тек түз тағысының «толғамы» ғана бар екен. Шығармада «қайырым мен рақым қасқырға бітпеген ғой» деген де ой бар сияқты.

Ал Р.Жанғожин: «Бала мен бөлтірік арасындағы қатынасты баяндай отырып жазушы Адам мен Табиғат арасындағы күрделі қарым-қатынасты идеялық тұрғыдан емес, инстинктілік жауыздыққа дейін жеткізілген аянышты оқиға арқылы шешеді. Повестегі реалды кейіпкерлер сол арқылы тылсымы, ишарасы мол, философиялық терең астары бар образдар дәрежесіне жеткізілген. Бала бөлтірікті құтқарып, болашақта қорғаушым, досым болады деп бағып-қағады. Қасқырды аяусыз жауызға айналдырған қатал тірліктен бөліп алып, мейіріммен өз ырқыма көндірем деп ойлайды. Бірақ, табиғат бала ойлағандай оңай-оспаққа көне бермейді. Өз заңдылығына қайшы келетіндей жеңіл қарым-қатынасы үшін ол баланы өлім жазасымен жазалайды, өйткені табиғатты өзгертуге

тырысқан осындай жақсы қадамның өзі кейде оған орны толмастай өкініш әкелуі мүмкін. Баланы қасқыр, қасқырды аңшы өлтірді. Бірақ бәрібір әділеттілік салтанат құра алған жоқ. Тек тағдыр тәлкегіне ұшыраған кінәсіз екі тіршілік иесі мерт болды» деп жазады [30;183].

Қарап отырсақ, осы шағын ғана шығарманы оқып отырғанда бір ой бір ойды кимелеп, әр тарапқа тартады. Сондықтан да мұндай шығарманың қарама-қайшы пікірлерге толы болуы да заңды.

«Көксеректе» жазушы тірі табиғатты ала отырып, оған символдық, философиялық мән береді. Бұл шығармада табиғаттың берілуі адам образын тереңірек ашуға көмектеседі, сонымен бірге Көксерек өзіндік жеке образ дәрежесіне көтеріледі. Пейзаж мұнда шығарманың композициясымен тұтасып кетеді де, ортақ идеясын толғайды. Яғни, оның көркем кабатына енеді де, ажырамас тұтастықты құрайды.

Көксерек шығармада өзіндік кейіпкер ретінде көрінеді. Сол арқылы адам мінез-құлқының, іс-әрекетінің көп қырлары беріледі. Шығармадағы табиғат суретінің көркемдік қызметі де осында.

М.Әуезов шығармасы адам мен табиғат арасындағы мәселелерді шешпейді, тек оқырман алдына қояды. Адамдар мұндай қауіп-қатерден шығудың, болдырмаудың жолын өздері қарастыруы керек, соған сәйкес шара қабылдауы қажет екенін ескертеді. Жазушы үкім айтпайды, ол табиғат пен адам арасындағы байланыстырушы ғана.

«Образды ой символдық ойға, әуенді сарын үлкен идеяға ұласып, сахара топырағындағы шындықты қанық бояу, айқын калоритпен бейнелеген «Көксерек» бір әдебиет шеңберінен биіктеп көтеріліп, әлемдік жауһарлар қатарына қосылған» [24;154].

«Көксерек» повесі жазушының туған жер табиғатын, жан-жануарлар мінезінің құпиясын зердесіне терең сіңіріп, кең тоқығандығы, өз халқының тұрмыс-тірлігін ұңғыл-шұңғылына дейін толық меңгергендігімен құнды. Асқан пейзаж, өткір байқағыштық пен жануарлар тіршілігінің картинасын терең танытқыштық, авторлық өзіндік көзқарас, тілдің ықшам,

кестелілігі, повесті адам мен табиғат, адам мен жануарлар қарым-қатынасын зерттеген әлемдік әдебиеттің інжу-маржандарының қатарына көтерді. Әуезов повесі тақырыпты өткір шешуімен сезім терберлік әсерімен, интеллектуальдық өрнегімен дара көрінеді.

1.2 «Қараш-Қараш оқиғасы» және «Қилы заман» повестеріндегі психологиялық егіздеу

Жылдың төрт мезгіліндегі неше алуан суреттер күнделікті өмірде өзіндік сезініс, түйсініс, әсер-ықпал тудырады. Суретшілер осы құбылысты түрлі бояулар арқылы көрсетсе, сөз зергерлері тіл арқылы өрнектеп суреттейді, әсерлеп бейнелейді.

Пейзаж табиғаты теңеу, эпитет, метафора, салыстырулар психологиялық кезеңдермен қатар қойылып берілер болса, онда лирикалы көңіл-күй әсерінде келетін эмоциялық элементтер адам тағдырында болып жатқан оқиғалармен қабысып тұтас көркемдеуші құралға айналады. Осы тұрғыдан келсек, табиғат мінезді қалыптастырады. Ал осыларды жазушы қандай дәрежеде жеткізеді, әңгіме сонда. Бұл жағынан қарағанда М.Әуезовтің орны ерекше. Оның шығармаларының қай-қайсысында да қазақ даласының құлпырған көктемі мен жазы, боранды қысы, жауын-шашынды күзі мейлінше шебер көрінеді. Олар қай кез, қандай жағдайда да оқиғаның өрлеу, шарықтау барысына қарай құбылып, киюын таба пайдаланылады. Жазушы шығармасындағы әрбір көріністің тұтастығы, бірлігі айқын сезіліп тұрады. М.Әуезов табиғат құбылыстарын кейіпкерлерінің басынан өткен күйініш-сүйініш оқиға бірлігімен байланыстыра суреттегенде олардан құбылыстың сыртқы көрінісі ғана емес, ішкі мазмұны да ашылғандай әсерге бөлейді.

Әрине, пейзажды көркемдік әдіс ретінде шығармада қолдану Мұхтар Әуезовтен бастау алған дегенде, оған дейінгі немесе сол тұстағы ақын-жазушыларымыздың ешбірі табиғат көріністеріне тоқталмаған деуден аулақпыз.

Сонау ауыз әдебиетінен бастау алған пейзаждық әсем суреттеулер қазақ әдебиетінің Ыбырай, Шоқан, Абай сияқты негізін қалаушылар мен Ахмет, Жүсіпбек, Шәкәрім, Мағжан секілді белді өкілдерінің бәрінің де шығармаларынан орын алған. Олардың әрқайсысының табиғаттың сұлулығын бейнелеуде өзіндік ерекшеліктері бар.

Адам табиғаттың аясында туып-өскеннен кейін, оның іс-әрекеті, дүние-танымы, жан-дүниесі белгілі бір дәрежеде сыртқы ортамен үндесіп жататыны заңды құбылыс. Сондықтан

адамды зерттейтін көркем әдебиет үшін табиғат көрінісі, пейзаж маңызды компоненттердің бірі болып саналады.

Көптеген ғалымдардың дәлелдеуінше, реалистік әдебиетте эстетикалық ұғымда томаға-тұйық, дербес пейзаж болмайды деуге болады, олар ішкі және сыртқы өмірдің жалпы көріністерімен кірігіп, тұтасып жатады. Пейзаж кейіпкер өмір сүретін, қызмет ететін ортаны көрсетеді. Сонымен бірге, оның психологиялық жағдайын зерттейтін құрал тәрізді.

«Көксеректе» жанды табиғат алына отырып, үлкен философиялық, символдық мәнге ие болса, жазушының «Қараш-қараш оқиғасы», «Қилы заман» повестерінде табиғат суреті белгілі бір мөлшерде оқиға алаңы ретінде алынады. Енді бірде пейзаж кейіпкердің жан-дүниесімен психологиялық параллелизм түрінде беріле отырып, оқиғаның өрбуіне көмектеседі. Яғни, мұнда табиғат суреті мен кейіпкердің сезімі қос бұрымдай қатар өріліп жатады. Бұл – пейзаждың көркемдік қызметінің тағы бір қыры.

М.Әуезов шығармаларындағы табиғат суретінің кілемдей құлпырып берілетін ерекшелігіне байланысты З.Ахметов былай деп жазады: «...Әуезовте адамсыз пейзаж жоқ, табиғат болмысы – бұл әрдайым адам болмысы немесе үлкен адамдық мазмұнды білдіретін символ» [34;78].

Жазушының шығармаларында табиғат кейіпкердің мінез-құлқын, болмысын ашу құралы ретінде қызмет етеді. Пейзаж кейіпкердің жанындағы күймен үндестікте немесе қайшылықта көрінеді.

Жазушы өзінің айтар ойын оқырманға шығармалары арқылы, ондағы кейіпкерлері арқылы жеткізеді. Сондықтан да кейіпкер образын жасауда жазушының өзіндік шеберлігі үлкен рөл атқарады. Кейіпкердің сыртқы келбетінен бастап, оның көңіл-күйі, жан-дүниесі, психологиясы, қоршаған ортамен қарым-қатынасы сияқты тәсілдерді әр жазушы өзінше қолданады. Осындай тәсілдердің бірі – шығармада көркемдік суреттер, пейзаж араласып отыруы шығарманың көркемдігін арттырып, образдар бейнесінің ашыла, тереңдей түсуіне мүмкіндік береді. В.Шкловский: «Адам әдемілік дегенді көзімен көріп бағалайды, ал пейзаж көзбен көрінетін нәрсе, сондықтан

да ол әдемілікті білдіреді, ол әдеби шығармадан үнемі орын алып отыруы қажет», - дейді [35; 48].

Әр жазушы табиғатты шығармасында өзінше пайдаланады. Кей жазушыда пейзаж тіпті болмай, кейбіреуінде өте көп болуы мүмкін. Бір жазушы табиғат арқылы жыл мерзімін көрсетсе, біреуі кейіпкер бейнесін ашу үшін қолданады. Сонымен қатар кейіпкердің көңіл-күйі, жан-дүниесінің құбылыс сәттерін табиғатты қатарластыра суреттеу арқылы психологизмді терең жеткізу – ең жиі қолданылатын тәсілдердің бірі. Бұл кейіпкердің жан-дүниесіне терең бойлаудың бір жолы болып табылады.

М.Әуезовте бұл байланыс ерекше көрінеді. Жазушы шығармаларында табиғат көріністері мен кейіпкердің ішкі жан дүниесі, сезімі астасып жатады, ажырамас тұтастықты құрайды. Табиғат көрінісі болған оқиғаның мәнін өзінше түсіндіреді. Оқырманды алдағы қиындыққа, кейіпкер басынан кешер ауыртпашылықтың әлі алда екеніне алдын ала дайындайтын секілді.

Осылайша сырт қарағанда психологиялық тәсілден аулақ секілді көрінген пейзаж көрінісі кейіпкердің көңіл-күйімен, ой-сезім толғаныстарымен, оқиғаның дамуымен жанама түрде байланысты екенін көреміз. Бір жағынан пейзаж, табиғат суреті - дербес, тәуелсіз көрініс, екінші жағынан кейіпкердің жалпы көңіл күйін сипаттайды. Әйтсе де, пейзаж бағынышты элемент, сондықтан сыртқы дербестігіне қарамастан, оның көрінісінің ішкі мағынасы сол эпизодтың, сюжет бөлігінің, тіпті бүкіл шығарманың идеялық құрылымның өн бойында бірте-бірте ашылады.

Әр жазушының шығармасында пейзаждың атқаратын өзіндік қызметі бар. Солай десек те, табиғатты адам жанымен бірге салыстырып, бірде қоян-қолтық араластырып әр қырынан суреттеудің үлкен шеберлігі М.Әуезов шығармаларынан көрінеді. Жазушының табиғат суреттерін шығармасында қолдану шеберлігінің бір қырын «Көксерек» повесінен көрген болсақ, қоршаған орта құбылыстарын кейіпкер жанымен астастыра беру М.Әуезовтің әдебиетіміздегі пейзаждың атқаратын көркемдік қызметінің әкелген тағы бір қыры.

Әдебиетіміздегі психологиялық параллелизм әдісін кеңінен дамытқан жазушы өзінің көлемді шығармаларымен кішігірім әңгіме, повестеріне дейін пейзажды мейлінше мол, аса шебер қолданады. Табиғат көрінісі арқылы кейіпкер сырын психологиялық жағынан талдай отырып ашуда пейзаж жетекші рөл атқарады. С.Әшімбаев: «Психологиялық талдау дегеніміз өмірде болып жататын драмалық, трагедиялық, трагокомикалық жағдайлардың көркем шындыққа айналуына байланысты; адамның көңіл-күйіндегі күйініш пен сүйінішті, жан әлеміндегі буырқанған бұрқанысты, жүрек түкпіріндегі толқу мен тебіренуді, яғни болуы мүмкін шымыр да шынайы сезімдік құбылыстарды әрі жинақтап, әрі даралап суреттей отырып, сол адамдардың мінез-құлқын, рухани болмысын; қысқасы, психологиялық ішкі портретін монолог арқылы жазушының көз алдымызда елестету шеберлігі. Сонда ғана көркем образ өмірлік нақты тұлғаға, жалпы типке айналады» [36; 409] - дейді. Міне, Әуезов шығармаларынан осындай шеберлікті көруге болады.

Әдебиетші М.Әдібаев М.Әуезов шығармаларында пейзаждың көп қолданылуы, қайталануы тек қана еуропалық проза үлгісін пайдалануы емес, сонымен бірге жазба әдебиетте жоғалуға айналған эмоциональды-экспрессивтік бөлшектерді дамытуды қалауынан туғандығын айтады. Шығармадағы пейзаж суреті қысқаша да, ұзақ та болуы мүмкін. М.Әуезов шығармаларындағы пейзаж көбіне әрі ұзақ, әрі психологиялық тебіреніс, символдық астармен беріледі. Ә.Байтанаев: «М.Әуезовтің пейзаждарынан үш түрлі қасиеттердің бәрін көруге болады. Не ол пейзаж образ әрекетіне араласады, не ол әсерлі әдемі сурет болады, не ол пейзаж философиялық қорытынды жасатады. Немесе осылардың бір-екеуі қабат келеді» [37; 69] - дейді.

Жазушының «Қараш-қараш оқиғасы» және «Қилы заман» повестерінде адам мен табиғат арасындағы үндестікті шебер көрсете отырып, өз кейіпкерлері мен табиғаттың әсем суреттерін астастыра берудің үлкен үлгісін жасаған.

Қазақ әдебиеттану ғылымы көркем шығармадағы пейзаждың берілу шеберліктерін зерттеу барысында біршама жетістіктерге жетті деуге болады. Алдыңғы қатарлы әдебиет

зерттеушілері, ғалымдар жазушылар мен өнер қайраткерлерінің, соның ішінде олардың пейзажды беру шеберліктерін талдаған бірнеше зерттеу еңбектер жариялады. М.Әуезовтің шығармашылығын зерттей келе, А.Нұрқатов [33] жазушының өмірі мен шығармаларындағы ерекшеліктеріне толық тоқталып өтсе, З.Қабдолов [38] теориялық талдаулар жасайды. М.Қаратаев [39], С.Қирабаев [40], Е.Лизунова [41], Р.Бердібаев [42], Т.Кәкішев [43], Р.Нұрғали [2], Ш.Елеукенов [44], Ә.Байтанаев [37], Б.Майтанов [45], М.Әдібаев [46], З.Бисенғалилар [47] поэтикалық шыншылдығы, тіл шеберлігі, сөз қолданудағы жетістіктері мен көркемдеуші құралдарды пайдаланудағы ерекшеліктерін сөз етті. Мысалға Р.Бердібаев М.Әуезовтің көркемсөз өнеріне қосқан үлесін, жаңалығын көрсетеді де, соның бірі ретінде М.Әуезов шығармаларындағы табиғат суреттері туралы салмақты ойлар айтады.

Ә.Байтанаев та пейзажды қолдану М.Әуезовтің стилдік ерекшеліктерінің бірі екенін атап көрсетеді. Б.Майтанов, Р.Рүстембековалар [48] қазақ жазушыларының шығармаларындағы пейзажды қолдану кезіндегі ерекшеліктерін салыстыра қараса, А.Ишанов өз зерттеу еңбегінде шығармадағы пейзаждың кейіпкер портретін берудегі ерекшеліктерін ашып көрсетті.

Жалпы жазушының шығармаларындағы пейзажды қолдану ерекшеліктеріне С.Майлыбаева «М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы пейзаж» деген еңбегінде тоқталды [49]. Еңбекте пейзаждың өзіндік даму, өсу тарихы бар күрделі эстетикалық категория екендігін айқындай отырып, әдебиеттің осы саласында ғылыми бағыттарға тоқталып, методологиялық болжам, тұжырымдар жасалады. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясына тоқталмас бұрын әңгіме, повестеріне де талдау жасап, ондағы пейзаждың қызметін қысқаша болса да сөз етеді.

Жазушының бұл повестері Э.Серікқалиеваның /«Көркемөнердегі табиғат»/ [50], Р.Жанғожиннің /«Дәуір перзенті»/ [30], Ә.Әзиевтің /«Алғашқы кесек туынды»/ [51] мақалаларында да сөз болады.

Екі повесть те тарихи оқиға негізінде жазылған. Бұл туралы Т.Жұртбаевтың /«Бесігінді түзе...», «Талқы», «Бейуақ»/ еңбектерінде нақтылы деректер келтіріле отырып дәлелденеді.

М.Әуезовтің шығармаларындағы мұндай ерекшеліктерді талдау барысында көре аламыз. Мысалы, «Қараш-қараш оқиғасы» повесінде бұрынғы қазақ ауылының жайын көрсетуде өз кейіпкері Бақтығұлдың жанындағы иірімдерін табиғатпен астастыра отырып, психологиялық параллелизмнің теңдесі жоқ үлгісін танытқан.

Б.Сахариев: «Қараш-қараш оқиғасы» идеялық, тақырыптық құндылығы жағынан да, көркемдік ерекшеліктері жағынан да М.Әуезовтің алғашқы шығармаларының ішінде ерекше орын алады», - дейді [52; 25]. Бұл шығарманың идеялық-көркемдік жағынан жиырмасыншы жылдардағы Әуезов прозасының шоқтығы болып табылатындығын академик З.Қабдолов та атап көрсетеді.

Шығарманың кейіпкерлері шын өмірдегі тарихи адамдар екені белгілі. Шығармадағы Бақтығұл – Тұрар Рысқұловтың әкесі Рысқұл Жылқайдаров, Жарасбай – Шығыс Талғар болысының болыснайы Саймасай Үшкөмпіров еді. Бұған: «Әрине, Рысқұлдың кекті жортуылы ешқандай жылнамада басылған жоқ. Бірақ та сол жорықтың куәсі – ұлы Тұрар бар еді. Мұхтарға барлық жайды айтып берген де сол Тұрар Рысқұлов» дей келе, нақтылы архив деректеріне сүйене отырып егжей-тегжейлі зерттеген Т.Жұртбаевтың еңбегі дәлел бола алады. Сол сияқты профессор Р.Нұрғали де повестің өмірлік материалын берген адам белгілі мемлекет қайраткері – Тұрар Рысқұловтың өзі екендігі көпшілікке жақсы мәлім факті екенін айтып, нақтылай түседі.

Шығарманың кейіпкерлері өмірде болған адамдар, оқиға солардың өмірінен алынғандығына дәлелдер болғанымен, бір кезде кейбір әдебиетшілердің еңбектерінде шығарманың тарихи емес екендігі туралы айтылған пікірлер де кездеседі. Мысалы профессор Т.Нұртазин: «Қараш-қараш оқиғасы» өмірде болған адамдардың нақты іс-әрекетіне негізделіп жазылған тарихи шығарма емес, творчестволық фантазиямен пішіліп жасалған нәрсе», - дейді [53; 156]. Жоғарыдағы деректерге сүйенсек, бұл

пікірдің оншалықты көңілге қона қоймайтыны белгілі. Дегенмен, бұл пікір ертерек кезеңде айтылғандықтан, бұған Т.Жұртбаевтың келтірген нақтылы бұлтартпас деректерінің ол кезде әрі жарияланбауы себеп болса керек. Бұл сөзімізге профессор Ж.Дәдебаевтың: «Мұхтар Әуезов «Қилы заман», «Қараш-қараш оқиғасы» атты шығармаларын 20-шы жылдары жазды. Бұл шығармада қамтылатын уақыт, кезең оқиғалары автордың көз алдынан өтті деуге болады. Осыған байланысты, қазақ әдебиеттану ғылымында бұл шығармалардың тарихи табиғаты турасында ол тұстарда салмақты, байыпты пікір айтылған жоқ» [54; 7] деген сөзі негіз болады алады.

Жазушы кез келген шығармасына өмірлік деректі көшіріп пайдаланып қоймайды, шығарманың салмағы оны оқырманға жеткізудегі жазушының шеберлігіне, талантына байланысты. Сондықтан тарихи шығарма дегенде шығармада тарихта болған оқиғаны көшіріп қоймайды. Әрине, шығарма авторы үшін өз кейіпкерлерінің өмірбаяндық мәліметтерінің мәні ерекше жоғары екендігінде сөз жоқ. Дегенмен де ең толық деген өмірбаяндық мәліметтің өзі жазушы үшін аздық етеді. Себебі, өмірбаяндық деректер адамның өмір жолындағы белгілі бір кезеңдерді, олардың сәттік суретін ғана көрсетеді. Ал оның ішкі жан-дүниесін, ойлау, сезіну мәнерін, тіпті жақсы көру, жек көру сипаттарына дейін түгелдей оқырманға жеткізу жазушы үлесінде. Сондықтан да көркем шығарманың көркемдік-идеялық деңгейі жазушының шығармашылық ойлау сипатымен, дүниетанымы және суреткерлік шеберлігімен тығыз бірлікте анықталады. Шығармадағы кейіпкер жазушының творчестволық еңбегінің жемісі. Сонымен қатар, кейіпкер мен жазушы арасында жалпы көркемдік шығарма мен жазушы арасында көзге көріне бермейтін нәзік, бірақ нақты сабақтастық болады. Керекті мәліметтерді көркемдік шығармада тартымды да нанымды етіп бейнелеп, оқырман жүрегінен жоғары орынға ие болу жазушы шеберлігіне байланысты.

М.Әуезов «Қараш-қараш оқиғасы» повесінде өз кейіпкерлерін тарихи шындықпен байланыстыра отырып, олардың ішкі жанын, психологиясын терең ашып көрсетуде үлкен жетістікке жеткен. Шығармада бүкіл табиғат тылсымы

терең мағына, астарлы сырмен бейнеленеді. Өмірді реалистік шыншыл таза күйінде бастап, оны табиғатпен ұштастыра адамның рухани ішкі дүниесімен байланыстырады. Табиғаттың жұмбақ құбылыстары мен кейіпкер тағдырларының ашылуы шеберлікке байланысып жатыр. Осындай кезде неше алуан суреттер, мүсін, портреттер жасаумен шектелмей, психологиялық түйіндер жасауға дейін көтеріледі. Жазушы өз шығармасында психологиялық параллелизмнің теңдесі жоқ ерекше үлгісін ашуда үлкен шеберлік көрсеткен. Ол табиғаттың әрбір бөлшегін өз кейіпкерлерінің образына тікелей қатыстырып отырады. Пейзаждық көріністер бірде өзінің әсем бояуларымен жақсы көңіл-күй сыйласа, енді бірде қоңырқай тартқан суреттермен немесе жан шошытарлық ызғарлы ұсқынмен әсерлі. Пейзаждың кейіпкер тұлғасын жасаудағы философиялық мәнін жазушы еш уақытта есінен шығармай, әрі кейіпкердің психологиясымен тығыз байланыста алып отырады. Шығармада пейзаж бен Бақтығұлдың бірлігі, табиғаттың терең мағыналы сырының әсерлілігі әр қырынан ашыла түседі. Әсіресе, Бақтығұл өмірінің ауыр кезеңдері мен белгілі бір шешім қабылдаған сәттерін суреттегенде пейзаж кейіпкермен тұтасып кетеді. Жазушының бұл тәсілді қолданудағы шеберлігі туралы: «Домбыраның қос ішегіндей қатар тартылған табиғат пен Бақтығұл Әуезовтей суреткердің шеберлігімен адам жанының көңіл-күйінен тамаша сыр шертеді» [55; 108] - дейді Рүстембекова.

Бұл шығармада төңкерістен бұрынғы қазақ ауылындағы таптық, әлеуметтік теңсіздік пен тартыс бейнеленеді. Өздері жиырма жыл есігінде жүріп қызмет еткен Сәлмен байдың соққысынан ауру болып, қазаға ұшыраған бауырының өлімі Бақтығұлдың ызасын тудырады. Бұрын ештеңеге көңіл аудармаған ол енді әрекетке көшеді. Шығармада осы сәттен бастап табиғат суреттері кейіпкермен қоян-қолтық араласып суреттеледі. Шығарманың басында Бақтығұлдың өзіндік ойы, көзқарасы, алға қойған мақсаты жоқ екенін байқаймыз. Белгілі бір шешім қабылдағанда да мың толғанып, әрекетке көшкенімен, бойындағы үрей, қорқыныш, тартыну үнемі көрініп отыратыны сезіледі. Кейіпкердің өміріндегі тартыс, әділетсіздік

оны шындайды, шешім қабылдауға, тығырықтан шығар жол табуға итермелейді, мінез-құлқын қалыптастырады. Бақтығұл туралы Р.Бердібаев: «Бақтығұл тап тартысына саналы түрде түскен адам емес, намысы мен ерлігі жеке бастың көрген қорлығына жауап әрекет қана» десе, З.Қабдолов: «Повестің бас кейіпкері Бақтығұлдың ісі мен мінезі өзіне дейінгі өзі секілділерден өзгеше. Бұл – олар секілді өз тағдырының құлы емес, қожасы болуға ұмтылған адам. Өзі күрделі тип, бір өзінің басында бірнеше қайшылықтар, кереғар қарама-қайшылықтар тоғысып жатыр. Бақтығұлдың мінезі осы шытырманнан шығар жол табу әрекетінде, қимыл үстінде қалыптасады» [56; 69] - дейді.

Шығарманы оқып отырғанда осындай ой-пікір қалыптасары сөзсіз. Повесте Бақтығұл бойындағы осындай өзгерістердің бәрі табиғат суреттерімен астастырылып беріледі. Мың құбылған пейзаж. Ожар тауы – Бақтығұл өмірінің айнасындай. Жаңбырлы түн, қою қараңғылық, тау-тас, тіп-тік беткей, тар соқпақ – бәрі де Бақтығұлдың алдағы өмірінен хабар береді.

Інісі өлгеннен кейін Бақтығұл Сәлменнен оның кегін алуға бел буады. Тектіғұлдың қиянат соққыдан аурулы болып, мезгілсіз өлуі Бақтығұлды жаңа бір шешімге бастайды. Бірақ бұл істен кейін не болары белгісіз. Кейде тау қара түн, ақ жауынның ішінде дию, алып мекеніндей көрінеді. «Сыпсың қарағай жапқан түкті беттері жақын жерден қап-қара болып үңірейіп, қараңғылықтың түпсіз терең зынданы сияқтанады. Кей тұста екі-үш түкті тау мен қара жартасты биіктер бір араға түйісіп келіп, әлдебір обырдың қойнындай тұңғиық қара қолтық жасайды» деп, Бақтығұлдың бұлыңғыр болашағын білдіреді. «Қара» эпитетін қолдану арқылы жазушы бір жамандықты меңзеп, оның бойындағы үрей, қорқынышты сездірсе, екіншіде: «Тау ішінің жаңбырлы түні Бақтығұлдың көңілінде көптен шешілмей келе жатқан күдікті бір сәттің ішінде оп-оңай жазып жібергендей болды». Мол, ұлы тау. «Жетекке ал да бел асып, тоғайға батып кете бар» деп, сыбырлап, жетелеп тұрғандай» немесе «Бақтығұлдың ендігі ісіне қараңғы түн, тынымсыз жаңбырдың себі тиетін болды» деп, табиғатты Бақтығұл ісін

құптаушы, көмекшісі ретінде сипаттайды. Себебі, ол ұрпаққа емес, өзінің ұзақ жылғы адал еңбегінің өтемін алуға бара жатыр. Сондықтан да табиғат оның бұл ісін құптап тұрғандай. Дегенмен Бақтығұлдың осы іс-әрекетімен келіспейтін: «Ол өзінің осындай жүдеу, сорлы тағдырына көндікпеуді ойлайды. Бірақ ол теріс жолға түседі. Яғни, ол ұрлыққа беріледі, сөйтіп айлалы да жырынды қарақшыға айналады. Бірақ Бақтығұл бұдан опа таба алмайды» деген пікірлер де бар [33; 10].

Ал енді бұл жерде табиғаттың бірде Бақтығұл бойында үрей туғызып, бірде құптап, алға итермелеп мың құбылуының өзі Бақтығұлдың мінезін, оның бойындағы «осы іске барсам ба, бармасам ба?» деген құбылмалықты көрсетіп тұр.

Бай аулынан бөлініп көшіп, Сәлмен жылқысынан бір бие ұрлап союмен шектелген Бақтығұлдың алғашқы наразылығы сәтсіз аяқталады. Ұрлығы ашылып қалып, іргелі ауыл оның өзін жазалап, бір биенің құнын үш есе етіп өндіріп алады.

Жазушы Сәлменнің тепкісіне жығылған Бақтығұлдың есін жиған сәтін бергенде: «Таң атыпты. Тағы да сытырлап жүдеу жауын жауып тұр. Үй іші отсыз, сұп-сұр суық» дей келе қасында бүкшііп, екі көзін ыстық жаспен ісіріп, өзіне қарап отырған әйелінің де түсінің сұрланып жүдей түскенін суреттейді. Тағы да түнерген табиғат көрінісі. Шығармадағы үнемі себелеп жауып тұратын жауын да осы бір қиюы келмеген істі білдіріп, тұрмысы ауыр кедейдің көңілсіз тіршілігінен хабар беріп тұрғандай. Шарасы құрыған Сәлменнің «абақтыға жаптырам» деген ызалы сөзінен зәресі кеткен жалғыз үйлі кедей қолындағы барын тарту етіп, Сәт, Сәлмендермен бәсекелес болып жүрген көрші болыс Жарасбай аулынан пана іздейді.

Жазушы пейзаж арқылы алда болар оқиғаны үнемі мегзеп, білдіріп отырады. Өз кейіпкерінің басындағы ендігі болар жайды дөп басып айтпайды. Оқырманды табиғат суреті арқылы дайындап, әбден хабардар етіп алады. Шығарма барысында сол болжам орындалып отырады. Мысал ретінде пана іздеп Жарасбай болыс аулына келе жатқан кездегі суреттеуге назар аударайық: «Тауды жүндес бөстектей орай басқан көкшіл қалың қарағай, жүргінші соның ішіне келіп кірді. Тоқтаған жоқ, өрлей берді. Бірталай жүрген соң, қарағайдан шықты. Ар жағы қалың-

қалың заңғар биік серейген тектұр қызыл тастар. Тылсым бұғандай жым-жырт күйде мелшиіп қатып тұр. Атты ақырындатып, қабырғалай басқызып отырып, бір үлкен құз, қиын қызыл тастың ығына жақындап келді», - дейді. Осы көрініске тереңірек назар салып қарасақ, Бақтығұл артына тастап шыққан қалың қарағай арқылы оның артта қалған өмірін көрсетіп тұрғандай. Оның ар жағындағы көп қызыл тас – қолында билік бар би, болыстар тобы. Ал осының ішіндегі бір үлкен құз, қиын қызыл тас – Бақтығұлдың өзі паналап, ықтап келе жатқан Жарасбай болыстың өзі сияқты. Яғни жазушы Жарабайды құзға теңейді. Бақтығұлдың ақырындап ығына жақындап келгенін айтады. Сонымен дәл осы сәтте Бақтығұл үшін ең биік үміт осы – Жарасбай болыста екенін ұқтырғысы келеді. Ал құздың не екені, қандай болатыны бәрімізге, ол – өте қауіпті, одан құлаған адамның оңбасы да белгілі.

Әрі қарай: «Алдында үлкен құздың арғы беті ғана көрінеді. Ілгерілеген сайын тас қорған мұңқырайып, тереңдеп барады, ауданы да үлкейіп келеді. Қарсы бетте ешнәрсе көрінбейді» деп кейіпкердің болашақ тағдырына тағы да сілтеу береді.

Бұған қоса: «Буалдыр күнгірт күздің қазіргі күні кірлегендей болып салбырап, кіржиіп тұр. Сұр тонды, сұр түсті жүдеу мерген сұр тас пен түнерген аспанның түсіне боялып, қалың жым-жырттыққа қоса батқандай» деген күз айының суреті беріледі. Шығармада үнемі осылайша берілетін күздің құбылмалы, жаңбырлы, түнерген ауа-райы кейіпкердің көңіл-күйін білдіріп, образын ашуға себін тигізеді. Мұндай табиғат суреттерінің өзінен-ақ көңіліңді кір басады. Сұр тас, түнерген аспан Бақтығұлдың өміріндегі көмескілікті, ішіндегі болып жатқан ыза-кегін білдіретіндей.

Жарасбай аулынан пана тапқан Бақтығұл Жарасбай болысқа барынша беріліп, айтқанын екі етпей қызмет істейді. Оған өзінің қорғаушысы ретінде қарайды. Ал Жарасбай Бақтығұлды бәсекелес, өз ауылдарынан барымта қуып, мал ұрлап қайту сияқты ақыры қылмыспен тынатын небір қиын-қыстау жұмыстарға жұмсап, ұзақ уақыт қолшоқпар етеді.

Сайлау аяқталып, ру арасындағы алауыздық, қырғи-қабақтық бәсеңдеген кезде үстем тап өкілдері бірігеді, өзара табысады. Өз мақсатына жеткеннен кейін Жарасбай Сәлменмен бірігіп екеуі Бақтығұлдың соңына түседі. Жарасбай барымта мен ұрлықтың бар салмағын Бақтығұлға аударады. Сөйтіп бүкіл ел жуандары болып, Бақтығұлды абақтыға айдатуға үкім шығарды.

Өзі сеніп, арқа сүйеген Жарасбайдың бұл қылығы Бақтығұлдың би жуандарға деген сенімін жоғалтады, ыза-кек пайда болады. Өмірі осылайша сергелдеңге түскен ол балашағадан безіп, тау-тастан пана іздейді.

«Психологиялық талдау – қоғамдық құбылыстың шырқау шыңы – адамды, оның жанындағы сезімнің жықпылдары мен қат-қабат қалтарыстарын, шуағы мен ызғарын, ондағы қарама-қайшылықтарды дәл де нақтылық жағдайда зерттеудің тамаша тәсілі деп қорытынды жасауға болатын сияқты» [57; 408] деген С.Әшімбаев пікірін ескерсек, сол кейіпкер психологиясын Өуезовтің табиғат арқылы жеткізу мүмкіншілігінің сан қырлы ғажап сырына осы арадан бастап тереңдей береміз.

Бақтығұлды қоршаған тау-тас, гүрілдеген өзен тек қана табиғат суреті емес, оның жанындағы арпалыстың, өзегін өртеген күйіктің, бойындағы кектің символы ретінде көрінеді. Олар Бақтығұлдың жан тебіренісіне тікелей қатысты жанды тұлғалар бейнесінде араласады. Бұл жерде өткел бермес Талғар өзенінің дүлей күші кеңінен, терең мағына бере суреттеледі. Кейде шапшып құтырып, кейде бүктетіліп тулап, ойнақ салып жататын өзеннің көрінісі Бақтығұлдың ішіндегі арпалыспен қатар өріліп жатыр. Ізіне түскен жау қолына тірідей түскеннен өлімді артық көрген сәтте Бақтығұл осы өзенге қойып кетеді. Мұндай ойланып тұрар уақыт жоқ, тар кезеңдегі Бақтығұл халі: «Жаулық пен қатар құшағында қаусырмалап қысып келе жатқандай көрінді. Көп ойлануға уақыт қалған жоқ, жалғыз үміті не Талғар өткел беріп құтқарады, не өзі жұтып құтқарады – әйтеуір дұшпанға жоқ. Осындай не өлу, не құтылу сияқты бірақ қана түйіннің үстіне келді де құла атты қамшылап-қамшылап жіберіп, Талғардың өткеліне қойып кетті» деп суреттеледі. Осы жердегі Бақтығұлдың Талғар өзенінің құлдырап жүгіріп

аласұрып ашыққандай шапшып, секіріп, дыбысымен жер жарып басты қаңғыртқандай қатты толқынында өлім мен өмір арасындағы арпалысы шебер де нанымды суреттелген. Бірақ ол бұл қатерден жанындағы жалғыз серігі атынан айрылып аман қалады.

Бұдан соң ол ең соңғы қатал шешімге келеді. Ол – Жарасбайды өлтіру. Шығармада Бақтығұлдың қандай шешім қабылдағаны сипатталып айтылмайды, белгілі бір болжамдар арқылы білдіреді. Талғар өзенінен аман шыққан Бақтығұлдың белгілі жауын есіне алып: «Бәлем осыныңды ұмытпа!..» дегендей, Бақтығұлдың өзі құп-қу болып, көзіне қан толып кетті немесе әлденендей мақсатқа арнап, жол бойында қолайлы жерле қарастырып жүрген Бақтығұлдың: «Көзінде қанталаған қызыл бар. Сызданып қадалып әлдеқандай жарқ-жүрқ етеді» деуінен соңғы кезде қаны бұзылғандай болып, қатты өзгеріп кеткен Бақтығұлдың ойы, шешімі анық байқалатындай. Оның осы істемек ниеті бұрыннан ойлаған нәрсе емес еді. Бірақ та би-болыстардың істеген арамдығы, зорлық-зомбылығы шектен асып кетіп еді. Өздері итермелеген жаманшылыққа, пәлеге мұны кінәлі етіп, өздері жақсы, таза бола қалмақшы. Мұның бәрі Бақтығұлдың жанын жегідей жеді, ауыр тиді. Бірақ қанша қиналып, жанына батса да, кектеніп, зығыры қайнаса да шамасы келмейтінін сезіп, қашудан басқа айла таба алмаған еді. Әрине, мұндай іргелі елге жалғыз үй кірменің шамасы келмесі анық. Осылайша тағылық күн кешіп, әйел-баласынан безіп, тау-тасты паналап жүрген Бақтығұл өзін Талғардай өзенге әкеліп қамап, өлімнің аузына апарып тыққан жауына әбден өшікті. Бұрынғы бұрынғы ма, қуғын жиілеп, ізіне шөп салып, елсіз-күнсіз қу тасты да мекен еткізбейтін күнге жеткізген соң, осындай шешім қабылдауға бекінді. Не болса да Жарасбайды өлтіріп, кегін алып қалуға тырысқан Бақтығұл, өз ойын іске асыру үшін Қараш-қараш тауын мекендеп, ыңғайлы, қолайлы жер дайындайды. Осылай Жарасбай жолын күтіп жатырған Бақтығұлға өлім, адам қаны әр түрлі бейнеде елес береді. Жазушы осы сәттегі кейіпкердің психологиялық жағдайын тек қана пейзажбен қатарластыра, астастыра алады. Бұл тұстағы табиғат суреті де көңіліңді суытып, бір қайғыдан хабар бергендей.

«Күз аспаны кірлеп, мұнартып, алыстағы қарлы биіктердің басына сәлдедей бұлт оралып, томсарып, сұрланып тұр. Дүние иесіз-елсіз жым-жырт» дей келе, өзі белгілеген жол туралы: «Жаңа байқады: ол алыстан кең жол болып, өзге жерден ерекше жырылып айқындалып, қып-қызыл болып жатады екен. Аққан қан орны сияқты:

«Ұқсасаң-ұқса...» деді», - деп суреттейді. Енді бірде қарағайлар: «Кәрі алыптың көп жылдар қуарып жатқан өлігіндей болып, бетке сұлай жығылып жатыр. Әр жерде де сондай қуарып тозып жатқан өлім белгісі көрінеді», - дейді. Мұндағы жолдың қанға ұқсауынан алдағы болар жайды, яғни Бақтығұлдың келген шешімін ұғамыз. Бұл жердегі тау өңірінің пейзажы «өлім, өлім» деп тұрғандай әсер бергенмен, бұл өлім – өкініш туғызатын, аянышты өлім емес, жазықсыз жапа шегіп ашынған адамның әділ үкімі. Жазушы Бақтығұлдың шешімінің әділ екендігін табиғат суреттерімен астастырып ұқтырады. «Ұқсасаң - ұқса...» деген сөзінің өзі, оның осы ойға анық бекінгенін, нақты шешім қабылдағанын білдіретіндей, қойылған нүкте сияқты.

Сонымен бірге, жазушы Бақтығұл тартқан қасіретті күндердің куәсі болған тау құбылысының бұған қалай қарайтынын: «Бақтығұлдың нық бекінген ойына Ожардың қазіргі түсі: аянышты білмейтін қаталдықпен суынған, асау жаулық жайын сыбырлағандай болады. Бар көріністің ішінде көңіліне иек қағып дем берген айдаушы сол сияқты. Биік, суық, мұзды басынан күздің жүдеген сұр күнінің ортасында тіл келгендей. Тасты, мұзды суық табиғат бір ерекше жат жайын қимылды ыстық көріп, соны ашынып, жаланып тілегендей» деп немесе «Ожардың қарлы басының астынан көрінген жері қып-қызыл жалаңаш тас. Тақыр тас ерекше қызылданады» деп көрсетеді. Міне, бүкіл табиғат тылсымы озбырлықтан, әділетсіздіктен жапа шегіп, құрбаны болған, сергелдеңге түскен жанашыры жоқ жалғыздың үкімін құптайды. Ерекше қызылданып тұрған Ожар тауы да Жарасбайдың өлімін тілейтіндей. Қып-қызыл қан орны сияқты жол, Бақтығұлдың көзіндегі қызыл, қып-қызыл жалаңаш тас – өлімнің хабаршысындай. Шешуші сәтке келгенде денесі тоңазып, демі

дірілдеп, бойын үрей, қорқыныш билеген кезде оған қуат беріп қайраттандырған да — Ожардың басы. Бұл мезетте: «Суық түсті мұзды биік ақ бұлттай сәлдесін жазып, құлаш сілтеп нұсқағандай болды. Мұз тау мұның ішіне мұздай қайрат кіргізді» деп бейнелейді жазушы. Осылайша Ожардан қуат алған Бақтығұл күдіктің бәрін сыпырып тастап, Жарасбайға арнаған ажал оғын дайындап жатады. Осы жерде Ожар, мойнын созып еліріп қарасаң, «қарағай етектен тау басына қарай қашып бара жатқандай, бұл ойлаған ниеттен үркіп жосылғандай» көрінеді. Адам секілді табиғаттың да әрқайсысының өзіндік «мінезі» бар. Тауға тән қаталдық болса, қарағайлар өлімнен үріккендей басқаша мінезде көрсетіледі.

Шығарманың басынан аяғына дейін көркемдеу тәсілдерін осылайша құбылта өрнектеу нәтижесінде кейіпкердің іштей күйзелісін, арпалыс сәттерін асқан шеберлікпен жеткізеді. «Сары ағаштан айнала көрінетін қарағайы жоқ тақыр беттердің барлығы да үлкенді-кішілі кеуделеріне тау селінің айқын таңбасын басып алыпты: бәрінде де тау суы айғыз-айғыз қылып, тастарын ақситып, жар қылып сойып кеткен таңба бар» деп, үстем таптың өкілдері би-жуандардың жәбірінен, зорлық-зомбылығынан Бақтығұлдың жанына түскен таңбаны, жанының жарасын көрсетеді. Жазушының өзі де «Бұл көріністе: күшті екпіні бар қатты ағын ұлы тасқынды еске түсіріп, омыраулап ұмтылуға, шапшаңдап іс істеуге екілендіріп, жетелеп тұрғандай» дейді. Яғни, әбден шыдамы таусылып, ыза-кегі шегіне жеткен Бақтығұлдың бір шешім қабылдап, әрекетке көшуі тиіс екенін ұқтырады. Бүкіл табиғат соны құптап, Бақтығұлды итермелеп тұрғанын, құдды табиғаттың өзі сөйлеп тұрғандай әсерлі суреттейді. Мұндай көріністер оқырманның алдына түйдек-түйдек ойларды тартады. Бүкіл табиғатқа бірде жан бітіріп, енді бірде Бақтығұлдың ойымен қатарластыра психологиялық параллелизм түрінде суреттейді.

Шығарманың басында табиғат Бақтығұлдың ісін бірде қостап, бірде қарсыласқандай сыңай танытып отырса, шығарманың соңына қарай ол Бақтығұлдың барлық қасіретті тағдырына куә болып, онымен тұтасып кетеді. Сонымен бірге, жазушының повесте табиғат көрінісін беруде күз мезгілін алуы

да жайдан-жай емес. Жыл мезгілдерінің ішінде ауа-райы құбылмалы, үнемі түнеріп, сылбырап жаңбыр жауып көңілге көңілсіздік ұялататыны – күз. Сондықтан жазушы мұны да характер ашуға, кейіпкердің көңіл-күйіне сәйкес келтіреді.

Жазушы шығармадағы әр қырынан берілетін сүреңсіз күздің бояуын да, Бақтығұлды қоршаған пейзажды да «сұр», «қара» эпитеттері арқылы біркелкі бояумен терең мағыналы көрініс жасайды. Түнерген күз, сұр тастар, сұп-сұр суық өзі де «сұр тонды, сұр түсті» кейіпкердің ішіндегі қатып қалған кектің, жан толғанысының сипаты тәрізді. Ал қара түн, қап-қара болып үнірейіп, қараңғылықтың түпсіз терең зынданы сияктанған жер, қара жартастар, қара күз – бәрі де бір қорқынышты туғызып, болар жамандықты сездіріп тұр. Бақтығұл мен табиғаттың өзара түсініскен, сырласқан жерлері шын суреткерге, үлкен талант иесіне, ұлы жазушыға тән сезімталдықты танытады.

Ал Бақтығұл Жарасбайды өлтіргеннен кейінгі тағдырына жазушы табиғатты араластырмайды. Өйткені шығарманың идеясы ашылды, кейіпкер тұлғасы танылды. Көптен бері денесін басып жүрген дерт ызадан бір сәтте айыққан Бақтығұл көп кешікпей абақтыға түседі. Қаңғырып кеткен семьясынан Сейіт деген баласын қасына алады.

Шығарма соңындағы абақтыда отырған бұрынғыдай байдан көрген қорлыққа көніп, арқасын тосып отыра беретін кедей емес. Қазір оның бойында үстем тапқа деген қарсылық, өшпенділік, кек алу ниеті бар. Ол енді әшейін ат ұрлаушы, барымташы емес, өзін осыған мәжбүр еткен байларда кеткен есесі үшін кек алған әрекет адамы. Демек, Бақтығұл енді тіршілік үшін тартысып, әділдік үшін айқаса біледі. Әрине, Бақтығұл тұлғасының мұндай болып қалыптасуына өзінің ауыр тұрмысы, алданған үміті, қиындыққа толы өмірі алып келіп отыр.

Бақтығұл бейнесін осылай көрсете білген жазушы шығармасына үлкен мағына бере аяқтайды. Абақтыда отырып айдауда жүрген Апанас деген орыстан сауатын ашып, оң мен солын танып келе жатқан Сейітті болашақ ұрпақтың өкілі ретінде көрсетеді. Бірде Апанас баладан:

- «Сейітка, қалай, сен ауылды сағынады ма? - деп еді.

Сейіт:

- Жоқ! - деді.

- Неге? Абақты жақсы ма? - дегенде Сейіт шынымен Апанастың ашық көк көзіне барынша шынын айта қадала қарап:

- Ауылдан абақты жақсы, - деді».

Сол кездегі әділетсіздікке, қатыгездікке, қаныпезерлікке толы ауыл өмірінің адам үшін абақтыдан жаман екенін жазушы осы жас баланың аузымен айтқызады.

Осылайша шығарманың бас кейіпкері Бактығұл өмірі арқылы көрсетілген ауыл өмірінің жағдайының қаншалықты дәрежеде екендігін жазушы осы диалогпен одан әрі нақтылай түседі.

Осы шығарманың түйінін жеткізетін Сейіттің мінез-құлқынан жазушы шығарманың ішінде хабардар етеді. Шығармада жазушы Сейіттің болмысына ерекше тоқталып, сипаттап кетеді.

«Сейіт ала жаздай мынадай көп етті көрмей жүргендіктен, сүйсінсе де сыртына шығарып білдірген жоқ. Бұл бала әке мен шешенің қуаныш-қызығынан, көңілді-көңілсіз күйлерінен әрдайым әлденеден шеткерірек болатын. Кейді үй-іші томсарып, ашумен тыртысып отырғанда ол ерекше желігіп өз-өзінен көтеріліп, ойнап кетеді. Ал тағы бір кезде үй-іші мәз-мейрам болып отырғанда жабырқап, түнеріп, мең-зең боп үндемей қалатын да әдеті бар. Ондай күйлері болғанда алдына үйіп-төгіп қойған молшылықтың барлығы да оншалық әсер ете алмайтын. Қуана алмай қоңыр тартып, әке-шешесін ұғына алмағандай сазара қарап қалатын» деп таныстырылатын Сейіт, тағы бір-екі жерде әкесін таяққа жығып жатырған жуандарға қарсы ызаға толы күйде кектеніп ұмтылады. Осылайша жазушы өз шығармасының бар идеясын ашып берер кейіпкерін алдын-ала дайындайды. Бактығұл балаларының ішіндегі есейген, анау-мынаумен ісі жоқ Сейіттің бұл күйі сол ауыл өміріне деген ыза-кегі бар, әділетсіздікті күнде көріп өсіп келе жатқан салмақты ойы бар баланың ертеңге деген үмітін білдіреді.

Сөйтіп, «оқуға ұғымды, ерекше талапты момын қара бала болашақ заманның белгісіз бір жарығына осы абақты ішінде сенген көңілмен күн санап ер жетіп келе жатты» деп аяқталатын

повесть Бактығұл бармаған өрісті болжайтын, ол шешпеген жұмбақты қиялмен шешетін болашақ ұрпақ өсіп келе жатқаннан хабар береді. Шығарманың идеялық құндылығы да осында жатса керек.

М.Әуезовтің қазақ халқының буырқанған қайратын, күреске толы өмірін, іс-әрекетін көрсеткен шығармаларының бірі – «Қараш-қараш оқиғасы» болса, екіншісі – «Қилы заман» повесі. Бұл шығармада жазушы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының барысы, әділетсіздікке төзбей, ел бастап шыққан ерлердің бейнесін көрсеткен. Жазушының шығарма негізіне дәл осы оқиғаны таңдап алуы оның күрескер жандар тұлғасын жасау ниетінен туды.

1916 жылғы ұлт-азаттық күресті суреттейтін «Қилы заман» повесінде Алатау өңірінің көз тартар сұлу табиғаты құлпырта көрініс табады. Жазушының бұл шығармасының құндылығы сол – бұған дейін ұлт-азаттық көтерілістің шындығын жазған шығарманың болмағандығы. Бұл туынды түсінбеушіліктің салдарынан ұзақ уақыт баспа жүзін көрмей, жариялануына тыйым салынды.

М.Әуезовтің «Қилы заман» повесі 1928 жылы Қызылорда қаласында дербес кітап болып басылып шықты. Кітаптың алғы сөзінде жазушыны «аты басқа, заты бөлек, беті теріс» деп жазылған еді. Осындай сыни пікірлерге байланысты шығарма ұзақ уақыт сынға ұшырады. Шығармаға тіпті әдебиетіміздің белді өкілдерінің өзі теріс сарында жазылған деп баға берді. А.Нұрқатов: «Жиырмасыншы жылдарда М.Әуезов көптеген шағын әңгімелермен бірге кесек, көлемді шығармалар жазуға да талаптанды. Бірақ оның бұл тұстағы шығармаларының басым көпшілігі («Қаракөз» сияқты пьесасы мер «Қилы заман» повесі) жаңсақ бағытта жазылғандығын сенімді түрде айта келе: «Қилы заман» повесінде ол қазақ халқының 1916 жылғы қозғалысын бұрмалап суреттеді. Яғни, жазушы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысын қазақ халқының патша өкіметі жүргізіп келген отаршылық, талаушылық саясатына, сондай-ақ патшаның июнь жарлығына байланысты туған көтеріліс ретінде бейнеленеді. Сөйтіп ол тарихи оқиғалардың сипаты мен мәнін дұрыс аша алмады», [33;11] - дейді. Осы тектес пікірді С.Мұқанов та өз

еңбегінде айтады. Ол: «Рас, олар 16-жылды жазады. Бірақ 16-жылдың қаралы күнінде жазылған жоқ. Онан 10 жыл өткен соң жазды. Бұл бір. Екінші, бұлар 16-жылды бертінде жазғанда, сол жылды байлардың кедей мен батрактар зорлығын тапшылдық түрде айқын көрсеткен жоқ, байшылдық түрде жазды. Олардың бұл жазғандарынан мақсат – 16-жылдары ауылда ашылған жікті көрсету емес, патша үкіметін перде қылғансып, қазіргі кеңес жұртшылығында отырған қазақ еңбекшілеріне 16-жылды суреттеп, орысты жаман көрсетіп, ұлтшылдық тудырып, қазаққа орысты ата жауы деп көрсету еді. 16-жылдың оқиғасы ұлтшылдардың байшылдық пердесінің шетін ең алғаш түрген оқиға» [18; 5] деп жазды. Осылайша көптеген сын тағылған шығарма қайта жариялауға рұқсат етілмеді.

Жазушы шығарманы 30 жасында жазған. Жазушыға тағылған кінә жазушы қаншама атаққа ие болып жатса да, тіпті қайтыс болғаннан кейінгі кейбір мақала, зерттеулерде де көрінгенін байқауға болады.

Міне, осылайша ұзақ уақыт әдебиетімізден аластатылған «Қилы заманды» Т.Жұртбаев сөзімен айтсақ: «ел есіне түсіріп, оның тағдырына алаңдап, қырық жыл қымтаулы жатқан теңді ашып, көмілген көмбеге көп назарын аударған – сол кездегі жиырма жеті жасар Рымғали Нұрғалиев. Батыл әрекет, тосын қимыл, тәуекел шешім, алғырлық. Ең бастысы – ел мұратына ет-жүрегі езілген азаматтық еді» [58; 8]. Р.Нұрғалидің бұл повесть туралы «Қилы заман қандай туынды» мақаласы 1967 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрді.

Мақалада: «Көлемі араб әрпімен басылғанда 175 бет болған бұл кітап 1928 жылы жарияланды да, екінші рет жарық көрмеді. Баспа атынан жазылған алғысөзде шығармадан туатын объективті идеяны ескермей, әйтеуір революциядан бұрынғы өмір суреттелді деп авторды жазғыру, саяси айып тағу бар» [59] деп ең алдымен алғысөзіне сын тағылады.

Бұл туралы сол алғысөзді жазған Ғ.Мүсірепов кейіннен: «Сен мақалаңда қадала сынап отырған сол «алғы сөз» болмаса, ол кезде «Қилы заманның» басылу-басылмауы екі талай. Дүние төңкеріліп түсіп, астан-кестен болып кеткен аласапыран уақыттың мінезі де шатақ, асау. Ал Мұхтар шығармасы шалға

бармаймын деп жылаған қыз, байдан қорлық көрген кедей хикаясы, ауыл арасының итжығысы емес, Россия мен Қазақстан қарым-қатынасының күрделі кезеңін көрсетіп отырса, отаршылық тепкісіндегі елдің трагедиясын айтып отырса, ондай намысты туындыға қалай ара түспейсің? «Қилы заманның» басылына бел шешіп, білек сыбанып, кірісіп кеткенімді қазірдің өзінде жас кезімде жасаған бір батылдығымдай көремін», - дейді [24; 248].

Р.Нұрғали өз мақаласында шығарманы жан-жақты талдайды, жазушының көркемдік шеберліктерін көрсетеді. Ғалым: «Қилы заманның» ешбір жерінде саяси жаңсақтық, жат сарын жоқ, бұл – патша отаршылдығын, қазақ байларының күйкі тірлігін шенеген сыншыл рухтағы шығарма. Әлеуметтік теңсіздікті, көтерілістің объективті себептерін дәл басып көре алмау сияқты автор дүние танымындағы олқылықтар бүкіл шығарманы жоққа шығармайтыны хақ» дей келе, өз мақаласын: «Жиырмасыншы жылдардағы қазақ әдебиетінің ең көркем әдебиетінің ең көркем туындыларының бірі, Әуезовтің қаламгерлік биікке көтерілу жолындағы шарқ ұрған ізденістерінің жақсы табысы – көп уақыт жұрт назарынан қақас қалған «Қилы заманды» қалың оқушысының қолына қайта беретін уақыт жеткен сияқты» деп аяқтайды.

Академик Ғ.Мүсірепов пен А.Жұбанов пікірлері бойынша басылған осы еңбектің септігі тиді ме, осыдан кейін «Қилы заман» қайта алға баса бастады.

«Қилы заман» туралы әрдайым Мұхтар Әуезовті өзіне ұстаз тартқан белгілі қырғыз жазушысы Ш.Айтматов: «Кезінде «Қилы заман» туралы пікір айтуға менің де мүмкіндігім болды. Көркемдік көзқарас тұрғысынан повесть – нағыз шебердің туындысы. Бірақ бұл жерде мен оның саяси жағын атап көрсеткім келеді. «Қилы заман» Ресей империясының барлық жерінде социалистік төңкерісті айналып өту мүмкін болмағанының тағы бір дәлелі, біздің шынайы өміріміздің, социалистік интернационализм – халықтар арасындағы өзара қарым-қатынастардың бірден-бір сенімді принципі екендігінің тағы бір көрінісі» [60; 19] - деп жазады.

Шығарма туралы көп жазылған жоқ. Бұл тұста З.Бисенғалидің: «Қилы заман» туралы көп жазылды деп айта қою қиын. Оның басты себебі де шығарма мазмұнындағы астарлы ойлар мен отаршыл Ресейге деген автор сезімінің айқындығында. Қаламгердің адам құқын аяққа басқан отаршыларды әшкерелеуінің күштілігі сонша, романды бейтарап оқу мүмкін емес. Сондықтан шығарманың орысқа қарсы, ұлтшылдық пиғылында жазылған кітапқа айналуы оп-оңай көрінеді де, саясаттан аулақ тырысқан - зерттеушілерді үркітеді» [61; 211-212] деген пікірімен толық келісуге болады.

Әрине, шын өнер дүниесі, адамзаттың игілігін, мұңын, арман-мақсатын, буырқанысы мен бұлқынысын, күрес-қарекетін бейнелеген өнер туындысы із-түссіз ғайыпқа айналмайды. Мұндай халық қамын жырлаған туындыға уақыт өзі төреші болары сөзсіз. «Асылды тот баспайды» дегендей, М.Әуезовтің «Қилы заманы» да араға бірнеше жыл уақыт салып, халқымен қайта табысты, өз бағасын алды. Повестің «Новый мир» журналының 1972 жылғы 6-санында А.Пантелевтің орыс тіліндегі аудармасы басылып шықты. Ш.Айтматов бастап, көптеген адамдар жапа-тармағай повесть жөнінде мақтаулы пікірлер жазды.

«Қилы заман» – М.Әуезовтің күрделі жанрды игеру жолындағы ізденістерінің бастауында тұрса да, ұлы суреткердің талантын, терең философиясын, гуманистік поэзиясын, адами қасиеттерін, азаматтық ерлігін жан-жақты көрсете алатын ірі шығарма» екенін З.Бисенғали да айтады [61; 198].

Ал бұл шығармалар туралы Р.Жанғожин өз мақаласында: «Жазушы халық көтерілісінің айқын да эпикалық картинасын жасап, тұлғалы да есте қаларлық образдар сомдайды. Оқиғаның көркемдік-идеялық трактовкасы, кемел шеберлікпен салынған суреттер повесті әлем әдебиетінің классикалық үлгілерінің қатарына қосады» деп жазады [30; 183].

«Қилы заман» повесінде М.Әуезов бейбіт жатқан Албан руының 1916 жылғы июнь жарлығының зіл салмағынан іште тұншығып жатқан кегі оянып, дүр сілкініп, айбарлы күшке айналғанын суреттеуде өмір шындығына сәйкес өмірлік дерек ретінде 1916 жылғы Жетісу Албандары көтерілісінің тарихи

оқиғаларын негізге алған. Кез келген шығармасын жазуға үлкен дайындықпен келетін жазушы Жетісуға әдейі келіп, оның әсем жерлерін, заңғар таулары мен жасыл жайлауларын аралап, тамашалайды.

Алатаудың белгілі, атақты Қарқара, Асы, Үшмерке, Дөңгелек саз, Сырт, Лабасы, Талғар сияқты жерлері өз қалпында алынып, әсем, сұлу, тамаша пейзаж болып қағазға түскен. Осындай өзі ортасында болып, көзімен көрген табиғат суретін жазушы бұл шығармасында да өрнекті, образды көркем тілімен шебер суреттейді.

Жазушының шығармаларындағы пейзаж жайдан-жай суреттеу емес, оның өзіндік атқаратын қызметі бар.

Оқиға Жетісудың атағы жер жарған Қарқара жәрмеңкесін суреттеуден басталады. «Белгілі 1916 жылдың жаз айы еді. Жаз жауынды, мол сулы, қалың шалғынды, қызықты, қалың Албанның ертегідей бай сұлу жайлаулары: Үшмерке, Дөңгелек саз, Үшқарқара, Сырт, Лабас – жайлау күндерінің жасыл торғын шымылдығы, көк жібек бесігі сияқты. Тіршілік, молдық, бақыт, байлық қызумен буы аспанға шығып жатқан өмір жәрмеңкесін көрсеткендей. Жаз күндерінің жарастығы мен қызығы қыр баласын мас қылғандай жалынды, желікті».

Шығарманы «қойын құрттап, айранын ұрттап отырған момын ел» – қалың албанның Қарқара жайлауындағы тыныш, бейқам тіршілігін, «жаз күндерінің жарастығы мен қызығы» басылмаған қызу өмірін суреттеуден бастаған жазушы әрі қарай бар тірлігі малға қараған қазақ сияқты қыр елі үшін, қаһарлы қыстың қыспағынан құтылып, жасыл жайлауға көшіп орналасуының өз сәні, өз жарастығы бар екенін көрсетеді. Көшпенділер үшін, әсіресе, жастар үшін жаз жайлауға көші-қонның өзі, қамсыз, қайғы-мұңсыз қыдырып, қымыз ішіп, жиналып серке жасап, марқа жеудің өзі үлкен қуаныш, қызық.

«Киіздей қалың көк шалғынды Қарқара жазығы ерте күннен Албанның құт-берекелі жайлауы еді. Мыңдаған жылқы, сан қара қой ала жаздай ірге аудармай жабысып, жалмап жатқанда, бұл жазықтың жібектей толқыған өскелең шалғыны сыр білдірмей шыдайтын, әрбір жауын екілендіріп, өршелендіріп түсіргендей құлпыртып, жетілтіп отыратын.

Астаудай көк жазыққа ирекке шимай салып, үлкен Қарқараның мөлдір сулы мол өзені ағады. Ол мың сан жан иесін шөлдетіп, тарықтырып, шалдықтырып көрген емес».

Мұнда қоршаған орта, табиғат адамдардың күнделікті өмірімен, қазақ ауылдарының тіршілігімен тығыз байланыста беріледі. Табиғатпен тұрмысты қоян-қолтық бірлікте, бірін-бірі толықтыра түсетін араластықта, қарым-қатынаста суреттеу жазушы шығармаларында пейзажды бейнелеуде мейлінше кең қолданылады.

Әсіресе тұрмыстық көрініспен берілетін табиғат суреті адам өмірімен үндесіп, көзге жеке түсуді мақсат қылмай, қайшыласпай, біріккен біртұтас күйде көз алдына келеді. Әсем сурет, табиғат көрінісі мен өмір өрнектері шығарманың өн бойынан үнемі көрініп отырады. Осындай сәтте кейіпкерлермен бірге өмірге енесің, кейде қуанып, күйінесің. Күнделікті тіршілік пен табиғат үйлесім тапқан осынау жалпылама көрініс көркемдік жағынан да біртұтас шыққан. Өмір заңына бағынған, қалыптасқан, өзгермейтіндей көрінген тіршілік қалпы мен өзара алмасқан табиғат көркі әсерлі сезіммен баяндалады.

Шығармада суреттелетін жадыраған жаз айы, табиғаттың әсем де сұлу көрінісі осы жерде өмір сүріп отырған елдің тыныш, қайғысыз өмірін көрсеткендей. Бірақ осындай ғажайып әсем табиғаттың аясында үйреншікті тіршілігімен күн кешіп жатқан момын елдің жүрегіне түйткіл түсіріп, қаяу салатын бір ғана келеңсіз көрініс бар еді. Ол – бір шеті Сібір, Түркістан, Қашқардан бастап, мына шеті Орынборға дейінгі саудагер байлар, алаяқ қулар қаптаған Қарқара жәрмеңкесі. Ондағы патша өкіметінің отаршылдық саясатын жүргізіп, момын елді бір жағынан қорқытып, үркітіп, бір жағынан алдап, арбап, сүліктей сорып жатқан жергілікті халықтар Ақжелке деп атайтын пристав Подпороков, урядник Плотников сияқты әкімдер, солардың қолтығына кіріп ел үстінен пара алып күн көрген, жемтік іздеген құзғын тәрізді сатқын тілмаштар Жебірбаев пен Оспан сияқтылар. Бұл көріністерді бергенде жазушы жәрмеңкенің дырду-дырду қызығын, судай ағып, шашылып, ақтарылып жатқан байлығын айтып таңдай қағып, тамсанбайды. Қазақ жерін мекендеген момын елді қанды ауыз

озбырлардың, ши шығармайтын сараңдар мен жарты тиын үшін жанын сатып жіберуге бар саудагерлердің қалай алдап-арбап жеп жатқандығы кішкене суреттеу көрініс арқылы білдіреді. Кішкене ғана детальмен көп сырды аңғартады. Аңқау ел қолындағы тырнақтап жинаған алтындай асылын, жер қайысқан қора-қора, үйір-үйір малын болмашы нәрсеге, майда-шүйде, кәкір-шүкірге беріп саудагер атаулыға бір жем болса, арыз, шағым айтамын деп патша әкімдеріне тағы жем болады. Кең қолтық қазақ жүзді беріп, бірді алып жатса да өкініп жатқан жоқ.

Осының бәріне үйреншікті ісіндей көніп келген елдің төзімі ақ патшаның қазақ азаматтарын майданның қара жұмысына алу туралы 1916 жылғы июнь жарлығына байланысты біржола таусылады. Жұрттың бәрі абыржып, дүрлігіп, не істерге білмей, дал болды. «Талай жылдар емізуге, семіртуге, кергіге түскен ел бауырының тозығы жетіп ашылатын, тарылатын күндері де жетіп еді.

Шығармада халық қозғалысына сылтау ғана болған көтерілістің негізгі себебі болғандықтан қазақ қоғамының өз ішіндегі таптық қарама-қайшылық та жазушы назарынан тыс қалмайды. Ат төбеліндей бай-болыстардың сатқындығы, отыршылдық саясатты жүргізушілердің халық наразылығын өз пайдасына шешуге тырысушылығы, халықтың басым көпшілігінің тақыр кедейлігі олардың саяси мақсаттарын айқын танытты.

Сергелдеңге түсіп, тығырыққа тірелген ел енді патша әкімдеріне қандай жауап берерін, не істерін білмей шабылады.

Жазушы олардың қарсылықтарын білдіру үшін жан-жақтан жиналып жатқан сәттегі табиғат көрінісін былайша суреттейді: «Жәрмеңке айналасындағы үлкен тау, терең сайлар, кең жылғалардан жазыққа қарай шұбартып ақтарылып, ағылып жатыр. Ұшы-қиыры жоқ, шегі жоқ тасқын сияқтанып төгілуде, жиылуда. Басы қарлы, жат сырлы қалың таулар бұл заманға шейін қатпарлы қойнына тығылып келген сырын ашқандай қойын-қоншының барлығынан лек-лек аттыны дәмді-дәмді тау құсындай ағызып, көк даланы бастырып жатты. Тау алғашқы рет етегінде жазылып жатқан далаға қабағын түйіп, қысын

сілкіп, қолын жайғандай еді». Жазушы бұл суреттеу арқылы халықтың жайынан хабар береді. «Қойнына тығып келген» сырларын ашып жатқан тау бойындағы талай жылғы көрген зорлық-зомбылықтан ашынған халықтың шыдамының шегі жетіп, тасқындай тасығанын көрсетеді. Халықтың тұңғыш рет өз жерінде өздерін жем еткен, өмір бойы мойын ұсынып келген Ресей империясына, өз арасынан шыққан би-болыстарға қабақ түйіп қарсыласуын да осы көрініске сыйғызып, салыстыра суреттеген. Міне, осындай сыналар сәтте бұрын ел басқарып, пысықсынып жүрген болыстар, атқамінерлер тайқып шығады. Тіпті Рақым өзін басқадан жоғары ұстауға тырысып, ешкімді менсінгісі келмейтін бай-болыс ел ішінің жасап жатқан әрекетін патша әкімдеріне жасырып жеткізіп, сатқындық жасайды. Ал Тұнқатар, Дәулетбақ сияқты өзінен өзге ешкімді ойламайтын, тек алсам, жинасам дегенді ғана білетін байлар «бас аман, мал түгелдігін ойлап» жұрттан іргесін аулақ салып, ел ауып көшкенде, тауға тығылып қалып қояды. Тілмаш Оспан мен Жебірбаев болса, жұртта қалған бұралқы иттердей ұлықтардың соңына еріп олар кетеді.

Осы сәттегі қайда барып, кімге шағынарын білмей дал болған халықтың күй-жайын жазушы «төбеде күйкентай ұшып, кейде аспанда қалтылдап тұрып шырылдайды. Біресе тынымсызданып мазасы кеткен күйменен шық-шық қағады» деп қонар жер, орын таппай шыр-шыр қаққан күйкентайдың халімен сездіреді.

Елге келіп жеткен хабар, оны екіге бөлсе, оның бірі – осы би-болыстар. Ал екіншісі – Жәмеңке қария, Ұзақ батыр. Ойлана-ойлана келе не болса да солдатқа адам бермеске бел буғанда, елдің аузына қарайтын адамдары – осылар. Жәмеңке өз айтарын үлкен даналықпен, ақылға салып айтса, Ұзақ кесіп, пішіп, түйіп айтады. Жазушының Ұзақ батырдың аузымен айтылатын сөздері туралы Р.Нұрғали кезінде шығарманы сынаушылардың соған жармасып, теріс байлам жасағандығын айтады.

Дегенмен, шығармадағы Ұзақ батырдың мұндай болмысы бірден қалыптаспаған. Шығармадағы батырдың өз монологуынан байқайтынымыз, отаршыларға қарсы көтерілген халықты бастауына, осындай нақты шешім қабылдауына себепші болған

өзінің сүйікті қызы – Бәкейдің өлімі. Қара басының қамын, мал-мүлкінің шашылмауын ғана ойлайтын ағасы – Тұнқатармен арадағы әңгімеден кейін өз қызының соңғы күндерін есіне алып, қан жұтады. Оның: «Дайынмын ал мені... қалқамның алдына қара жүзді болып бармайтындай қылып, көп ниетінің құрбандығы қылып ал... Ел тілеуінің үстінде, мойнымдағы бұршағым, кеудемдегі жалыным ал мені... Сенің арманың бүгінгідей сай-сүйегімді босатып көрген жоқ еді. Жалғызым, Бәкей, текке келген жоқсың ғой! Барамын... барамын... менің де күнім... жақын» деп өлімді ғана тілеген іштегі уын, күйігін білдіретін монологынан осы жолға берік бел бұғанын байқаймыз. Кезінде қызын қорғай алмағаны, бауырларының сөзіне қарсы тұра алмай, көне бергені жанына батады. Осындай ауыр күйзелістен, мәнсіз өмірінен әбден шаршаған Ұзақ батыр халық көтерілісін бастауға шешім қабылдайды. Сондай адал іс арқылы, өз кінәсін жуғысы келеді, адал өлім тілейді.

Бұл жерде Бәкейдің соңғы күндерінің куәсі болған өлкенің табиғатын жазушы өте шебер де тартымды етіп берген. «Балапан қанындай жазықсыз, күнәсіз қанының қара жерге тамған орны да осы өлкеде. Таңбалы тастың солтүстік жағы биік жар. Сол жардың басы шөпті тау болып, бір беті биік қабақ болып барып, желкедегі қарағайлы тауға жалғасады. Соңғы күндерінде ауылдың барлық жаны жатырқап, жалғыз тастаған Бәкей қара шапанын бүркеніп, құп-ку болған жүзбенен осы қабақтан асып барып қайтқанда, екі көзі қып-қызыл боп ісініп, жасаурап, келуші еді. Ауылдың тұсындағы көкбеттің орта шенінде таздың теңге-теңге болған аласындай қызыл-қызыл тақырлар бар. Желкедегі қарағай кей жерінде қара қошқылданып бірігіп, иықтан баспалап қарап тұрған самаладай әскер сияқтанады. Кейде бергі беттегі дәл желкедегі тоғай, қара быжырық болып, жас ойға түскен қайғыдай көлеңкеленіп, көкшілденіп жүдеп кетеді» деген көріністер Бәкейдің жанындағы қайғыны сол жердің табиғатымен байланыстыра суреттейді. Табиғат та қоса қайғырғандай. Осы жердегі пейзаждан жоғарыдағы шығармадағыдай қайғы-мұң, жамандық, өлім бояулары сезіледі. Мұнда «Қараш-қараш оқиғасындағыдай» болар оқиғаны болжап, мегзеп білдіру

немесе кейіпкердің күй-жайын айтпай, оны тек пейзаж арқылы жеткізу көрінбейді. Осылайша берілетін табиғат көрінісін не үшін пайдаланғанын, не мағына беріп, не айтқысы келгенін жазушы өзі талдап береді.

«Осы суреттің бәрі де Бәкейдің өлер сағатынан үзік-үзік қанды таңба сақтап қалғандай. Өлкеде болған сұмдықты көрген табиғаттың жүзіне қайғы әжім, қан ізі түсіп сақталып қалғандай. Бәкейдің өлер шағындағы көңілінен ұшқындап-ұшқындап кеткен қайғы, қауіп ойларындай болып, үздік-үздік, қотыр-қотыр ажарсыз сурет айналаның барлық пішінінде әлі күнге түгел тұрғандай. Қарқара жазығына қарай жіңішкелеп созылып кеткен кішкене өзен де күн батысқа таман барғанда көкшіл мұнды сұр далада теңге-теңгедей болып тағы да қотырланып жарқырайды. Сай – қайғы, мұң сайы. Әр жерде шашылған ауылдарда, қаралы кеште шашылған қандай болып, кешегі шашылған өмір шоғы сияктанып, кешкі оттар жылтылдайды. Кешкі табиғат көзінен оңашада домалап шыққан ыстық жаспен бірге жұтап, тоңазып, жетімсіреп тұрып, жас балапан Бәкейді жоқтайды». Жазушы осы бір кішкене ғана көрініске қаншалықты үлкен, терең мағына сыйғызған. Бәкейдің өлер алдындағы шағы, оны қоршаған табиғат көрінісі, өлгеннен кейінгі қызды жоқтаған табиғат, бауыр еті баласын іздеп, көңілі ортайған әкенің халі – бәрінен де хабар береді.

Осылайша пейзаж әр суретте жаңа мағынамен толыға түседі, жаңа қыры ашыла түседі. Пейзаж көрінісінің психологизмі оны көруші, сезінуші кейіпкердің әсерімен бірлікте суреттелуіне де байланысты. Шын мәнінде, туған жердің әсем көркі, сұлу бояулары бір ғана кейіпкердің әсерімен немесе автордың баяндауымен суреттелмейді. Ол дәлірек айтқанда, кейіпкер мен автордың бірігуінен пайда болған әңгімешінің аузынан айтылады.

Ал болыстардың ішінен тайсалмай, ел қамын ойлап, халықтың айтар сөзін ұлықтарға ашық жеткізген, аяғына дейін халқына адал қызмет еткен – Әубәкір болыс қана. Табиғатынан өжет, қайсар, тайсақтауды білмейтін жігіт осы жолда қаза болды. Албанның бір тобы осы Әубәкір мен елдің белді азаматы Серікбайдың соңына ереді. Бұлардың халқы үшін отқа да, суға

да түсіп, ешкімнен қорықпай, тізе бүкпес ерліктері, азаттық үшін күрескені адалдықтары шығармада кеңінен суреттелген.

Кезінде халықтардың түрмесі болған патшалық Ресейдің небір жауыздығын, қатыгездігін жазушы барынша аяусыз ішкерелейді. Әсіресе, қарт Жәмеңкені халық алдында ашық өлтіруден қорқып, тамағына у қосқызғандағы, қарияның жан қиналысы, азабы тұла бойынды тітіркендіріп, төбе шашынды тік тұрғызады. Ал, көтерілістің қалған басшыларын абақты ішінде аямастан қырып тастайды. Бұл оқиға онсыз да халық арасында тұтанып тұрған отқа дем бергендей лаулата түседі. Ер-азаматтар тағы да атқа қонады.

Халық қанша ұйымдастық деп қарсыласқанмен, алдын-ала жасаған дайындығы, алға қойған мақсаты жоқ көтерілістің немен тынары белгілі еді. Елдің қарулы көтерілісі, жай топ құрап, қарасын көбейтіп сес көрсетуге көбірек ұқсайды. Олар жәрмеңке басындағы аз ғана қарулы солдаттарды Қарқара жайлауынан әрі асырып тастаса, жеңдік деп ойлайды. Жау енді қайтып келместей, үйді-үйіне тарай бастайды. Өздерінің көріп отырған осы озбырлығы, әділетсіздігі патша өкіметі басқарып отырған сонау жоғарғы жақтан келіп жатырған отаршылдық саясаттың ұшқыны екенін ескермейді де. Қарапайым халық үшін мұндай пәленің бәрі осы жәрмеңке мен әкім Ақжелкеден келіп отырғандай. Егер де осы екеуінен кек алса, жоқ қылып құтылса болды, азаттық пен бостандыққа қолдары жететіндей көреді. Жазушы осы бір көріністер арқылы сол кездегі қазақ даласын мекендеген халықтың қаншалықты көрсеқызарлығын, түсінігінің мешеулігін ашық көрсетеді. Ащы болса да, еш қиянат жасап өзгертпей сол күйінде жеткізеді. Халықтың бұл әрекетінде Пантилевше айтсақ «негізінде барып тұрған саяси соқырлық, тәжірибесіздік, алдарқатқан сәби аңқаулық, сағым қуған қиял мен жалған сенім, патриархалдық қараңғылық пен дәрменсіздік» жатыр. Сол сияқты қозғалыстың даму барысында көтерілістің мақсаты да өзгеріп отырады. Ашынған ел бастапқыда солдатқа адам бермейміз деп қарсыласып көтерілсе, кейін өздерінің тұқындарын босат деп даурығады. Ал соңында абақтыда у беріп өлтірілген Жәмеңкенің сүйегін бер деген талап қоюға ауысады. Жазушы осы өзгерістің өзін отаршыларға қарсы

шыққан халықтың аңқаулығын, белгілі бір мақсаты жоқтығын, саясаттан хабарсыздығын көрсету үшін шебер пайдаланады.

Бұл жеңіліс көтерілісшілер үшін үлкен саяси сабақ болды. Аяусыз басылғанмен, көтерілістің терең тарихи маңызы бар екендігін жазушы нанымды суреттеген. Жеңіліске ұшыраған халық өз алдына айқын мақсат қоя білгенде ғана жеңіске жетуге болатындығын көтеріліс барысында айқын түсінді.

Сонымен бірге жазушы соғыс көріністерін бергенде де үлкен суреткерлік шеберлік танытқан. Мұндағы адамдардың ішкі күйі, қас-қабағы, жағдайы, олардың бір-бірімен қарым-қатынасы, өлім мен өмір тартысы өте шебер шынайылықпен суреттелген. Көтерілісшілер мен солдаттардың іс-әрекеттерін суреттегенде соғыс алаңындағы олардың бірінің жағына шығып кетіп, бірін күшті, екеншісін әлсіз етіп көрсетпейді, бәрін де тек шындық аясында ғана көрсетеді.

Шығармаға тән ерекшеліктердің бірі – жазушының көпшілікті суреттеуі. Адамдардың психологиясы, олардың арасындағы айтыс-тартыс, алауыздық сияқты көтеріліске тән сипаттар көпшілік көріністері арқылы көрінеді.

М.Әуезов повесте 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың түпкі себептерін нанымды аша отырып, бір ру елдің өміріндегі серпілісті, сенімді, жігерлі іс-әрекетті көрсетеді.

«Қилы заманның» әсері мен ғибраты отаршылдық бұғауының зіл салмағына көніп, ежелгі өжет мінезінен айрыла бастаған қазақ елінің бір бұрышында халықтың намысы қайта тұтанып, өзіне тән байырғы келбетін көрсете алған бір асқақ мезетін суреттеп беруінде. Шығарма қаһармандарды табиғи, тұтас, кесек мінездің адамы, қайталанбас даралығымен көрінген, көркемдік шындыққа айналған бейнелер. Көтерілістің ақыры трагедиямен бітуі өмірде қандай болса, шығармада да сол ақиқат боямасыз қалпында берілуі сирек сәттілік деуге болады. Шығарманың ұлы тағлымы Ресей билеушілерінің әрекеттерін, ақылға емес, қара күшке сүйенген озбырлығын, қарауындағы елдің ойы мен арманын түсінуге мүлде қабілетсіздігін таңбалап, тілсіз қара күшке амалсыз иліккен елдің жүрек түкпірінде тәуелсіздікке деген мәңгі өшпес үміт пен арманның жатқанын көрсете алуында» [63; 62-63].

Жазушы осы шығармасы арқылы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс қарсаңында қазақ даласында тап жоқ, қандас, туыстас мамыражай бір ғана халық бар деген көзқарастың күрделі саяси астарын қазақ қоғамының ішкі тіршілігі арқылы сәтті аша білді.

«Қараш-қараш оқиғасында» пейзаж үнемі Бақтығұлдың іс-әрекетімен астастырыла қатар суреттеліп отырса, жазушы «Қилы заманда» табиғаттың кейбір көріністерін жалпы халықтың тұрмысынан, жағдайынан хабардар етуде пайдаланады. Бұл сәттегі табиғат халықпен бірге қайғырып, қарсыласып тұрғандай. Шығармада халық көтерілісінің толқынын табиғатпен тығыз байланыста көрсетеді. Түс кезінде жәрмеңке жазығының үстінен құйындатып, дауылдатып бір қара бұлт өтті. Бұл ата-баба аруағы. Құйындай ұйытқып, тазартып алып кеткен табиғаттың суреттері оқиғаның өрбуіне орай күйін өзгертіп отырады. Бейбіт кездегі ел тірлігі тұсында астаудай көк жазыққа күректей ши май салып, үлкен Қарқараның мөлдір сулы мол өзені мың сан жанды тарықтырып, шөл көрсетпесе, оқиғаның соңына қарай Қарқара жазығына беттеп жіңішкелеп созылып кеткен кішкене өзен де күн батысқа таман барғанда көкшіл мұнды сұр далада теңге-теңгедей болып тағы да қатарлана жарқырайды. Сан қайғы, мұң – Ұзақтың көз жасымен қатар өріледі. Азаматынан айырылып үдере көшкен ел, иесіз қалған жұрт, таудың жүдеу көркі, тағдыры күңгірт халқын: «алда белгісіздікке толы тұманды күндері құшағын жаяды». Әсіресе, шығармадағы Бәкейдің өмірінің соңғы күндерін суреттеудегі табиғат көрінісі өте шебер берілген.

Сонымен бірге шығармада Жетісу табиғаты өте шебер үлкен ілтипатпен, зор махаббатпен суреттеледі. Кең далада өмір сүрген халықтың жайлауын, олардың кешкі мал қамдайтын мезгілін суреттеуде жазушы үлкен табысқа қол жеткізген. Көлемі бірнеше бет болатын ұзақ пейзаждан жазушының Алатау өңіріне деген ыстық ықыласының лебі есіп тұрады.

«Ауылдың желкесі тіп-тік жасыл биіктер өне бойларын селдір-селдір қарағай басқан. Кей биіктің жота-жотасынан етегіне қарай құлай біткен қарағай қазақтың иегіне шыққан қара бұйра шоқша сақал сияқты. Маңайдағы биік таулардың кешкі көлеңке созылып түсіп, өлке бойын аламыштап, көлеңкелі,

сәулелі қылып құйылып тұр. Жасыл дүние көрікті нұрын әлі жоғалтқан жоқ. Алдыңғы таулар көлденең созылған жасыл белдер қарағайсыз, жалаңаш. Бірақ ол да жасыл».

Осы сурет арқылы мың құбылып тұрған тіршілік кейпін көз алдына өзін ішінде араласып жүргендей етіп елестетеді де, әрі қарай: «Беттері жаңбыр суы сүйіп өткен айқын-айқын ажымдай айғыз-айғыз. Су жолы жіңішке жыландай ұзынынан созылып, кей жерінде ғана аз-аз иірілгендей барлығы да биік, тік кезеңнің етегінен басына шейін шұбатылады. Түйілген қабақтың арасындағы ежелгі суық ажымдай. Өлкенің жазығында әр жерде су сойған, жіңішке сызықтары бар. Алдыңғы белдердің кейбірінің жотасынан арғы беттегі қарағайлардың бастары қылтиып көрініп иек артып, баспа қылып қарап тұрғандай» деп тау-тасқа жан бітіре сөйлейді.

Ал «Асы – Алатаудың қыр арқасында ойып алған астаудай, ұзын кең жасыл өлке. Төсін жоғары беріп, керіліп, түскен сұлудың оң иығын басқан қалың қара бұйра шаштай болып, Асының оң жағын қарағайлы таулар басады.

Өлке бойында көк жар болып аққан Асы суына, айналадағы қатпарлы қалың ұлы биік, қыртыс-қыртыс ұзын жоталардан сала-сала мен тұщы бұлақ, мөлдір көк сулар сарқырайды» деген пейзаж көрінісі, теңеу көз алдымызға табиғаттың тамаша бір үзігін, әсем бөлшегін сол қалпында алып келеді. Қазақ аулының тыныс-тіршілігінен хабар беретін осынау бір табиғаттың көрікті, көркем суреттері көз тартып, жаныңды жадыратады. Мұның бәрі халықтың мамыражай, ел аман, жұрт тыныштағы өмірінің көрінісі. Шығармадағы пейзаж халық басына түскен шырғалаңға байланысты өзгеріп отыратынын байқауға болады. Солдатқа жігіт бермейміз деп қарсыласқан халыққа қарсы көп әскер келіп, күшпен тізім тізбекші болған сәтте жазушы табиғатты да құбылтады. «Түні суыңқырап, дағдылы күзгі жауыны жиілей бастаған» Асының түні ел басына төніп келе жатырған бір жамандықтың ызғарындай еді.

«Жуылып тазарғандай ашылып, көк мөлдір боп тұрған аспаннан Асы өлкесіне жайнаған жарық күннің сәулесі де түсіп еді. Бірақ дәл осы шақ атаудай Асы жайлауын бұлт арасында тұрғандай, ертегі орнындай қылып көрсететін. Өйткені,

айналадағы қатпарлы қалың жота, қарағайлы қалың биіктерден ақ сұр тұман әлі айыққан жоқ. Алатау басына шөгіп өткен қара қошқыл қою сұрғылт бұлттың төмендеп ұшқан жартысы қарағайға, жартасқа жабысып, аспан ұйқысындай қаптай жауып, үйіліп, үйіріліп тұр. Жалығып қалғыған ақ тұман Асы айналасындағы тауларға шұбатылған сәлдедей оралып, бұралып жүр».

Міне, жазушы осылайша бұлт, тұман секілді табиғат құбылыстарына жан бітіріп, олардың қимыл-қозғалысы арқылы әсем сурет салады. Бұл жерден елдің басына оралған, тұмандай айықпас бір жамандықтың, пәленің лебін байқауға болады. Сол бұлттай төніп келген пәленің арасынан болашақтан жақсылық күткен елдің жылт-жылт еткен үміті де көрініп қалады.

Шығарманың соңында Албан елі табиғаты сұлу құтты мекенін артқа тастап үдере көшуге мәжбүр болады. Кешегі мамыражай отырған елдің артында бүгін ештеңе қалмады.

«Иесіз болып қаңырап Алатаудың жайлауы қалды. Құлазып қыстау, қоңырсып жұрт қалды. Кіндігін кескізіп, кірін жуған момындық күні қалды. Албан албан болғалы қыстың жұтын, жаздың індетін көрсетпеген, жер кіндігі – ата қоныс мекені қалды. Тау-таудың саласында иесіз шулап, қора-қора қой қалды. Тау толған арқар, бұғы, елік, қарақұйрық, тау текедей жабайы, жайын көршілері қалды». Осылайша табиғаттың тұлға жасап, шығарма идеясын ашудағы мүмкіншілігін шығармалары арқылы танытқан жазушы өз шеберлігінің де әр қырлы сырын аша түседі.

Жалпы М.Әуезовтің пейзажға көп мән беретіні оның бүкіл шығармашылығынан анық көрінеді. Дегенмен, М.Әуезов шығармаларындағы пейзажды «оқырманға мақала тілімен жеткіземін деу бос әурешілік екенін былай қойғанда, бұған тіпті сыншылық көзбен түсіндірме берудің өзіне кісі жүрексінеді» - дейді Б.Сахариев [52; 29].

Әдебиеттік стиль жазушының шығармаларының тақырыбын, идеясын, көркемдік мазмұнын, тілін, композициясын тағы да басқа жақтарын қарастыратынын айта келіп, Ә.Байтанаев: «М.Әуезовтің шығармаларындағы пейзаж оның стильдік ерекшеліктерінің бірі» екенін айтады [37; 166].

Бір ерекшелігі жазушы табиғат суреттері, пейзаж арқылы кейіпкер психологиясына жан-жақты талдау жасайды.

Психологиялық талдаудың үлкен үлгілерін орыс әдебиетінің белді өкілдері Достоевский, Толстой шығармаларынан көруге болады. Ал біздің қазақ жазушылары оны тек суреттеп беріп жүрген болатын. М.Әуезовте психологиялық талдау орын алған. «Психикаға ой, сезім, толқыныс араласуы қажет, ал суреттемеде ол болмайды, ол тек бір нәрсені қарадай сырттай суреттей беру болады» деген Байтанаевтың пікірін ескерсек, психологиялық талдауды өз шығармаларында кеңінен қолданып, алға басып, дамуына үлкен үлес қосқан М.Әуезов екенін байқаймыз.

Лизунованың да ойы осы арнадан шығады. Бірақ ол Әуезовті Толстойға еліктейді дейді. Әрине, бұл пікіремен келісуге болмайды. Мысалы: орыс әдебиетінде пейзаждың үлкен шебері И.Тургенев болса, қазақ әдебиетінде ондай шеберлікті М.Әуезов шығармасынан көруге болады. Ал жазушының суреткерлік, таланттылығының күдіретін қапысыз танытқан «Көксерек» шығармасының идеясы әлем әдебиетінің алдыңғы қатарлы өкілдері Дж.Лондон, Э.Хемунгуэй шығармаларымен астасып жатыр. Қаламгерлердің шығармаларында ұқсастық, ортақ сарындар болғанымен, олардың өзіндік стилі, ұлттық құндылықтары шығармаларында айқын байқалады.

Мұндай пікірлерге қатысты Ә.Байтанаевтың: «Еліктеп тек жаман жазушы болуға мүмкіндік бар, еліктеумен жақсы жазушы болу жолы ашылса, онда сандаған талапсыз жазушылар еліктеу жолымен өздерінің таланттарын ауыстырып алған болар еді. Бірақ әр таланттың екінші бір талантқа ұқсайтын жағы болуы мүмкін. Оның шынымен-ақ еліктегенінен емес (таланттар еліктемейді), жалпы таланттылықтың бір-біріне ұқсастығы аз болмайды, мысалы, олардың ең болмағанда қызықтылығы, тартқыштығы ұқсас болуы мүмкін, сонысына қарап, оны еліктеді деу ол талантқа зәбір болады» деген пікірімен келісуге болады [37;198].

Қазақ халқы М.Әуезовтей жазушының арқасында зор ілтипатқа ие болып отыр. Өзге халықтың ешқайсысына

ұқсамайтын жаны жомарт, көңілі жайсаң, ақкөңіл халқының тұрмыс-тіршілігін, алып тұлғасын әсем де асыл сөздерімен өрнектеген М.Әуезовтің де ешкімге ұқсамауы әбден заңды.

Сыншы С.Әшімбаевтың: «Халқы қалай ешкімге ұқсамаса, сол халықтың ұлы Әуезов те ешкімге ұқсамайтындығы анық. Ендеше, оны кей жағдайда басқа жазушылармен салыстыру әбес екені даусыз. Ұлыны басқамен салыстыру – ұлылықтың күдіретін түсінбеу. Ұлылық дегеннің өзі бұрын-соңды қайталанбаған соны құбылыс екендігінде емес пе?! Демек, Әуезов те ешкімге ұқсамайтын дара туған, дара тұрған ұлы суреткер» деген сөзі де осы арнадан табылады [57; 385].

М.Әуезов шығармасындағы табиғат көріністерінің берілуін, пейзаждық көріністерді суреттеуді шығарманың композициялық шешіміне қатыссыз өз алдына дара мәселе деп қарамайды. Оны кейіпкердің көңіл-күйін, іс-әрекеті мен мінез-құлқын тереңдетіп айқындау үшін пайдаланады.

Біз жоғарыда жазушының шығармаларындағы пейзаждың көркемдік қызметінің бірнеше қырын көріп отырмыз. Әсіресе, пейзаждың кейіпкер характерін ашудағы рөлі ерекше. «Пейзаж жазушының стилін белгілейді. Ал, стиль - адам. Пейзаж образ сырын ашады. Ал образ - адам» [64; 92] деген академик З.Қабдолов сөзі осыны растайды. Әрине, табиғат суреттерінің тектен-тек қолданылмасы белгілі. Мұның бәрі де жазушының кейіпкер мінезі мен қылығын, болмысын ашып анықтау үшін қолданатын әрекеті.

Жазушы туындыларындағы табиғат суреттері тек жай ғана тамашалаудың құралы болмай, үлкен қызмет атқаратын жанды бөлшекке айналатынын көрдік. Шығарманың бәрінде де табиғат суреттері уақытына, кезеңіне, жай-жағдайына қарай өрнектеледі. Бұл туралы академик З.Қабдолов: «Әуезов пейзажы – бай палитраның түрлі-түсті бояуларымен келістіре салынған сурет ғана емес, шынында да құдды жанды адам: дем алады, қозғалады, жадырайды, жабырқайды, күледі, жылайды – дәл адамша әрекет етеді» [64; 92] десе, белгілі ғалым Р.Бердібаев: «Табиғатта соншалық ғажайып көрік, таусылып, көнермес ажар бар екенін қазақ әдебиетінде Әуезов творчествосынан таныдық. Ол халқымыздың ең таңдаулы табиғат жаршысы десек ағат

болмас» деп өте дұрыс айтқан [63; 158]. Мұның бәрін М.Әуезовтің өзіне ғана тән әдісі, тәсілі деуге болады.

М.Әуезов – өзіне дейінгі және өзінің тұсындағы Батыс және Еуропа елдерінің ілгерішіл әдебиетінің озық, алдыңғы қатарлы туындыларынан шеберліктің, суреткерлік өнердің небір құпия сырларына қаныққан жазушы. Сол арқылы өзінің көркемдік әлемін үнемі байытып, толықтырып отырды. Өзі үйренген, танып-білген сан алуан үлгілерді жетілдіру, өз шығармасында қолдану арқылы қазақ әдебиетін де кенже қалдырмай, әлемдік әдебиет дәрежесіне көтерілуіне үлкен үлес қосты.

Қазақ әдебиетіндегі адамгершілік, экология тақырыбына жазылған, тілінің көркемдігі мен бейнелік қуаты жағынан үлкен бағаға ие болған «Көксерек» повесі адам мен табиғат арасындағы қайшылықты, бітіспес күресті философиялық тұрғыдан шебер суреттесе, «Қараш-қараш оқиғасы» мен «Қилы заман» повестерінде әдебиеттегі психологиялық параллелизм әдісінің теңдесі жоқ үлгісін танытады, қазақ аулын, жайлауын, тұрмыс-тіршілігін бейнелеуде әр қырынан әсем, жүйелі көрінетін табиғаттың сұлу да көркем суреттері арқылы пейзаждық бояулармен сан түрлі сурет салады. «Көксеректе» жазушы пейзажға символдық, философиялық астар бере суреттейді. Шығармадағы табиғаттың берілуі адам бейнесін ашу үшін көмектесе отырып, өзіндік жеке образ дәрежесіне көтеріледі. Повесте тірі табиғат өкілін кейіпкер ретінде бере отырып жазушы үлкен философиялық мәні бар тақырыпты көтереді.

Ал «Қараш-қараш оқиғасы», «Қилы заман» повестерінде пейзаж белгілі бір оқиға алаңы ретінде, психологиялық параллелизм түрінде қолданылады. Мұнда пейзаж шығарманың композициясымен біртұтастықты құрайды. Психологиялық параллелизм әдісінің шебер үлгісін танытқан жазушының шығармасында табиғаттың сан қилы бояулары мен кейіпкердің жан-дүниесі домбыраның қос ішегіндей қатарластырыла беріледі. Повестерде жайдан-жай сипатталатын табиғат суреті жоқ. Олардың бәрі де кейіпкер бейнесін ашу үшін, шығарманың көркемдігін арттыру үшін белгілі қызмет атқарып тұрады.

«Әуезовке дейін прозамызда адам психологиясымен, автор идеалымен сабақтас пейзаж жоқ еді» [24; 412]. Мұның бәрі М.Әуезовтің әдебиетімізге алып келіп, мұра етіп қалдырған жаңалықтарының, қосқан үлесінің бір қыры ғана.

Осындай М.Әуезов шығармаларындағы нағыз жанды, өзгермелі мінез ашуға қызмет ететін сан бояулы табиғат суретін бейнелеу әдебиетіміздің кейінгі буын өкілдерінің шығармаларынан да өз орнын алып келеді. М.Әуезов өз шығармалары арқылы осы шеберліктің шыңына жетсе, кейінгі әдебиетіміз де М.Әуезов дәстүріне сүйене отырып, жаңа түр, мазмұнымен толығуда.

II ӘДЕБИ ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

2.1 Көркем прозадағы гуманизм және ұлттық құндылықтар

М.Әуезов дүниежүзілік әдебиеттің классикалық дәстүрлерін үйреніп, оны еркін игере отырып, кейінгі ұрпаққа бай мұра қалдырды. Қазақ әдебиетінің дамуы, өркендеуі барысында М.Әуезов дәстүрі қай жағынан болса да өз жалғастығын тауып келеді. Жазушы шығармаларының қаншалықты маңызды, мәнді екендігі өзінен кейінгі әдебиетке тигізіп отырған әсерінен байқалса керек.

Кейінгі жазушының өзінің алдындағы жазушыдан үнемі үйреніп отыратыны сөзсіз. Профессор Ж.Дәдебаев: «Көркем творчество – үнемі қозғалыс, даму үстіндегі күрделі әрі жанды процесс. Бұл процесте әр шынайы жаңашылдық өзінің сонылық қасиетін берік сақтай отырып, кейінгі дамуға да үлкен ықпалын тигізеді. Бұл ретте белгілі творчестволық озық жетістіктердің жаңашылдық өмірі мен дәстүрлік қызметі қатар басталады деуге болады. Нағыз дәстүрлік сипат алған көркемдік құбылыс әдеби дамуда бүтіндей жаңа серпіліс, жаңа белес дайындайды», - дейді [65; 35].

Белгілі қырғыз жазушысы Ш.Айтматов: «Әуезов мұрасы – қазақ халқының мәдениетіндегі қалыптасқан, біртұтас көркем құндылық» дей келе, мұндай керемет мәдениетке үңіліп қараған кез келген адамның Шығыс пен Батыстың өзіндік үлгілерін ұштастырып бере білген Мұхтар Әуезовтің есімін кездестіретіні сөзсіз екенін айтады. «Егер Абай тарихи сомдалған тұлға, яғни қазақ халқының өткен кезеңіндегі биік шыңы болса, осы образды құдіретті қылқаламымен жаңғыртқан Мұхтар Әуезовтің өзі де қазақ мәдениеті тарихының жаңа кезеңінде сондай биіктен көріне білді» [60; 11] - деп жазды. Абай мен Мұхтарды ұлтымыздың ажырамас екі жарқыраған жұлдызына теңеген жазушы, олардың әлем мәдениеті тарихында да өзіндік үлесі бар екенін айтады.

Үнемі өзінің көркемдік әлемін байытуға, жетілдіруге зер салып отыратын ұлы жазушының өзі: «...мені оқығандарымның бәрі бірдей қанағаттандырған жоқ, бірін ұнатсам бірін ұнатпадым. Бірақ екеуінің де пайдасы болды, екеуінен де

үйрендім, бірінен қалай жазу керектігін үйрендім, бірінен қалай жазбау керектігін үйрендім» [66; 107] деген болатын.

Жазушылар бір-бірінен ең алдымен шеберлікті үйренеді. Себебі «жазушының ғұмыр бойғы әрекеті – жазушылық шеберлік жолындағы әрекет» [64; 313]. М.Әуезов өз шығармаларында осындай шеберліктің биік үлгісін көрсетті.

Жалпы қазақ прозасында философиялық, психологиялық шығармалардың өмірге келіп, қалыптасуына үлкен еңбек сіңірген – М.Әуезов болса, оның көркемдік дәстүрге айналып, терең тамырланып өркен жаюына кейінгі буынның да елеулі еңбектері бар.

Өзіміз суреткерлік, көркемдік құдіретін биік қоятын орыс әдебиеттанушысы М.Бахтин: «...Көбіне біз өзіміз суреттейтін құбылыстың тарихи тамырларына бара бермейміз. Ұлы дүниелер ғасырлар бойы жасалады, ал олардың дүниеге келуі – сол кезеңде піскен жемісті жинаумен бірдей, яғни, тек сол кезеңде ғана туды деген ойға жетелеуі мүмкін.

Шығарманы өз кезеңінің тұрғысынан, өз кезеңінің ғана даму сатысынан бақылау, түсіндіру қиын, тіпті, мүмкін емес. Шығарманың өз кезеңімен шектеліп қалуы оның болашағына да нұқсан келтіреді... Ұлы шығармалар өз кезеңінің құрсауын бұзып, ғасырларға тарайды, яғни үлкен уақытта өмір сүреді. Олар кейде (ұлы шығармалар – әрқашан) өз кезеңінен тыс уақытта, болашақта неғұрлым толыққанды өмір сүреді...» [67; 350] деп жазған болатын. Сол сияқты, қазақ әдебиетінің де бүгінгі күнгідей үлкен биіктен көрінуіне себепші болып, үлесін қосқан – М.Әуезовтей суреткер. Оның дәстүрінің жалғасуы, М.Әуезов шығармашылығының өлмегендігінің, қай кезеңде де өзектілігінің айғағы.

«Жаңа жоқтан пайда болмайтыны сияқты көркем әдебиеттегі дәстүр ұғымы ұзақ дәуірлерді, сан толқын жазушылардың қажырлы ізденісі мен творчестволық табыстарын қамтиды. Ол қилы кезеңдердегі жекелеген суреткерлердің батыл ой, қанатты қиялдарынан қуат алған жаңашыл мақсат және идеялық-көркемдік тың шешімдердің жиынтығы», - дейді Б.Майтанов [68; 6].

Көптеген жазушыларымыз М.Әуезов шығармаларындағы идеяны, сарындарды бүгінгі заман шындығына орай тереңдетіп, ұлғайтып, дәстүрді жалғастыруда. Атап айтқанда, Ғ.Мүсірепов, Т.Әлімқұлов, Ә.Кекілбаев, О.Бөкеев, М.Мағауин сияқты қаламгерлердің адам жанының психологиялық қилы-қилы сырларын, жан дірілін, сезімділігін ашу мен берудегі зерделі ізденістері айқын да нәтижелі деп батыл айтуға болады.

Осы тұрғыда Ж.Дәдебаев: «М.Әуезов өзінің ойшылдығымен де, суреткерлік билік талғампаздығымен де қазіргі жазушылардың творчестволық ойларына кең өріс ашты. М.Әуезов дәстүрі қазіргі жазушылардың бойындағы творчестволық күштеріне, суреткерлік жаңа, тың ойларының тууына түрткі болып, қозғау салумен қатар кейінгі жазушының творчестволық үрдістеріне бағдар да сілтеді. Сондай-ақ М.Әуезов дәстүрі қазіргі кезеңнің әдеби дамуында кейбір құбылыстардың жедел дамуына, кең қанат жайып, өнімді өркендеуіне де ықпал жасады» [65; 45] деп жазады.

Соңғы жылдары қазақ әдебиетіне, әсіресе проза саласына адамгершілік, мораль тақырыбында жазылған көптеген әңгіме, повестер келуде. Бұл шығармалардың бәрінде де адамның табиғатқа мейірімсіздігі, әділетсіздігі әр қырынан көрсетілген. Адам кейде тіршілікте өзін ең керекті деп біліп, бірінші болуға ұмтылады. Сөйте отырып өзіне де, өзгеге де зиян келтіретінін аңдамайды. Адам өзінің табиғатсыз өмір сүре алмайтындығын, адам – табиғаттың бір бөлігі екенін естен шығарады.

Ә.Кекілбаевтың Бәйгеторысы /«Бәйгеторы»/ [68], М.Мағауиннің Лашыны /«Тазының өлімі»/ [69], О.Бөкеевтің Бурасы, Кербұғысы /«Бура» , «Кербұғы»/ [70], С.Санбаевтың Аруанасы /«Аруана»/ [71] – осындай адамның мейірімсіздігінің, өзім ғана деген келеңсіз қылықтарының құрбандықтары.

Жазушылар шығармаларында табиғат суретін бергенде оның сұлулығы арқылы оқырманның рухани дүниесін оятуға тырысады.

Суреткерлердің бәрі де өз шығармалары арқылы адам мен табиғат мәселесінің ерекше бір ұлттық сипаттағы, терең философиялық сарындағы концепциясын жасады. Олар адамның өмірдегі рөлі туралы идеяны жануарлар көзқарасы

арқылы көрсетеді. Бұл жазушылардың шығармаларын сөз еткенде бір тақырыпты қайталап жазып жүрген жазушылар деуге болмайды. Олар өз қоғамындағы өзекті мәселелерді сөз ете отырып, сан түрлі ой қозғайды.

М.Әуезовтің шығармаларындағы жоғарғы көркемдік шеберлік кейінгі жазушылардан үлкен жауапкершілікті талап ететіндігі сөзсіз. Олар жоғары көркемдік жетістікке жету үшін өз кезеңінің идеялық-көркемдік дамуымен қатар, М.Әуезовтей суреткердің үздік шығармаларындағы тәжірибені игеруі, оған сүйенуі заңды. Осындай озық үлгіні үйрене отырып жалғастырған жазушыларымыздың шығармалары жаңа мазмұнымен толыға түсті. Кейінгі жазушыларымыз шығармасында табиғат суреттерін жан-жақты қолдана отырып, терең философиялық ой тербеді. Олардың кейіпкерлері табиғатты сақтау үшін күресуге, табиғатпен үйлесімді өмір сүруге болатынын көрсетеді. Өз шығармасында табиғат суреттерін қолдануда әрбір жазушы өз жаңалығын ала келді. Бұл туралы ғалым Б.Майтанов: «Құнарлы идеялық-көркемдік ізденістер – әдеби даму сипатына тән қасиет. Дәстүрге адалдық дәстүрмен шектелуде емес, сол ауқымда, сол негізде бар нәрсені дамытуда, жетілдіруде жатпақ», - деп жазады[72; 8].

Қарастырылып отырған 60-80 жылдары жазылған шығармалар С.Әшімбаев, Р.Нұрғалиев, Х.Әдібаев, С.Қирабаев, Н.У.Исина [73] т.б. ғалымдардың еңбектерінде талданған.

Сонымен қатар әр кезде баспасөз бетіндегі мақалаларында З.Серікқалиев /«Жастар прозасын барлағанда»/ [74], Ә.Кекілбаев /«Өмірстанға тағы бір саяхат»/ [75], С.Қирабаев /«Табиғатпен туыс талант»/ [76], Т.Сыдықов /«Зерлі тілді, зерделі жазушы»/ [77], Е.Аманшаев /«Кеңістік пен кейіпкер әлемі»/ [78], А.Рамазанова /«Сұлулық тұнған сырлы әлем»/ [79], М.Ахметжан /«Шешен тілді, шебер жазушы»/ [80], Г.Жәлелова /«Табиғат пен адамды үндестіру»/ [81], К.Әбдесұлы /«Т.Әлімқұлов шығармаларындағы тарихи шындық пен көркемдік шешім»/ [82] тоқталады.

Жазушыларымыз өз шығармаларындағы айтар ойын, суреткерлік көзқарасын тұспалдап, психологиялық тұрғыда жеткізуі немесе философиялық символизмге ден қоюы

зандылық. Ал әдебиетіміздегі философиялық символика М.Әуезов шығармаларынан бастау алып жатыр. Сондықтан да бұлардың бәрінің де бастауы – әдебиетіміздегі осы тақырыпқа арналып, жазылған тұңғыш туынды М.Әуезовтің «Көксерек» повесінде жатыр десек қателеспейміз.

Қаламгердің шығармашылығындағы озық үлгілерді үйренуді оны қайталау деп түсінуге болмайды. Бұл жазушылардың бәрі де үлгіні жаңалықтармен толықтыра отырып, өз қоғамындағы өзекті мәселелерді айтады, сан түрлі өзіндік ой толғайды.

Бұл тұста: «Жаңашылдық қашанда соны идеялық-көркемдік ізденістермен толығады. Тақырыптың жаңалығы барша табысқа кепіл емес. Жаңалық жазушының өмір құбылыстарына келу тұрғысынан, көз көрген, құлақ естіген фактілерді қорыту, ойлау позициясы мен суреттеу принциптерінен, белгілі бір идеяны жеткізу ерекшелігінен аңғарылмақ. Бұған кейіпкер таңдау, сюжет, композиция құру тәрізді жазушының дара стиль өзгешеліктері де қосылады. Алайда, әр автордың қайталаудан алыс, жаңалығы мол тың қасиеті шығарма беруге ұмтылысы әрдайым дәстүр сабақтарымен астасып жатқанда ғана жемісті. Бұл күндері адам характерін ашуда, қаһарманның жан-дүниесін, рухани әлемін бейнелеуде классикалық үлгілермен есептеспейтін қаламгер жоқ. Ұлы суреткерлер шығармаларымен үйрену мақсатындағы, саналы түрдегі таныстық болмаған күнде де ілгері өнердің ықпалдық күші сол өнерден тағлым алған басқа қаламгерлер творчествосы арқылы келуі әбден мүмкін» [72; 7-8] деген пікірмен толығымен келісуге болады.

Жалпы әдебиетіміздегі аталған тақырыпты сөз еткен шығармалардың зерттелуіне келсек, біршама зерттеу еңбектер мен адам мен табиғат концепциясын сөз еткен әдеби-сын мақалалар бар. Арнайы тоқталмағанымен, М.Мағауин /«Соны соқпақ - кең өріс»/ [83] Д.Исабеков /«Бүгінгі шындық ертеңгі тарих»/ [84], М.Сқақбаев /«Көрікті әлемдегі көркемдік ізденістер»/ [85], Р.Тоқтаров /«Әдеби бейне және көркемдік шешім»/ [86], Е.Әмірхан /«Мәңгілікпен межелеу»/ [87], т.б. сияқты әдебиетші, сыншылар өз мақалаларында сөз еткен.

Адам мен табиғат мәселесін арнайы қарастырған А.Рамазанованың зерттеу еңбегі бар. Ол «Қазіргі қазақ повестеріндегі адам мен табиғат мәселесі» деген еңбегінде әдебиетіміздегі бір топ жазушыларымыздың шығармаларындағы ерекшеліктеріне тоқталады [7]. Ол өзінің «Қазіргі қазақ повестеріндегі адам мен табиғат мәселесі» деп аталатын зерттеуінде 70-80 жылдардағы экологиялық тақырыпта жазылған О.Бөкей, М.Мағауин, Д.Досжанов, Ә.Асқаровтардың повестері негізінде адам мен табиғат қарым-қатынасы мәселесінің көркемдік шешім табуы жайын ғылыми тұрғыдан қарастырған. А.Рамазанова негізінен қазақ әдебиетіндегі экология тақырыбын игерудегі көркемдік ізденістерді О.Бөкей шығармашылығы негізінде ашып көрсетеді. Жазушының көркемдік әлемінің ерекшеліктерін жан-жақты талдайды. Еңбектің бір тарауы түгелдей осы мәселеге арналған. Мұнда жалпы әдебиеттегі суреткердің көркемдік әлемі туралы теориялық мәселелерге көп тоқталады, адам мен табиғат қатынасын осы тұрғыдан шешуге тырысады. Ал екінші тарауда М.Мағауин, Д.Досжанов, Ә.Асқаровтардың шығармаларын қарастыра отырып, жалпы экологиялық шығармалардағы ұлттық ерекшеліктерге баса назар аударады. Оларда аңыздар мен мифтердің пайдалану ерекшеліктерін зерттейді. Бұл жазушылардың шығармаларын осы тақырыпқа қалам тартқан Э.Хемингуэй, Ш.Айтматов сияқты белгілі жазушылардың шығармаларындағы ортақ ұқсастықтарды көрсете отырып талдайды.

Ғалым өз ойын қорыта келе: «Жалпы жазушыларымыздың соңғы кезде адамгершілік мәселесін көбірек қозғауы, адамның ішкі дүниесіне жіті үңіліп, жанына тереңнен барлау жасап, сөйтіп, сезімін тәрбиелеуге құлшынуы жайдан-жай болмаса керек. Бұның өзі бір жағынан заңды да. Өйткені, бүгінгі уақыт талабы, қазіргі қайта құру кезеңі адамгершілік пен азаматтыққа қатты көңіл бөліп, бәрін де адам, адамдық фактор шешетіндігін, бәрі де адамгершілікке келіп тірелетіндігін күн тәртібіне қойып отыр. Сөйтіп, адамгершілік тақырыбына ерекше ықылас бөлінуі қазіргі әдеби процестердегі ұнамды сипат дер едік», - деп түйіндейді. Суреткерлердің көркемдік әлемін жан-жақты талдай

отырып, әдебиетіміздегі экологиялық тақырыптағы шығармалардың ұлттық ерекшелігіне баса назар аударады .

Орыс әдебиетінде адам мен табиғат қарым-қатынасына арналған шығармалардың көбеюімен бірге, сыни мақалалар мен зерттеулер де көбейе түсті. Олардың қатарына С.А.Липин [88], Ю.Бондарев [88], В.А.Лось [90], Я.Соколовска [91], Н.Н.Старченко [92], О.Ю.Трыкова [93], Ю.Селезнев [94], Э.А.Шапавалова [95], М.Ц.Цыренова [96], Г.Белая [97], Д.С.Лихачев [98], Л.Гинзбург [99] т.б. мақалары мен зерттеу еңбектерін жатқызуға болады.

Ал қырғыз әдебиетінде осы тақырыпты өз шығармаларына арқау еткен белгілі қырғыз жазушысы Ш.Айтматов болса, оның шығармалары туралы да бірнеше зерттеу еңбектер (Б.Тагаев [100], Н.Сыдыков [101], А.Х.Исенов, В.Воронова, К.Асаналиева, Ж.К.Бакашова, П.М.Мирза-Ахмедова т.б.) бар.

Ғылым мен техникалық прогрестің даму барысында қоршаған орта мен қоғам арасындағы қарым-қатынастың карама-қайшылықтары айқын байқалуда. Адамзат мұның салдарын табиғат өзгерісінің келеңсіз нәтижелері арқылы сезінуде. Адам мен қоршаған ортаның арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы жер бетіндегі тіршілік атаулының бәріне қауіп төндіріп отырғаны белгілі. Бүкіл адамзатқа ортақ рухани-мәдени мәселеге айналып отырған бұл күрделі проблема қоршаған ортаға ғана емес, ұлтымыздың болашақ бағдарына, салауатты дамуына, сана сергектігіне де ықпал етуде.

Бүгінгі күні әлемдік кеңістікке шығып, маңызды жетістіктерге қол жеткізгенімізбен, адам бойында табиғи ортаға, ұлттық құндылықтарымызға, өзге адамдарға деген жанашырлықты орнықтыру, табиғатты қорғау мен сақтау, сұлулықты ұғыну, жауапкершілікті және саналы қарым-қатынасты қалыптастыру – өзекті мәселелердің бірі екені сөзсіз.

Адамдардың қоршаған ортаға гуманистік көзқарасын қалыптастыру ұзақ та күрделі процесс. Қоғамдағы мұндай өзекті мәселелерді шешу жолдарын қарастырудан әдебиет те тыс қалмайды. Экологиялық мәселелерді арқау еткен прозалық шығармаларда қаламгерлер адам мен қоршаған ортаның

арасындағы қарама-қайшылықтардың салдарын, кейіпкердің психологиясындағы қиындықтарды көрсету арқылы адамзатты салмақты ойға шақырады.

Әдебиеттің негізгі міндеті – қоғамдағы әртүрлі мәселелерді көркем бейнелеп жеткізу, адам санасының мүмкіндіктерін зерттеу болып табылады. Бқл жазушыларымыз табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынасты беру арқылы осындай сезімдерді қалыптастыруды мақсат етеді.

Қоғамдағы шындықты бере отырып, оқырман өз-өзін танысын, сол арқылы өз әрекеттеріне есеп берсін дейді. Осы тұста өз шығармаларында адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты үнемі әр қырынан беріп отыратын белгілі қырғыз жазушысы Ш.Айтматов: «...Бірақ әдебиеттің де өзіндік мүмкіндіктері бар. Онда адам әлдеқайда толық көрінеді. Анығырақ айтқанда – өмірді, тарихты тек проза ғана қайта жаңғырта алады. Әсіресе, реализм. Бұл – өнер атаулының төресі. Өнердегі басқа әдістерде түрлі шарттар көп, тек реалистік проза ғана мұнан тыс, сондықтан да реализмнің мүмкіндігі шексіз. Мұндай прозада өзін туралы ғана айту мүмкін емес, әрқашан қоршаған әлем туралы көбірек айтасың. Сонда да мен жазғанда өзімнің өмір туралы ойларымды, сезімімді көрсеткім келеді, кітабымды оқығанда адамдар өздерін көрсін, өздері туралы білсін деймін» [102; 167] - дейді.

Осы тақырып аясында ой тербеген жазушыларымыздың шығармаларын оқығанда бұл сөздердің шындық екеніне көз жеткіземіз. Олар табиғаттың өзге тіршілік иелерінің психологиясын, сезімін, түйсігін бере отырып, адамзатты солардың көзімен көреді, іс-әрекетіне баға береді, адам қоғамындағы келеңсіз қылықтарды әшкерелейді.

Әдебиетіміздегі жануарлар, хайуанаттар өмірін, тіршілігін суреттейтін философиялық шығармаларды қарастырғанда қалаулы қайраткер, аяулы жазушымыз Ғ.Мүсіреповтің шығармаларын ерекше бағалауға болады. Жазушының кейінгі жазған шығармаларының көбінде жанамалап немесе астарлап болсын адамгершілік мәселесі, ар тазалығы, жан сұлулығы дәріптеліп, суреттелуімен қатар өмірдегі кейбір келеңсіздіктер, аяушылық, адамшылық сияқты сезімдердің аяққа тапталуы, өмір

сүрудегі даңғаза дарақылық, мақсатсыз, мағынасыз қызық құру сияқты көптеген мінездер кейде ашық күйде берілсе, енді бірде астарлы образдар арқылы сөз болады.

Уақыт озып, алға басқан сайын әдебиеттің де күрделенуі, ойды білдірудің түрлі тәсілдерінің пайда болуы заңды құбылыс. Осындай ойды жарыққа шығарудың бір жолы – символ. «Символ сөз өнерінде көркем кестеленіп отырған шындыққа әсем ажар, байсалды философиялық астар береді, шығармаға түрлі сыршыл сипат бітіреді» [64; 219] деген пікірге жүгінсек, бұл тәсіл арқылы өз ойын жарыққа шығарудың жазушыдан қаншалық шеберлік, таланттылық қажет ететінін ұғу қиын емес.

Талантты жазушы өмірдің кез келген құбылысынан небір сырды ақтарып тастап, жарқыратын көрсете біледі. Сол құбылыста терең мағына, үлкен философиялық ой, тұжырым жатқанын оның шығармасын оқығанда ғана ұққандай, көргендей боласың.

Осындай күнделікті тіршілікке қанат бітіріп, биікке самғату сияқты шеберлікті Ғ.Мүсіреповтің «Өмір жорығы», «Қыран жыры» сияқты әңгімелерінен көруге болады. Жазушы «Өмір жорығында» су астының таңғажайып терең сырлы өмірін бейнелесе, «Қыран жырында» аспан әлемінің шырқау биігін, оның құдіретті құсы – қырандар жайын жырлайды.

«Өмір жорығы» шығармасы туралы Р.Нұрғали: «Өмір жорығы» – новеллистиканың ең үздік, ең айтулы туындыларымен деңгейлес шығарма, қазақтың бүгінгі көркемдік ойының жақсы бір жемісі» [24; 198] - дейді. С.Әшімбаев, Х.Әдібаев сияқты сыншы-ғалымдардың ойлары да осы арнадан табылады.

Әрине, табиғаттағы тылсым сұлулықтың сырын түсіну, оны орынды қызықтай білу де адамның пәк сезімін танытса керек. Табиғатқа, ондағы сиқырлы да сан қырлы сұлулыққа деген аяушылық сезім – сол адамның өмірге деген сүйіспеншілігінің белгісі сияқты.

«Өмір жорығы» әңгімесінің не жөнінде екенін естіген адам балық туралы, балықтың уылдырық шашуы туралы не жазады деп ойлауы мүмкін. Ал шығарманы оқығанда, ұлы өзен ағысын, мұхит толқынының шуылын естігендей, сондағы

кішкене ғана тіршілік иесі – балықтардың арасында біте қайнасып жүргендей сезім пайда болады. Жойқын теңіз тереңінде өз серіктерін, болашақ ұрпағын аман сақтаймын деп жан ұшыра жүйткіген Көкқасқа еркектіктің, аталықтың, ұрпақ көшінің басшысы тәрізді. Оның өмірге құштарлығы, өз болашағы жолындағы күресі әңгімеде жалынды жігермен, қалтқысыз сеніммен жырланады.

«Алғашқы апатқа ұлы жорық өзеннің теңізге құяр тармақ-тармақ сағасында кездесіп еді. Аран ауыз, теріс азулар жорықты осы сағада бір тосқан екен. Көп қуып әлектенбей-ақ, баяу жосып келе жатқан месқарын аналықтарды қырып салды. Осы қырғын үстінде Азат-мая тұқымының еркек кіндікті Көкқасқалары түгел күйінгендей еді. Бұларда арандай өткір тіс те жоқ, қылғымай жұтар үңірейген өңеш те жоқ».

Міне, өмір күресі, тірлік тартысы осылайша суреттеледі. Балықтардың ұлы жорығы – өмір жорығында кезігер талай тосқауылдар бар, өз мақсатына жетем деген талай жандар қыршынынан қиылар, қиналып, ышқына дем алар, шырғалаңнан шығар жол іздеп шарқ ұрар. Мұнда да көрінетін әлдің әлсізге көрсеткен зәбірі. Аспан әлемінде де, жер бетінде де, су астында да осы заңдылық – өмір заңдылығы, табиғат заңы.

«Көкқасқа тағы да жарқылдай жүзіп, көштің арт жағын бір орап қайтты. Бірен-саран болмаса, құламадан атылып түсіп жатқан балық байқалмады. Өлі күнге түлеп алуды, ажарланып алуды ойлаған қырсау еркектердің көбі құламадан өте алмай кейін қайтқан сияқты. Олар көштің арт жағында еді. Жүзген түрлері құжың-құжың, қимылдары болымсыз болатын. Қазір ондайлардың анда-санда ғана бірі көрінеді. Ер мен ездін, батыр мен қорқаудың, әділет пен қастандықтың тартысы. Көкқасқа күрес, арпалыс үстінде әбден қалжырап, шаршаған кезде, төбелеске жақындамай, ауыртпалықтан айналып өтіп жүрген осындай құлқын құлдары той қызығына белшесінен батып, қарық болады. Бұлар туралы «қырғын майдан үстінде де қырттар семіреді» дегенді айтуға болады.

Шығарма балықтардың уылдырық шашу кезіндегі өмірінен хабардар етеді делік. Су түбіндегі балықтардың тіршілігін, сезімін, жан-дүниесінде болып жатырған өзгерістер

мен құбылыстарды жазушы солардың арасында өзі болып келгендей әсерлі де нанымды суреттейді. «Аштық, тоқтық, демалыс дегендерді түгел ұмытып тырбанып жатырған» балықтар әрекетінен олардың болашақ ұрпағы үшін, келер күн, алдағы өмір үшін жан аямай, өмірін беруге әзір екенін көруге болады. Мұндай балықтар өмірінің әрбір сәтін қалт жібермей, үлкен тебіреніспен жырлауды американың белгілі жазушысы Э.Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» әңгімесінен кездестіруге болады. Жазушыға осы шығармасы үшін Нобель сыйлығы да берілген. Міне, әдебиетіміздегі Ғ.Мүсірепов шығармасы да мұнымен тең түсе алатын шығарма екені даусыз.

Ғ.Мүсіреповтің «Өмір жорығы» атты философиялық ойға құрылған әңгімесі табиғат құдіретіне бас июді ғана емес, қазіргінің жалғасы, болашақтың тұтқасы жас ұрпақты дүниеге әкелуге сүйіспеншілік пен оған деген азаматтық жауапкершілік, аналық, әкелік сезімдерді қастерлеу туралы сыр десе де болады.

Сол сияқты «Қыран жырында» да көтерілген мораль, адамгершілік мәселесі мегзеумен, символ арқылы берілген. Әңгімені оқып шыққанда жазушының осы шығармасы не айтқысы келгенін бірден ұғу қиын. Жазушының тереңнен толғаған, шымырлаған ой ағысына зер салып үңілмесең, түсіну оңайға түспейді.

Шығарманың басында Ержан аңшы, оның қыран бүркіті туралы, ауыл өмірі туралы сөз етілсе, кейіннен қырандар тұрмыс-тіршілігіне ауысып кетеді. Қырандар тартысы екі қыранның әрекетін, қимылын салыстыру түрінде беріліп отырады. «Қызынып кеткен еркек қырандар өзара сайысып кетті. Сар балақ ұзақ ағып кетіп, кең орап қайтады. Тәсілқой Тасқара жақыннан орап, табан астынан тап береді. Бірақ тырнаққа тырнақ ілігер жерге келгенде тайқып кетеді. Төмен сүңгиді, бұрылып кетеді, ұябасардың тасасына қарай ұмтылады».

Бұл көріністер арқылы жазушы ұрпақ өргізуге деген құштарлық қырандардың да жанын жегідей жейтінін көрсетеді. Олардың өз ұрпағын өмірге әкелу алдындағы сайысында өмірдің үлкен заңдылығы жатыр. Қатал табиғат пен әртүрлі қауіп-қатерге аң-құстың ең мықтысы, қаражан қайраттысы ғана

шыдайды. Шығармадағы: «Қыран баласына дүние әрі кең, әрі тар. Достары да аз емес, жаулары одан да көп. Азияның аязына, Африканың ыстығына шыдар ұрпақ керек. Қарны тойса қалғып сала бермейтін ұрпақ керек. Оңай көріп, сарышұнақ аулап, ін күзетпейтін ұрпақ керек. Қыран баласы осыны ойламай біледі. Қыран баласы осыны ойламай істейді. Оның аты – табиғат тылсымы» деген жолдардан қырандардың болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін көруге болады.

Сырттан қарасаң әңгімеде қырандар тірлігі ғана сөз болатын сияқты.

Жазушы қырандар бейнесін тереңірек ашып көрсетуде, оларды адамша сөйлетіп, солардың аузымен үлкен мағыналы ой айтқызады. «Өкшелес буын ойыныңа, ойыңа қараймын... Биік ұшсаң – қуаныш, төмен ұшсаң – өзің өкінерсің... Мен де қуаныш көрген, өкініп көрген ағаңмын. Қызығып та қоямын, қынжылып та қоямын... Өзім ұшып жете алмаған биікті сендерге тілеймін. Өзің аспанда, ойың төменде жүргенше, өзің төменде, ойың аспанда жүрсін, жаным. Биік деген немене, төмен деген немене, сонда түсінерсің». Шығарманың негізгі айтайын деген ойы, идеясы, тобықтай түйіні осы қыран сөзінде сияқты.

Сонымен қатар шығармада қырандардың балапандары жұмыртқаны жарып шығып, көзін ашқанынан бастапқы аналық, әкелік сезімдері, мейірімі жан-жақты талданады. Одан әрі өз ұрпағын тәрбиелеуі шебер суреттеледі. Әке мен ананың арманы өз жалғастығының есейген, өз күнін өзі көрер күнге жеткенін көру. «Тезірек ұшса екен, дүние таныса екен... Қоянды ала алмай ызаланса екен... Аяз келіп қалғанша әке-шешелеріне еріп ұшып ананы-мынаны үйренсе екен... Ұяда күнде жеп жүрген тамақтары жүгіріп жүрген төрт аяқ екенін таныса екен. Алысар, жұлысар барын білсе екен...». Міне, әке арманы, ана тілегі осы.

Жазушы осындай қыран тірлігін беру арқылы тірліктің өтпелілігін, уақыт заңы өз дегенін жүргізетіндігін, алдыңғы мен кейінгі буын арасындағы қарым-қатынасты, олардың бір-бірін сыйлай, құрметтей білуін, орынды іс пен орынсыздықты жырлайды.

Осы екі шығармасында да балықтар мен қырандар өмірі арқылы адамдық іс-әрекеттер мен мінез-құлықты сөз етеді.

Соларды астарлап, мегзей отырып білдіреді. Екеуі де өмір туралы, ұрпақ туралы ойлар толғайды. Әңгімелерді оқып отырғанда, адам қоғамы, тұрмыс-тіршілігі көз алдына елестейді.

Осы сарындас шығармалар қатарына Т.Әлімқұловтың «Текті қасқыр» әңгімесін жатқызуға болады.

«Сайын даланы күнгеі мен теріскейге бөліп, шығыстан батысқа қарай созылып жатқан ежелгі таудың іргес-тіркестерін, үзіліп, жондатып, қайта жалғасатын тұстары пішіміне қарай әртүрлі аталады. Найза ұстаған батыр, көш бастаған келіншек, жусаған жылқы, шөккен түйе, жортқан қасқыр қилы-қилы белгіге айналған. Бір бүйірлеп жырақ біткен шақат заңғар мен тастақты шоқы – Бөлек деген есімде. Бөлек десе дегендей. Арасын қылышпен шапқандай заңғар мен шоқы алыстан карағанда тұтасып, дөңгеленіп, тау сілемінен жырақтанып тұрады» [103; 126].

Осылайша табиғат көрінісін суреттеуден басталатын шығармада қасқыр ұстасам деп ұзақ уақыт ізге түскен Бұғыбай аңшының іс-әрекеті суреттеледі. Ол қақпанға түскен қасқырға көңілі тоймай жүріп, ақыры бірде қасқыр ініне кездеседі. Ондағы үш бөлтіріктің екеуінің көзін ойып тастап кетеді де, біреуін тірсегін қиып, балама ермек болсын деп алып кетеді. Мұның артының неге апарып соғарын ойламайды да.

«Қасқыр оқыс орағытып, биік шоқының үстіне құлағанда күтпеген ойранның үстінен шықты. Қақпан бел қаншық аузындағы суырды тастай беріп, атылды. Жақындап келді де кейін шегінді. Бір сәт көзсіз көбелектей шырқ айналып қалды. Өзін-өзі шайнап тастарманға келіп жарықшақ қыңсылап, айнала жүгірді. Айталы бөрі шарасыз тәуекелге басты. Айнала шауып бірде қыңсылап, бірде арсылдап, жалын күдірейтіп, айбар шекті [103; 134].

Шығармадағы адам мен табиғат өкілі тұз тағысының арасындағы қайшылық, күрес осы жерден басталады. Аңшының бұл қылығы қасқырдың ыза-кегін тудырады. Қатты ызаланған қасқыр енді Бұғыбай аулына тыныштық бермейді. Тіпті кейде күніне екі рет малға шабады. Оның басқа ауылдарға бармай, тек қана осы ауылға соқтығысуында да үлкен мән бар. Ол өзіне қиянат жасамаған, зәбірі тимеген ауылдарда жұмысы жоқ, тек өз

кегін алғысы келеді. «Қасқыр өзі меншіктеп алған жердің малына, қыс қатты болып, аса ашықпаса тиісе бермейді. Қайта бөгде қасқырларды жолатпай, қорғап жүреді. Үйірлі қасқырлар түнімен алма-кезек өздерінің меншікті мекенін қадағалап, әр жерге зәр сындырып, тезек тастап, бір ізбен жортып, күзетіп шығады. Әсіресе, мұндай күзет қаншық қасқыр бөлтірік туғанда аса күшейеді. Жат үйірдің қасқырлары кіріп кетсе, дереу қуалап шығады. Ондағысы малды жеп, не жарақаттаса, мал иесі бұлардан көріп, бауырын енді көтере бастаған бөлтірігіне зиян жасар деген ой» [104; 219] – дейді өз шығармасында осы қасқырлар өмірін, тірлігін суреттеуді жиі пайдаланатын белгілі қырғыз жазушысы Ш.Айтматов. Осыдан-ақ біз ішкі жан иірімдеріне үңіле бермей, хайуан деп қана қарайтын қасқырдың өзіндік ақыл-ойының қайда жатқанын байқауымызға болады.

Т.Әлімқұлов әңгімесіндегі ұрғашы қасқыр бөлтіріктерінен бір айырылса, бір күшігінің өзіне қастандық жасаған адам қолынан тамақтанып, соларға қызмет етіп жүргені жанына одан бетер батады. Оның осы күйзелісін, жан қиналысын жазушы өте шебер суреттеген.

«Осы қыранның сілемінде ара-кідік көз, бастау бар-ды. Баршасы көміліп қалыпты. Қасқыр жыпырлаған қиқы-сиқы қамыстың түбін тырналап, қоңыр балшығын аршып, лай суды жалады. Түзде ұзақ жортқан ол түс ауа титықтады. Өзегі өртеніп барады. Ине жұтқан дүрегейдей мықшыып, көзі кержағалданып, қақпан белі қиралаңдап қалды. Сары жұртты тіміскілеген бұралқы бөріге құзғындар қарқылдасты». Ол өлген бөлтіріктері үшін бір қиналса, «ғұмыр бойы қасқыр атаулыны көзбен көріп, құлақпен естімесе, бөлтірігім не болмақ? Итке айналуы кәдік» деп тірі бөлтірігі туралы да қауіп ойлап, жаны тыншымайды».

Қалайда кек алуды ойлаған қасқыр, бірде Бұғыбай аңшының үйін тауып, аңдып жүріп түзге шыққан сәбиін алып кетеді. Оны жемей, өз апанының жанында өліп жатырған, көздері ойылған екі бөлтірігінің арасына апарып, екі көзін ойып тастап кетеді. Қараңыз, біз хайуан деп місе тұтпай жүрген, жыртқыштың іс-әрекетін. Ол мұнымен кегім бітті деп ойламайды. Өзінің болашақ ұрпағының жойылуына себеп болған аңшының өзін өлтіргісі келеді.

Мұнда көрініс тапқан бір мәселе – табиғаттың адамдардың өзіне жасаған зұлымдығы үшін кек қайтаруы. Шығармада табиғаттың өкілі ретінде қасқыр алынып отыр. Қасқырдың екі бөлтірігін өлтіріп, біреуін өзіне қызмет еткізген адам өзін жеңімпаз санайды. Адамның ақылы мен аялысына тұрар күш жоқ деп есептейді. Өзге тіршілік иесінің жан күйзелісі туралы ойланбайды да. Бірақ оның қуанышы ұзаққа бармайды. Өздері зұлымдық көрсетіп, қайғыға ұшыратқан түз тағысы кегін алмай қоймайды. Адамдардың өз бөлтіріктеріне жасаған қастандығын сәбиіне жасап, өз зұлымдығын алдына келтіреді. Адамдардың басты қателігі – өзге тіршілік иелерінің сезімімен санаспайтындығында жатырған сияқты. Осы орайда «Табиғатты қорғай отырып, адам өзінің отанын қорғайды» деген қағиданы есте ұстаған жөн сияқты.

«Текті қасқыр» әңгімесін оқи отырып, ондағы М.Әуезовтің «Көксерек» повесіне ұқсастықтарды байқау қиын емес. Т.Әлімқұлов шығармасында да адам қолында өсіп келе жатқан асыранды бөлтіріктің әрекеттері баяндалады. Күшіктерінен айрылған ұрғашы қасқырдың психологиясы, айла-амалы мұнда да шебер, нанымды тілмен бейнеленген. Ең бастысы – екі шығармада да жыртқыш тырнағынан күнәсіз пәк сәбилер қаза болады.

Қарап отырасақ, екі шығармадағы үндес сарындар, әуендес көріністер, ұқсас бояуларды табу қиынға соқпайды. Десекте, «бұл бір жазушы екінші жазушыдан жиендік жасап, оп-оңай көшіріп ала салған дайын сюжет, өзгермес қалып емес, құбылыс сипатынан, объекті ерекшелігінен туған жалпы ұқсастық» [105; 174-175].

М.Әуезов шығармасында адамдар сәбиін өлтірген жыртқышты өлтіріп, кегін қайтарса, «Текті қасқырда» оқиға басқаша аяқталады. Бұғыбай аңшы күнәсіз сәбиін өлтірген қасқырды ұстай алмайды. Бұл – оның ойламай жасаған аяусыз қылығына берілген жаза тәрізді. Ол тек: «Еруліге қарулы деген осы! Шейіт болған баламның қайғысын қасқырдың бөлтірігі жуып шайды» деп өзіне олжа түсірген бөлтірікті жанына медет тұтып, жұбаныш етеді [103; 144]. Бірақ оның анасының даусына жауап беріп, бірінші рет ұлығын естігенде тіксініп қалады.

Керісінше, ұрғашы қасқыр тірі қалғанымен, кегім толық қайтты деп ойламайды. Бұл туралы әңгімеде былай суреттеледі: «Бұның жанына көзі ойылған бөлтіріктері батпайды. Оның есесі қайтқан! Бұны жегідей жейтін аңшыға тұтқын болған, адамның қолынан сүт ішетін маймағы...» [103; 143]. Оның ендігі бар ойы – осы маймақ бөлтірігін азат ету. Тұз тағысының Бұғыбай аңшыны өлтіргенде ғана жаны жай табатындай. Бірақ оның бұл ойы іске аспайды. Іздеп келгенде, қыстауға көшіп кеткен ауылдың орнын сипап қалады. «Ол ұзақ жортты. Жайлауға келгенде, қырсыққа қарай жауын толастады. Ішін тарта соққан дауыл дауыс салудан шаршаған қаралы жесірдей өксіп-өксіп үзілді. Кекті қасқырға көзге түртсең көргісіз қараңғылық, ғаламат сұрапыл, толассыз түлей, тылсым түнек керек еді. Бөлтірік ұстаушының үйіне жетіп, аңшыға ауыз салмақ болғанда, тәуелдісіз табиғат айнып, көзіне шөп салды, қасқыр өзек жара өкініп, аяғымен қар теуіп, бұлқылдатты» [105; 143].

Жазушы қасқырдың күйін, кек алам деп әбден шаршағанын, жанын қинаған сезімді, қара түнекті осы сұрапыл дауылмен салыстыра отырып білдіргендей. Бірақ табиғат заңдылығы оған жол бермейді. Аңшының баласының өлімі де жеткілікті дегендей, «табиғат айнып, көзіне шөп салды».

Қарап отырсақ, жазушы өз кейіпкерлерінің қайсысына болса да өз шешімін айтпайды. Олардың іс-әрекеттерінің дұрыс-бұрыстығын оқырманның өз бағалауына қалдырады.

Бұл шығарма табиғат тек қана адамзаттың қолданысы үшін жаратылмағанын, әрбір тіршілік иесінің өз өмірі, өз әлемі бар екенін, соған зиян келтіруде адамдардың ойлануы керек екенін дәлелдей түседі.

Әрине, жазушы тек қана жыртқыштың психологиясын ашу немесе табиғат көріністерін суреттеумен ғана шектелсе, онда шығарма өз дәрежесіне жете алмас еді. Мұнда қазақ аулының тіршілігі де, ондағы адамдардың бейнелері де әр қырынан көрінеді.

Сол сияқты Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, О.Бөкей тәрізді белгілі жазушыларымыз да М.Әуезов шығармаларындағы адам мен табиғаттың қарым-қатынасы туралы мәселені өз заман

шындығына сәйкестендіріп бере отырып, дәстүрді жалғастырады.

Ә.Кекілбаевтың «Бәйгеторы», М.Мағауиннің «Тазының өлімі» повестерінде ұлттық мәселеге баса көңіл аударылған. Қазақ – о бастан-ақ шын мәніндегі серілікті қатты қадірлеген халық. Бұның екінші жағында өмірдегі, табиғаттағы, адам бойындағы әсемдікті, пәктікті, сұлулықты қадірлегендік жатқан сияқты. Халқымыздың болмысындағы баптап қыран құс ұстауы, желмен жарысқан алғыр тазы жүгіртуі, үкілеп бәйгеге сәйгүлік атын қосуы, шүйгінді жерлер мен мөлдір сулы бұлақ бойын, шалқар өзендер мен көлдер бойын жағалай көшіп-қонуы тегін емес. Бұл да табиғатқа деген іңкәрлік сезіммен астасып жатыр. Шығармаларда жануарлар психологиясымен қатар қазақ халқының осындай әдет-ғұрып, ұлттық салт-дәстүрлері терең көрініс тапқан. Яғни, «реалистік дәстүр үлгісін ұлттық топыраққа лайықтап, сол орайда жаңа бояулар, тың өрнектер тапқан».

Сонымен қатар, шығармаларда жануардың ішкі жан-дүниесі, күйзелісі, психологиясы, өмірге, айналасында болып жатырған құбылыстарға, адамға, олардың іс-әрекеттеріне деген ойы, түсінігі жан-жақты шебер де нанымды көрінеді.

Жоғарыдағы М.Әуезов, Т.Әлімқұлов шығармаларында адам мен табиғат арасындағы бітіспес тартыс, күрделі қайшылық суреттелсе, бұл повестерде табиғат пен адам бір-біріне қарсы қойылмайды. Жылқы, ит адамға тәуелді, олардың қандай әрекетіне болса да көнеді, көнбеске шарасы да жоқ, олар үшін адам барлық тіршіліктің иесі.

«Мен қайдан келдім, қалай жаратылдым, дүниеде құдай бар ма, жоқ па деген сияқты сауалдар күшіктің басына келген емес-ті. Бірақ осы оқиғадан соң Лашын әлемде құдіретті күш иесі – тәңірі барлығына және оның қолынан келмейтін нәрсе жоқ екеніне ден қойды. Бұл тәңірінің аты – Адам еді» [68; 121]. Осылайша ойлаған Лашын тазы адамның кейбір әрекеттерін түсінбейді де, бірақ оның артықшылығына мойын ұсынады.

«Бәйгеторыда» бәйге атының дүниеге келген сәтінен бастапқы өмірі рет-ретімен көрсетіледі. Г.Бельгер: «Жалпы қазақтың жазба әдебиетінде де ауыз әдебиетіндегідей жігіттің

сенімді серігі жылқыға аса ерекше мән беріледі. Жылқыны жырламаған қазақ жазушысын немесе ақынын табу оңай емес» [106; 111] деп жазады. Ә.Кекілбаев та осы тақырыпты бір қырынан ашып көрсетеді. Мұнда жазушы жылқыны табиғат атынан ала отырып, оның көзқарасымен адамдар бойындағы әділетсіздікті әшкерелейді. Шығармаға философиялық астар бере отырып, өз заманының адамдарын көрсетеді.

Әлемдік классикалық әдебиетте «Бәйгеторыға» ұқсас Л.Толстойдың «Холстомер», А.Куприннің «Изумруд», Ш.Айтматовтың «Қош, Гүлсары» сияқты адам мен жылқы қарым-қатынасы туралы шығармалары бар.

Ш.Айтматовтың шығармасындағы Гүлсары – бұл ең алдымен табиғаттың сыйы, ол сонымен де бағалы. Ол адам мен табиғатты бірлікте көрсете отырып (бұл жерде Танабай мен Гүлсарыны) адамның досы – жылқының өзіндік образын жасай білді. Танабай мен Гүлсары біртұтас, Танабай образы Гүлсарысыз жоғары көркемдік дәрежеде ашылмаған болар еді. Сонымен қатар шығармада жылқының образы да өзінің даралығын сақтай отырып көрінеді.

Әдебиеттанушы Б.Галанов өзінің «...Жазушы табиғат суреттеріне көбірек көңіл бөлетін болды және пейзаж романдағы немесе повестегі өзге де қатысушы тұлғалармен тең дәрежеде көрінеді. Енді жазушыны бірнеше бет, тіпті бір жол пейзаждың қалай берілуі бей-жай қалдырмайды, өйткені ол табиғаттың барлық құбылысын өзінің мыңдаған тылсым бояуларын толықтыруға қолданды, табиғат сезімі арқылы өз кейіпкерінің мың құбылған сезімдерін айқындай білді» деп жазады [107; 131].

Осы тұрғыдан қарасақ, Ә.Кекілбаев шығармасындағы Бәйгеторының образы да басқа кейіпкерлердің образына қарағанда кеңірек ашылады. Ол әрдайым адамдармен бірге суреттеледі, себебі оның тағдыры адамдармен тығыз байланысты, оларды бөлуге болмайды. Жазушы сол арқылы адамдардың бейнесін ашуда да үлкен шеберлік танытады.

Шығармада Бәйгеторының енесінен ажырауы, басына алғаш нөқта киілуі, бәйгеге жаратылуы тіптіштеп суреттелген. Дүние есігін енді ғана ашқан жануардың өзін қоршаған ортаны

алғаш көруі, сол сәттегі түсінігі былайша сипатталады: «Көзін ашты. Екі құлағы едірейіп, төбесіне төніп тұрған нәрсенің не екенін білген жоқ. Ұмтылып-ұмтылып төне түседі; жып-жылы қып өне бойын сипалайды, бұл маужырап жата берді. Кенет өне бойы мұздап кетті. Көзін ашып алып, жоғарыға көз салып еді, салтақ-салтақ сұп-сұр нәрсені көрді. Көл-көсір үлкен екен, кішкене жанарына сияр емес» [68; 261].

Повестің басынан аяғына дейін қоршаған орта, табиғат суреттері болсын, адамдардың іс-әрекеті болсын – бәрі де осылайша жылқының көруімен, түйсігімен баяндалады. Шығармадағы өзге кейіпкерлер, тұрмыс-тіршілік, табиғат көріністері бәрі де жануардың қабылдауы арқылы жеткізіледі. Барлық оқиға еске түсіру күйінде берілген. Бәйгеторы Сейіспен кездескенде оның туғаннан бастапқы өткен өмірінің бәрі есіне түседі, соны көз алдына елестете отырып баяндайды.

Шығарманың сюжеті бұрын көптеген жарыстардың жүлдегері қазір далада қалған бәйге атының тарихымен байланысты. Өміріндегі алғаш жарыста үшінші болып келген Бәйгеторы, кейіннен бәйгені ешкімге бермейді. Сол кезде оның аты ел аузында, жұрттың бәрі соның айналасында еді. Бірде оның тұяғы сүрініп, бәйгеге басқа жылқы ие болғанда, оны ешкім елемейді де, шетке қағып, ақыры таяқ жеп, бір көзінен айырылады. Бұдан соң көрмегені жоқ.

Психологиялық талдаудың дәстүрлі әдістеріне сүйене отырып, жазушы Бәйгеторының ішкі жан-дүниесін, сезімін көрсетуде сыртқы дүниені жануардың қабылдауы мен оны адамдардың қабылдауын байланыстыра көрсетеді. «Оған дейін ол иіс дегеннің не екенін білмейтін. Әлі есінде... төңірегі тасыр-тұсыр етті. Жып-жылы бірдеңе үстін еміне жалады. Шырқырып қатты шыққан бір үн жарғақ құлағын жарып кете жаздады [68; 262]. Осылайша жазушының өз ойы кейіпкерлерінің ойымен тығыз байланысып, астасып жатады.

Алдымен ол қойшының үйіне келеді. Сосын оны басқа бір адамдар Сейістің үйіне алып келеді. Бұл жерде оның жаңа өмірі басталады. Шығармада жануардың басынан өткізген күндері, яғни Сейістің оны бәйгеге дайындап, жаратуы, бәйгеде қалай шауып, жүлде алғаны бүге-шігесіне дейін айтылады.

«Бәйгеторы талай қарақшыда алдына жан салмай келді. Бәйге алған сайын бұның селдірлеу қарақошқыл жалын бір сипауға құмарлар көбейе берді. Адамдар неғұрлым сылап-сипаған сайын бұның да көңілі өсе түсті. Бәйге төбеге жиылған жұрттың у-шуы да миына инедей қадалмайтын болды» [68; 290]. Осылайша қоршаған адамның бәрінің назарында болып, масайраған Бәйгеторы тіпті «қасынан адам өтіп бара жатса, маған неге соқпайсың, жалымнан неге сипамайсың» деп оқыранатынды шығарды.

Бірақ бұның бәрі уақытша, оған бәсекелестер шыққанша ғана еді. Соңғы бәйгелердің бірінде мұнымен қатарласып жүрген көктеңбіл ат жеңіске жетеді. Бұл оқиға келесі жарыста да қайталанады. Сонымен жұрттың назарының бәрі көктеңбілге ауады, мұнымен ешкімнің ісі жоқ. Ұзақ уақыт құрметке, марапаттауға ие болып, әбден үйренген Бәйгеторыға бұл ауыр тиеді.

Бәйгеторы бұның бәрі де өтпелі екенін түсінді. «Бәйге жолы сират көпірден өткен сыңар аяқ сын жолы екен; онда қатар келер, қосақ жүрер басы артық соқпақ атымен жоқ болып шықты. Бәйгені қызықтап, қыз-қызға құмартатын жұрттың тек топ жарған дараға ғана жаны қалмай, былайғыны қанша асыл болсаң да көзге ілмейтінін де сол жолы біржолата біліп кетті; бұрын ду көргенде тықыршып тұра алмайтын, ағын судай асып-тасатын көңілі енді жиын көрсе жан шыдатпай шамырқанатын мәңгілік шор жара түйіп кетті» [68; 293]. Шығарманың айтар негізгі түйіні де осында жатса керек.

Басына бақ қонып тұрған кезде Сейіске де сенбей, жем дорбасын өзі толтырып, өзі әкеліп іліп жүрген тапал сары ақыры мұны сабап, көзін шығарады. Мұның орнына басқа тың жылқы тауып, жарысқа қосуға дайындауға Сейіске әкеліп берген тапал сарыға енді Бәйгеторының керегі де жоқ еді. Кезекті жарыстардың бірінде сәтсіздікке ұшыраған жануар тағдырдың, өзін сатып кеткен адамдардың арасындағы әділетсіздікке көзі жетеді. «Содан бері бұл кімнің тақымына түспеді. Ең әуелі бір егінші мінді. Сосын қорықшы мініп, мал қайырды. Шикі кірпіш соғатындарға саз балшық тасып та көрді. Ең соңында почта тасып еді, почташы жуырда осы ауылдың тұсынан өтіп бара

жатып, жол-жөнекей машинаға отырып, мұны тастап кетті» [68; 294].

Шығарманың соңында ол өзін баптаған Сейістің үйіне келеді, оның аялы алақанының жылуын тағы да бір рет сезінеді. Бірақ Сейіс мұның жанында көп кідірмей, жағынан еркелете қағады да, өзінің орнын басқан ала дөненге кетеді. Осы тұста күн мен түннің алма-кезек ауысып отыратыны тәрізді, жақсылықтың да бір күнде құмға сіңгендей жоқ болып кетіп, жаманшылықтың да ауыз жиғанша аяқ астынан болатындығын ойлайсың. Бір кезде шаршы топтан суырылып шығып, бәйгенің алдын бермейтін Бәйгеторының ең соңғы бейшара халі аяныш тудырады.

«Көк ала дөнен суреттей. Мүсінді жылқы екен. Ойнақы денесін ұйыған қатықтай дірілдетіп, аяғын да сұлу алады. Ауылдан былай шыға аяңға басты. Бұл қылт-қылт жүрісті сұлу көк дөнелдің соңынан сүйсіне де, мүсіркей де қарап біраз тұрды» [68; 295].

Әрине, оның сүйсінуімен қатар мүсіркей қарауында да бір сыр бар. Өзінің басынан өткен жай қайталана ма деп ойлайды. Бір күні сен де мендей боларсың, сенің күш-қуатың кеткенде, сенің де орныңды сенен мықты біреу басар деп, өз өмірін есіне түсіргендей. Өмірде үнемі алда бірініші болып жүре беру мүмкін емес. «Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ». Бәйгеторы да қашанғы бәйгеден алдыңғы болып келе берсін. Тұяғы бір рет сүрініп еді, бұрынғы атақ-абырой көзден бұлбұл ұшты. Бәрі теріс айналып кетті.

Сыншы С.Әшімбаев: «Шығарманың философиялық түйіні «Бәйгеторы бәйгеден бір жолы қалғанымен алда тағы да суырылып шығар еді, бірақ оны адамдар өздері қалдырып кетіп отыр» дегенге келіп саятындығын айтады. Сол арқылы өмірдегі әділетсіздікті көрсеткісі келеді, - дейді [28; 405].

Жазушы кезінде барлық қуаныш иесі болып, мадақтауға ие болған, сосын адамдарға керексіз болып қалған жылқының тағдыры арқылы сүйіспеншілік, адамгершілік мәселесін сөз етеді. Адамдардың жануарлар әлеміне, табиғатқа сүйіспеншілікпен қараған қарым-қатынасы ғана адамгершіліктің

белгілерін көрсетеді. Жазушының осы ойы шығармадан анық көрінеді.

Шығармада табиғаттың түрлі бояулары, пейзаж көп кездесе бермейді. Қоршаған айнаның көріністері де жылқының көзімен беріледі. Сондықтан да ондай суреттер ұзақ емес, қысқаша ғана сипатталады. Бірде: «Тау үстінде томпиған-томпиған төбе көп болады екен. Біреуінен өтсе, алдынан екіншісі шығады. Өрге де салды, ойға да құлады, жылға-жырадан да қарғыды» [68; 265] деп суреттесе, енді бірде: «Бір жазда қойшы ауыл бұрын бұл жүріп, бұл көрмеген бір соны жайлауға көшті. Маңай көз талдыратын көл-көсір жазық. Қойдың өрісі жер тістеп өскен жатаған қоңыр жусан. Бір күні иесі құдықтан мал суарып, шай ішуге ауылға келе жатыр еді, қалың қара бұта жақтан өскен шолақ самал қолқанды қабар күңірсік жиіркенішті иіс келді» [68; 267] деп келеді.

Немесе: «Сейістің үйі шоқы-шоқы қаратауды қақ айырып құлайтын бір қара қапы аңғардың табанында екен. Тау жақта сылдыр-сылдыр судың дауысы. Есіктің алдында анадай жерде оймақтай егіс жатыр. Олай қарай мал баласын аттатпайды. Түн болса сол ойдым егіс жақтан көк балауса иіс шығады. Мейіс баяғысындай құрық асынбады. Таңертең, сосын түс ауып, ыстық қайта қолына күрек ұстап егіс жаққа кетеді. Үйдің іргесіндегі келте желіде шабдар бие байлаулы, оның дәл өзінен аумайтын шабдар құлыны нөктасын жұлқып тұр. Сейістің үйінің түрулі іргесінен әдемі саумал иісі аңқиды. Бұны келген күні-ақ, аңғардың ауызындағы кішкене тоғанның қасына өскен өлең шөпке тұсап жіберді. Тау жақтан екі жағасына жал топырақ үйген салма арық құлап жатыр. Арықтың үстін иісі мұңкіген түйе жапырақ басыпты. Астында күні-түні су сарқырайды. Өлең шөп, ағын су. Бұл үшін бір емін-еркін бостан дәурен басталды. Ешкім таң атар-атпастан ерттеп ап, қой қайыртпайды. Күндіз-түні ауылдың қасында, судың қасында» [68; 271] деген суреттердің бәрін жазушы өз шығармасының негізгі кейіпкері – Бәйгеторының көзімен көріп, түйсігі арқылы береді. Мұның өзі жылқының бейнесін нанымды әрі дәл бере білуде үлкен қызмет атқарып тұр. Шығармадағы табиғаттың әсем де сұлу көріністерін жазушының өз атынан сипаттамай, кейіпкерінің

түсінігімен беруі де оның өзіндік стилін, ерекшелігін танытса керек.

Ал «Тазының өлімінде» негізінен кәдімгі ауыл өмірі суреттелген. Сол қазақ ауылын, ондағы адамдардың мінез-құлқын шығармасының негізгі кейіпкері – құмай тазы – Лашынның тағдыры арқылы бейнелеп, көрсеткен. Жазушының бұл шығармасын оқығанда, есіңе белгілі орыс жазушысы Ю.Казаковтың «Арктур – құмай тазысы» түседі. Бірақ салыстырып қарасаң еш ұқсастықты таба алмайсың. Екі шығарманың да негізгі объектісі – ит болғанымен, жазушылардың өз шығармаларында көтерген мәселесі, тіпті шешіміне дейін бөлек. Бұдан жазушының осы тақырыптағы белгілі шығармалармен таныс екенін, бірақ бұл мәселені шешуде өз шеберлігін, тәсілін қолданғанын көреміз.

«Тазының өлімі» туралы Т.Сыдықов: «Ол шындығында тек жазушы үшін ғана көңіл маркайтар табыс деу аз, қазақ совет әдебиетінде Әуезовтің «Көксерек» повесі мен Ғ.Мүсіреповтің «Өмір жорығы», «Қыран жыры» әңгімелеріндегі көркемдік табыстарын творчестволықпен дамытудың озық бір үлгісі еді» дейді [77; 197].

Жазушының бұл шығармасын жазуына үлкен әкесі – Мағауияның басынан өткен жай себеп болады. Қартайғанша ат жаратып, ит жүгірткен қария кейін күші кетіп, аңға шыға алмай отырып қалады. Бірақ тазы аңсырап, үйге сыймайды, кетіп қалып, өзі түлкі алып келіп жүреді. Бірде із-түссіз жоғалады. Кейіннен ауыл адамдарынан, тазының қақпанға түсіп өлгенін естиді. Оны көріп тұрып сол ауылдың адамдары уақыт тығыз екенін сылтау қылып құтқармай кетеді. Сонда болған шопыр өздері машинаға мініп жүре бергенде иттің ұлып қалғанын айтады. Бұл оқиға қарияға қатты әсер етіп, қиналады. Міне, осы жайды жазушы өз повесіне арқау еткен. Бірақ кез келген жазушының өз көрген-білгенін шығармада сол қалпында ғана бейнелеп қоймайтыны белгілі. Бұл туралы: «Ең оңай жол – болған оқиғаны сол қалпында жазып шығу еді. Ежелгі қазақ тұлғасындай ақсақал, оның жүйрік тазысы, әсем табиғат, әрқилы аңшылық көріністері, қарттың тұғырдан таюы, ендігі жұрттың ит жүгіртуге мұршасы жоғы, тазының аңсырап, үйде жата

алмауы, қақпан және болған, белгілі көрініс. Мұндай қалыпта болашақ хикаят аз-маз экзотикасы бар, этнографиялық сипаттағы, сәл-пәл мұнды, ақыр соңында аянышты, қайткенде де тәп-тәуір дүние болып шығар еді. Мен әуелгі жобаның өзінде ақсақал кейіпкерден бас тарттым, өтпелі өмір емес, өзгерген заман кісілері көрінсін дедім» [108; 37-38] деген жазушы сөзінен де көруге болады. Демек, жазушы адамгершілік мәселесін сөз ете отырып, адамдардың бойындағы жағымсыз жат қасиеттердің көрсеткісі келеді.

Суреткердің шығарма көркемдігін арттырып, өз идеясын жеткізуде өмірден алатыны, өз жанынан қосатыны анық. Ол шығармасы арқылы жаны сүйген құбылысты мадақтап, жиенгенін даттайды. Оның бұл ойы шығармада бүркеулі жатады. Астарлап жеткізеді. Себебі, айтпақ идеясы образға айналып кетеді.

М.Мағауин де өз кейіпкерлері арқылы сол ауылдағы өсу мен өшуді, озық дәстүр мен тозық салтты, адамдар санасындағы моральдық өзгерістерді көрсетуді көздеген. Шағын ауылдағы сыры кетсе де, сыны кетпеген халықтық қадыр-қасиеттерді бүгінгі тұрпатымен байланыстыра сөз еткен.

Бұл шығармада да оқиға Лашын тазының ойға түсіруі арқылы баяндалады. Шығармада табиғаттың әсем суреттері, пейзаждың мың құбылған сұлу бояулары молынан кездеседі. Шығарманың басынан аяғына дейін жиі кездесіп отыратын қазақ даласының бай табиғатын жазушы мейлінше шебер суреттеген. Лашынның көзін ашқан сәттен: «Дүние кең екен, жарық екен. Аспан неткен әдемі, көкпеңбек. Аспандағы күн қандай жақсы, бетіне тура қарауға болмағанмен мейірлі, жып-жылы. Қораның іргесінде шоқиып, шуаққа қыздырынып отырған ақ күшік рахаттана қыңсылап жіберді. Асты құп-құрғақ әрі жұмсақ: кеуіп кеткен жылқы тезегі, қиқым шөп-салам. Қарсы алдындағы ойпаң шұқанаққа су іркіліпті. Сап-сары су. Орнынан тұрып барып жалап көрді. Дәмі ашқылтым, сүйкімсіз екен, мал қиының иісі шығады» [69; 109] деп суреттелетін табиғат көрінісі әрі қарай да әр қырынан ашылады. Повестегі пейзажды жазушы көбіне өзін қоршаған ортамен Лашын-тазының танысуы барысында сипаттайды. Мысалы, тазы ауыл

сыртына шыққан сәттегі пейзаж былайша берілген: «Топырақ әлі дегдімеген. Ойпаңдар мен шұқанақтарда булары бұрқыраған іркінді сулар жатыр. Әр жерде – қомақты, биік тобылғылардың түбінде тулақтай-тулақтай қар қалдығы көрінеді. Бірақ әлем өзгеше түрге енген. Төңірек күн сәулесіне бөгіп, манаурап тұр. Ауа хош иіске толы. Күшік жұпар шашушы нәрселердің бірі – өзі тапап келе жатқан сабағы жіңішке, күлтебас шөп екенін аңғарды. Тұмсығын тақап еді, жеуге жарамағанымен, иісі ұнамды көрінді. Аяқ асты жұмсақ, түп-түп болып тығыз өскен қалың шөп. Тереңнен көк кеулеп келе жатқаны байқалады. Кейбір түптердің ағынан көгі басым. Күшік осы жаңа тебіндеген көдені де иіскеді. Рахат! Тамаша! Бойын түсініксіз қуаныш кернеп жасыл мамық үстіне аунап-аунап алды. Содан соң аяқтарын тарбитып, керги созылған қалпы бауырын күнге төсеп ұзақ жатты» [69; 111].

Тұла бойы қайрат пен қажырдан тұратын айбарлы тазының адаммен айнымас достығы әрекет үстінде көрінген. Өз иесінің кішкене баласы – Әділмен достасып, бірге жүргенде көп нәрсені үйренеді, танып-біледі. Шығармада бұл екеуінің жұптары жазылмай, бірге жүрген сәттерін жазушы табиғаттың сұлу суреттерімен араластыра отырып беруде үлкен шеберлік танытқан.

Төңірек тегіс шоқы-шоқы, белес-белес. Қырқалардың арасындағы тарам-тарам жүлгелі өлке бойы шөккен түйе көрінбес қымыздықты көк шалғын, мұздай суық, мөлдір сулы бұлақ, тал, терек, шілік араласа өскен шағын тоғай. Жаз ортасы ауа, күн әбден қызып, шөп басы толған шақта Әділ осы төбешіктерден асып, сай-салаларды шарлап кетті. Бұрын үй төңірегінен ұзап шығып көрмеген Лашын жаңа бір дүниенің есігін ашқандай еді. Мұрынға жүз түрлі иіс келеді. Шаңытып тұрған сұр қияқ иісі, жапырыла өскен шалғын иісі, сары, көк, алқызыл дала гүлдерінің иісі, шіріген ағаш иісі – толып жатыр... Ауаға тараған хош иістен басы айналған күшік өзінен-өзі үріп, көк шөпке аунап, Әділдің басына секіріп, арсалаңдап ерсілі-қарсылы жүгіріп, құмары тарқағанша шапқылайтын. Сай бойын біткен шоқ тоғайлар іші қоңыр салқын. Топырақ дымқыл, шөп жұмсақ. Сылдырап аққан су сыбдыры келеді құлаққа. Итмұрын,

долана, құлмақ иісі мұрын жарады. Бірақ соның бәрінен де қарақат иісі басым шығады. Қалың талдың көлеңкелі саясы сыңсып өскен қарақат бұталарына толы. Әділ дымдана мөлдіреп, тұнып тұрған жеміске кішкене шелегін әп-сәтте-ақ толтырып үлгеретін. Содан соң қарақаты мол, шөбі қалыңдау жерді таңдап алып, басына томар жастанып шалқасынан жата кетеді. Үш айыр, үшкіл жапырақтар арасынан аспан теңбіл-теңбіл, жырым-жырым боп көрінеді. Бірақ әдеттегіден әсем және тым алыс емес, түрегеп қол созсаң жететіндей жерде сияқты. Онсыз да мол жеміс төменнен қарағанда тіпті көбейіп кететін. Бұрынғыдай жапырақ тасаламайды, моншақша тізіліп, жыпырлап тұрады. Әділ аяғын аяқастырып, мардымсып жататын да, қарақатты уыстай сауып, аузына құя беретін. қол жетер жерді тауысқаннан кейін, шынтақтай жылжып, орын ауыстырады. Көп ұзамай уыстап емес, бір-бірлеп жеуге көшеді. Содан соң екі қолын желкесіне қойып, ала бұлт көшкен көгілдір аспанға қарап қимылсыз ұзақ жататын. Иесіне еліктегісі келгендей, ақ күшік те жанға жайлы қоңыр леп есіп, тұрған сызды көгалға бауырын төсеп, алға созылған екі аяғының үстіне басын қойып, қыбыр етпестен қатып қалатын. Мазаны кетіретін - шыбын-шіркей ғана. Әйтпесе неше түрлі тәтті түс көріп, ұйықтап алуға да болар еді. Күшігі екеуі өстіп рахаттанып біраз тыныстаған соң Әділ кенет есіне бірдеңе түскендей «әу!» деп орнынан көтеріле береді. Құйрығын бұлғандатқан күшік те атып тұрып, дүр сілкінеді. Екеуі шіріген томар, құлаған ағаштардың арасымен жылтырап ағып жатқан бұлақтан қарғып өтіп, тал, терекке өрлей біткен шырмауықтарды бытырлата үзіп, сыртқа шығатын. Сай бойы бүк, ыссы. Шақырайған күн шекеден өтеді. Әділ ұстарамен қырылған тап-тақыр басына орамалын байлап алады. Содан соң күшік екеуі жарысып, самал жел соғып тұрған белеске қарай жүгіре жөнеледі. Белес асты – ауыл» [69; 117-119].

Осындай тіл жетпес көркем пейзаж шығармада жиі кездесіп отырады. Әділ мен Лашынның көңіл-күйіне сәйкес жаздың әсем табиғаты да сан құбылып, құлпыра түседі.

Лашын тазыны бейнелеуде жазушы жамап-жасқамай, итті адамдандырмай-ақ, оған дүниені итше қабылдатып, итше

төңірегіндегіні, ақ пен қараны ажыраттырады, итше алыстырып, жауын жеңдіреді, ит есебінде бауыр басқан үйінен қуылады.

«Сүлдерін сүйретіп басына бір, аяғына бір шықты. Үстін кіршіксіз таза ақша қар басқан кішкентай ғана төмпешік. Меңірейіп қалған. Жазда, алғаш үйілген кезінде әлі дымы құрғамаған қоянжон топырақтан жылы леп, мейірбандық есіп тұратын. Мүмкін солай көрінген шығар. Әйтеуір тазы мұнда жиі келетін» [69; 108]. Міне, осы жерде қайтыс болған иесі жерленген төмпешік басында артта қалған бақытты күндерін армандап, аңсап отырған тазы өткен өмірін еске түсіреді.

Сол арқылы біз Қозыны, оның әйелі – Кәмиланы, баласы – Әділді танимыз, олардың ойлау-сөйлеу, қимыл-әрекеттерінен психологиялық бейнелерін көреміз. Бұл кейіпкерлер әр оқиғадан соң даралана түсіп, өз өрнегімен көрінеді. Адамдардың бір-біріне сезім мөлдірлігі, парасаты мен кісілігі, тоғышарлық пен пасықтық, балаң көңілдің албырттығы бәрі де тазымен байланыстырыла суреттеледі. Ауылдың тұрмыс-тіршілігінен хабардар боламыз. Лашынның иесі Қозымен аңға шыққандағы аң аулаудағы айла-амалын, шеберлігін көреміз. Қозының тазысын баптауының қыр-сыры да шығармада керемет беріледі. Мұнан аңшылық өнерінің бүге-шігесіне дейін жете таныс боламыз.

Шығармадағы Қазы қарт та өзгеше мінезді жан. Оны алғаш танысқан шақта-ақ еріксіз ұнатасың. Өлімі де өкінішті. Қазының жанының түкпірінде айтылмай қалған бір ойлар бар сияқты. Оның ішінде түйінделген көп сыр барын сезетіндейсің. Қазының іс-әрекетін бейнелеу арқылы жазушы пасық адамдардың да бейнесін ашып береді.

Сонымен қатар, шығармада Лашынның қоршаған айналаға, адамдарға деген түсінігі, адамдардың іс-әрекетіне деген сезімі, түйсігі де өте шебер суреттеледі. «Өз иелерінің, иелері ғана емес жалпы екі аяқты атаулының өмірінде, тұрмыс-салтында түсініксіз жайлардың көптігін, өте көптігін Лашын жасы алты айдан асып, бойы өсіп, денесі іріленіп, үлкен итке жақындаған кезде ғана аңғарды. Бұрын бәрі де дұрыс, бәрі де орынды сияқты көрінетін. Енді ойлап қараса, ешбірі де ақылға сыймайды» [69; 119]. ол адамдарды «екі аяқтылар» деп

кабылдайды. Олар – Лашын үшін бар тіршілік иесі. «Жұмбақ жайттар молайған сайын Лашынның адамның құдірет, күшіне деген сенімі арта берді. Өстіп жүргенде болған бір ерекше оқиғадан соң Лашын жан иесі атаулының бәрі адамзатқа бас ұратынына таңырқауын қойды, адамның басқа мақұлықтардан айырмашылығын құлай мойындады». Оның адамдар өмірі туралы түсінігі бірте-бірте молая түседі. Басында адамдардың әрбір ісі Лашын үшін жұмбақ болса, өзі көрген іс-әрекеттеріне қарап отырып, олардың өмірін тереңірек түсінеді. Оның адамға деген түсінігінің бірте-бірте қалыптасып, өсе түскенін мынадан да көруге болады: «Ал мына оқиғадан соң адамдардың да күштісі, әлсізі болатынына, олардың бәрі бірдей емесіне көзі жетті. Әйткенмен иесіне деген қадыр-құрметі кемімеді, қайта қысылтаяң жағдайлардың өзінде қауіптен арашалауға әзір екенін білген соң бұрынғыдан да жақсы көріп кетті» [69; 129].

Шығармада Қазы мен Лашынның арасындағы жылылық, сенімділік, адалдық сияқты қасиеттер әсерлі суреттеледі. Сондықтан да өзі жақсы көретін иесінің өлімі Лашынға ауыр тиеді. Қазымен бірге өткен қызықты да уайымсыз күндері артта қалған Лашын енді тойып та тамақ ішпейді. Ол иесін күтумен ғана болады. «Мұндай ауыр тұрмысқа көндіге алмаған тазының тірлігіне мағына берген нәрсе, ием келеді деген үміт сәулесі ғана еді» [69; 143].

Осындай үмітпен жүрген Лашынды бірде Кәмила үйден қуып жібереді. Содан кейінгі оның тұрмысы жан төзгісіз болады. Үй-үйдің жуындысын аңдып күн кешкен тазыға күздің кара суығы қатты батады. Қора сыртындағы үйілген сабан үйде өскен тазыға қызу бермейді. Ауылда оған жаны ашитын жалғыз Омар деген ақсақал еді. Ол Лашынның далада түнеп жүргенін біліп, үйіне апарып, тойдыра тамақ беріп, енді осында тұрақтайтын шығар десе, тазы есіктің ашылуын тосып жатып, тайып тұрады. Сондағы аңдитыны – иесі. Келіп қала ма дейді. Енді келсе, қайда барса да еріп кетпек. Бірақ иесі келмейді. Ақыры ол күдері үзілгендей, бір күні таң сыз бере ауылдан шығып, иесі жатқан төмпешікке бет алады.

«Бірде түн ортасында жапалақтап қар жауа бастады. Ауа тымық, түн әдеттегіден жылы еді. Арық тазы сабанға тығыла

бұйығып, ұйқылы-ояу қалыпта жата берді. Таң сыз бере, қар жауып біткен шақта ғана көзін ашты. Дүние тазарып, аспан кеңі түсіпті. Төңірек тегіс аппақ. Маңайдағы төбешіктер тапал тартып, бұрынғыдан алыстаңқырап кеткендей. Тазы керіліп, құрысқан бойын жазды да, дүр сілкінді. Салқын, таза ауаны көкірек кере жұтып, тұрған орнында өзінен-өзі секіріп-секіріп алды. Әлдекімге еркелегісі келгендей. Қораны айнала жүгіріп өтті. Үйге біреу кіріп шығыпты. Келген із жартылай қар басқан көмескі де, кеткен із ап-анық, етіктің табанының бедеріне дейін көрінеді. Есенжол. Иесінен ешқандай хабар жоқ сияқты. Тазы Жауыртағының өркеш-өркеш биіктеріне қарап біраз тұрды да, әлдененің соңынан көңілсіз ергендей аяңдай басып ауылдан шықты. Артына қарап сәл бөгелді. Содан соң Суықбұлақты бетке алып, жортып кетті» [69; 144].

Иесі Қазының өлімі – шындығында Лашын тазының өлімі еді. Тазының бұл күйі тірісінде басынан сөз асырмаған Қазы рухының өшуін білдіреді. Екіншіден, жеті қазынананьң бірі деп есептеп, қадірлеп келген жүйрік тазының осы аянышты тағдыры арқылы жазушы бабаларымыздың ата кәсібі болған серіліктің де тозығы жеткенін көрсеткендей. Тазының Есенжол сияқты адамнан таяқ жеуінде де үлкен түйін бар деп ойлаймыз. Есенжол сияқтылар қай қоғамда да Қазылардан кейін өледі. Көп нәрсеге қолдары бұрын жетеді. Ондайларға шаң жұқпайды. Өмірде он Қазыдан да бір Есенжол қауіптірек. Түбінде осындай адамдардың көбеюінен ғана қорқу керек деген ойды ұғуға болады.

Яғни, жазушы «Тазының өлімінде» Лашынның қайғылы тағдырын көлденең тарта отырып, табиғаттың ең саналы перзенті – адам өмір сүрген ортада зұлымдық пен қатыгездік кейде неге ізгілік пен мейірімділікті бойымен басып жатады. Бардасоқтар мен Есенжолдар неге өктем дегенді оқырман алдына қояды, ойлануға шақырады. Сол арқылы үлкен философиялық ой түйеді.

Жазушы тазының психологиясын, ойын беру арқылы әртүрлі адамдар мінезін, құлқын әшкерелейді. Адам бойындағы өзі көрген келеңсіз құбылыстарды тура жая салмай, Лашынның көзімен көрсетеді.

М.Мағауин бұл шығармасында тірі табиғатты көрсетумен қатар, пейзажды да шебер пайдаланған. Тазының аңға түсуін көрсетуде табиғаттың әрбір құбылысына жан бітіре суреттейді.

«Ертеңіне иесі екеуі таңға бір ұйқы қалғанда тұрды да, шығыс жақ бозара бастаған шамада жүріп кетті. Іңір әлетінде жауған болмашы қырбақ қар жел лебімен сырғи көшіп, ойпаң жерлерге ауыпты. Көкжиекке дейінгі өңірді тегіс алып жатқан, әбден көнеріп, кірлеген ескі қардың бетінде ақтандақтанып, ойдым-ойдым болып көрінеді, бұл – меңіреу далаға тіпті көңілсіз кейіп бергендей. Ауа аязбен, таңғы өлкек ызғарымен шыңылтырлана түскен. Жел күнгі өзен бетіндей кей арада бұйралана, кей арада жал-жал боп сіресе қатқан ақ әлемде әржерден бір қарауытқан сирек тобылғыдан басқа көзге шалынып, көңіл алаңдатар ештеңе жоқ. Аңшыларды артынан куа, көкжиекті ораған ұзыншақ ақ шарбы бұлтты түре көтеріп, күн де шықты. Қазанның қақпағындай үлкен, дөп-дөңгелек, әрі отқа балқыған темірдей қып-қызыл. Шашақты, ұзын сәулелері жылусыз, қайта ызғырық төгіп тұрған тәрізді. Бірақ әлем өзгеше түрге енді. Сіресіп жатқан өлі далаға жан біткендей. Жал-жал күртік қарлардың көлеңке беттері қарауытып, үңірейіп көрінсе, күн жағы көшпелі алтындай толықси құбылады. Ал түнде жауған жаңа қар үйірілген жерлер күмісше жарқырайды. Аппақ ақ ұшқын атып жатқандай» [69; 133].

Мұндай әсем пейзаждық бояулар шығарманың көркемдігін арттырып, жазушының талантының әр қырын аша түседі. Повесте кездесетін мұндай пейзаждық бояулар кейіпкер бейнесін ашуда да бір қызмет атқарады. Жазушы Лашын тазының иесі тірі кездегі бақытты шақтарын жадыраған жаз айының шуақты күндері аясында суреттейді. Ал шығарма соңына қарай түрлі ауыртпалықтарды басынан өткерген Лашынның іс-әрекетіне фон ретінде қатқыл да ызғарлы қыс мезгілі алынған. Жаздың сұлу суреттері тазының көңіл-күйінің көтеріңкілігін, тазалығын айқындай түссе, қыстың қатал табиғаты оның жан қиналысын оқушыға әсерлі де нанымды жеткізуге көмектесіп отырғандай.

Шығармада Лашынның иесіне бет алып келе жатып, қақпанға түскендегі күйі де өте нанымды суреттеледі. Темір

тордан құтылам деп арпалысып жүріп аяғын сындырып алады. Бұл жанына батқан аурудың үстіне бірнеше күн нәр сызбаған аштығы қосылып, жаны қиналады. Бұл күйден иесі ғана құтқарады деп ойлаған тазы жанына батқан ауруға қарамастан иесінің басына тартады. Бірақ бұның бәрі алдамшы үміт еді. Лашынның опасыз дүниеде мәңгілік ештеңе жоқ екеніне көзі жетеді.

«Тазы ұзақ ұлыды. Қайырып өксіп-өксіп ұлыды. Аруанадай аңырап, даусын соза тартып, зар төге ұлыды. Тау-тасты күңіrentіп жіберді. Ұлымасқа шарасы жоқ-ты, жыламасқа шарасы жоқ-ты. Ол өзі осы уақытқа дейін ашқан жаңалықтарының ішіндегі ең сұмдығын ашып еді: адам, тірі мақұлық атаулының бәріне әмір жүргізген, көк темірге жан бітіріп, көлік етіп мінген, қолдан құс жасап, қыран қалықтар биіктен де жоғары самғаған тәңірі текті, құдыретті адам да өледі екен, жүзі ызғарлы ажал алдында адамзаттың өзі дәрменсіз екен. Тазы иесінің мәңгілік ұйқы құшағына енгеніне, енді қайтып тұрмасына көзі жетті. Қол ұшын беріп жәрдем етер ешкімі жоқ, аяғынан темір талқы кейпіндегі ажал қапқан, әбден қаңсырап, әлі құрыған өзінің де санаулы сағаттары қалғанын ұқты. Тазы эзирейілдің өміріне қарсы сөз айта алмай, топырақ астына көмілген иесін жоқтап ұлыды. Сол өлімді өзі де мойындап, жарық дүниемен, кең дүниемен қоштасып ұлыды» [69; 148].

Бірақ ажал көп күттірген жоқ. Өзінің соңғы сағаттары қалғанын сезіп отырған оған төрт көкжал келіп бас салады. Бірақ бір күн ішінде соншама бейнет шеккен, өзіне мәлімсіз сырдың бетін ашқан, азапты тіршілік қажытқан тазы қорықпады да, таңырқамады да. Тазы өлімге мойын ұсынып, беріле салмай, тіршілік үшін күреске түсіп арпалысып кетті. Бірақ өмір өз заңын жүргізді. Қазыдан ерекше ықылас көріп, адал қызмет еткен, иттің текті тұқымынан шыққан тазы сол тектілігінен жазбай жауын жастанып өледі. Лашын өз иесінің қасында өмірмен қоштасып, ажал құшағына енеді.

Ә.Кекілбаев та, М.Мағауин де өз шығармаларында жылқының, иттің тағдыры арқылы адамның табиғатқа қарым-қатынасының қандай екенін көрсетеді. Оларға жануарлар көзімен баға береді. Екі шығарманың да айтар ойы кез келген

нәрсе өтпелі, мәңгілік ешнәрсе жоқ екенін ұқтырғысы келеді. Түбінде бәрінің барар жері бір болған соң, қысқа өмірдегі бір-біріне деген сүйіспеншілік, адамгершілік қатынасқа шақырады.

Сонымен бірге повестерде жануарлардың психологиясы шебер көрсетілуімен қатар, олар «өтпелі өмір емес, өзгерген заман кісілері көрінсін дедім» [108; 38] деп жазушы айтқандай, адамдардың образын ашуда да керемет рөл атқарып тұр. «Шығармалар адам тағдырын да сөз етеді» дегенді сыншы С.Әшімбаев та айтады. Жазушы қоғамда, адамдар арасында орын алған, өз көңілінен шықпаған жайларды, іс-әрекеттерді әшкерелеу үшін, адам орнына жануарды алып, адамның болмысының қандай екенін табиғаттың өзге тіршілік иелерінің көзімен көрсетуі мүмкін. Адам мен ит, құс, жылқы т.б. арасындағы қарым-қатынасты бейнелей отырып, адамдар бойындағы кертартпа мінездерді әшкерелейді.

Жалпы бұл тақырыпта жазған жазушылардың алға қояр мақсаты – адам тағдырын көрсету. Олар ит, құс, жылқы сияқты әр алуан хайуанаттар түйсігін, сезімін, көзқарасын талдағанда, солардың мінезінде, тұрмыс-тіршілігінде адамдар тағдырын елестетуді көздейді. Сол арқылы оқырманға ой тастап, толғандырады. Сол ортаның әлеуметтік жағдайымен солар арқылы таныстырады. Мұндай шығармалар адамға тән мінез-құлық, іс-әрекеттерді жанамалап, астарлап көрсете білуімен құнды.

Өмірдегі әр адамның тағдырының бірін-бірі қайталамастай жолы бар. Егер сол жерде сәл кедергіден тайып кетсе, бастапқы жолына қайта түсе алмауы мүмкін. Адам өміріндегі небір шырғалаң тағдырлар осы бір ғана сүрінуден басталатын сияқты. Бәйгеторы тағдырын оқығанда осындай ой келеді. Жазушы бұл арқылы адамдардың өзімшілдігін әшкерелеп, адамгершілікке шақырады.

Осы тұста орыс жазушысы П.Гликиннің белгілі қырғыз жазушысы Ш.Айтматовтың «Қош бол, Гүлсары» повесін талдай келіп: «Көркем сөз шеберлерінің жануарлар әлеміндегі адамның жақын достарының бейнесіне ден қоюын кездейсоқтық деп есептеуге болмайды. Бұл суреткерлердің хайуанаттарға қарым-қатынасындағы ортақ бір ерекшелік – қазіргі адамдар

бойындағы кейбір маңызды құбылыстарды ашып көрсетудегі жазушы концепциясының жануарлар образымен байланыстылығы» деген түйінін құптауға болады [109; 87]. Сондықтан да өмір, адамдар мінезі, тағдыр соқпағы туралы тілмен тікелей емес, үнмен, ыммен астарлап білдіріп отыру үлкен шеберлікті талап етеді. Бұл үлкен ізденістің жемісі екені сөзсіз.

2.2 «Адам – табиғат» үйлесімі мен қайшылығын бейнелеу тәсілдері

Жалпы пейзаж кейіпкер психологиясын бейнелеу үшін қажетті көркемдік тәсіл қызметін атқаратыны белгілі. Осындай табиғат суреттерін характерді таныту, даралау үшін қажетті құрал ретінде қолдана отырып берілген Оралхан шығармаларында автор мен кейіпкер ойы жалғасып, бірегей образға айналып кетеді. Кейіпкері ойшыл, мүлде өзгеше қырымен сезімтал қалпымен ешқандай ұлы істерсіз-ақ өнеге таратып, үлгі көрсетіп жатады. Шыншылдыққа, батылдыққа, мөлдір тазалыққа соның бәрі қосыла келіп – жан сұлулығына үнсіз шақырып тұратын жандар.

Жалпы әдебиеттегі адам мен табиғат, адам психологиясына талдау жасау туралы сөз болғанда О.Бөкей шығармашылығына тоқталмау мүмкін емес. Жазушы шығармашылығы айтылған пікірлерді көптеген әдебиетші ғалымдардың мақалаларынан, зерттеу еңбектерден кездестіруге болады. О.Бөкей әңгімелері мен повестерінде адам жанын бірден баурап әкететін бір құпия бар. Себебі, жазушы өз кейіпкерлерінің іс-әрекетінен гөрі, олардың ішкі әлеміне, жандүниесіне көбірек үңіледі. Әр әңгімесі, әр повесі ақындық жүрекпен өмір тылсымын түйсініп, сол жұмбақтан өзіндік үлкен философиялық ой түйе отырып жазылған. Кейде кейіпкерінің дүниені қабылдауы, ішкі тебіреніс-толғаныстары тым тосын. «Жер астынан жік шыққандай» көрінуі мүмкін. Бірақ оның барлық кейіпкерлерінің бойынан, тіпті ең жағымсыз деген кейіпкерлерінің өзінен жылт еткен сәуле, адамгершілік ұшқыны көрініп отырады. Шындығында, жазушының кейіпкерін «жаман», «жақсы» деп бөлуге болмайды. Олардың бәрі жақсылығы да, жамандығы да бір басына жетіп жатырған күнделікті өмірдегі адамдар. Онда басты кейіпкерге оқырманды ынтық етейін деп бар жақсылық атаулыны соның бойына үйіп-төгіп тастайтын жасандылық жоқ. Жазушы кейіпкерлерінің сан қырлы өмірін, тағдырын шығармасына арқау етеді, сол арқылы өзі көріп жүрген адамдардың мінез-құлқындағы ерекше құбылыстарды көрсете біледі. Оның шығармаларын оқып

отырып көп нәрсе үйренуге болады, одан сабақ алатындай ой түйесің.

Жазушы өзінің жаны таза, сезімтал, жақсылыққа жаны құштар кейіпкерлерінің ішкі сезім буырқанысын қоршаған орта, табиғатпен байланыстыра, астастыра алады. Оның кейіпкерінің шетінен асқақ арманға құлаш ұрған, арманшыл, қиялшыл болып келетіні де, олардың ой-толғаныстарының көбіне табиғат суретімен астарласып, астасып жататындығында болса керек. Табиғаттың төл перзенті адам сол табиғат иісін сезініп-түйсінген кезде оның арманшыл-қиялшыл болмауы мүмкін де емес. Мұндай кейіпкердің болмысын табиғатпен байланыстыра суреттеу арқылы таныту – О.Бөкейдің шығармашылығының бір ерекшелігі.

О.Бөкейдің үлкенді-кішілі шығармаларына тән аңызға бергісіз жұмбақ сыр, қызық сарын ілесе жүреді. Кейде тіпті адам сенбес оқиғаның сілемі қабаттаса қиял мен шындық арасындағы жұмбақ халдер бірде оқиға арқауында, бірде күшейткіш көркемдік нақыштар түрінде көрініп қалуымен келеді.

Жазушының осындай адам – жұмбақ, ғалам – жұмбақтың тереңіне үңілген ізденісін танытатын шығармалардың қатарына «Қар қызы», «Сайтан көпір», «Мұзтау» сияқты повестерін жатқызуға болады. Бұл шығармаларында жазушы табиғатты негізгі фон ретінде ала отырып, оның құпия сырларымен бірге адам жан сырының қалтарыстарын ашуға ұмтылады.

Шығармалар Алтайдың тамаша табиғат суреттеріне толы. Алтайдың кербез табиғатын Оралханнан асыра жырлаған ешкім жоқ шығар. Жазушы оны кейіпкерлер өмірімен, тіршілігімен тығыз байланыста көрсетеді. Алтайдың қаншалықты сұлу болса, соншалықты қатал табиғатын, қайырымды міндетін оны мекендеген адамдар бойынан көреді. Тау қазақтарының ешкімге жарамсақтанбай, білектің күші, найзаның ұшына сенетін бірбеткейлігін, атасы болса да айыбын бетіне айтатын өркеуделігін паш етеді. Ауыл өмірін, оның адамдарын жақсы білетін жазушы олардан көркем бейне жасауда психологиялық суреттеуді кең пайдаланады. Жазушы көргенін тізбелеген жалаң суретке әуес емес, ол табиғатты жанды психологиялық образға айналдырады.

З.Серікқалиев, Т.Ахметжан, С.Қирабаев, Т.Мәмесейітов сияқты әдебиетші, сыншыларымыз бұл туралы өз мақалаларында сөз етеді. Ал А.Рамазанова өзінің зерттеу еңбегінде Оралхан повестеріне кеңінен тоқталады. Бұлардың бәрі де Оралханның шығармашылығындағы ерекшеліктерді, оның ішінде адам мен табиғаттың тығыз байланысын берудегі асқан шеберлігін жан-жақты ашып береді. Олар көбіне жазушының повестеріне тоқталып талдағандықтан, біз оны қайталауды жөн көрмедік. Сол себепті, біз жазушының табиғат пен адам үндестігін, қайшылығын, адам бойындағы мейірімсіздік пен қатігездікті көрсетудегі шеберлігін кейбір философиялық әңгімелері төңірегінде ғана көрсеткіміз келеді.

Мұндай тақырыптағы шығармаларында адамның ішкі әлемін суреттеу үшін қолданылатын автор атынан жүргізілетін ішкі монолог пен психологиялық бейнелеу сияқты тәсілдер маңызды рөл атқарады. Психологиялық бейнелеудің жалпы тәсілдері мен жолдарын әр жазушы әртүрлі пайдаланады. Сондықтан да әр жазушының өзіндік қайталанбас стилі бар. Шығармалардағы көтерілген мәселеге сәйкес, адамның бойындағы қандай құбылыстардың, мінез-құлықтың жазушыны қызықтыруына қарай, әр жазушы адамның жан-дүниесіне әртүрлі жолмен келеді де, оны әр қырынан ашады.

Ал О.Бөкей ерекшелігі табиғат пен адам жанын ақындық көзбен жіті тінтіп, екінің бірі байқай бермейтін тылсым құпияларды өрнектейді. Және де сол суреттері өзі көргендегідей тылсым күйінде, жұмбақ қалпында тұңғыығына сыр беріп тұрады. Жазушыда жансыз сурет, бейне жоқ. Оның шығармаларында табиғат пен адам жаны қос бұрымдай қатар өріліп, астасып, бітісіп кететіні соншалық, кейде табиғаттың қабағынан-ақ кейіпкердің мұңлы немесе қуанышты көңіл-күйін, жан айқайын байқап отыруға болады.

Жазушы өзінің табиғат туралы ойларын, өз туған жерінің табиғатын «Жұлдыз жауған күндер-ай», «Мезгіл әуендері», «Табиғат-өмір-адам» сияқты ақ өлең үлгісінде жазылған шығармаларында асқан шеберлікпен жеткізеді, сөзбен қайталанбас ғажап суреттер салады.

Жазушының шығармаларындағы табиғат пен адамды байланыстыра суреттеуінен, кейіпкерді таумен салыстыра карауынан, тау бейнесін жасауынан М.Әуезовтің дәстүрлі үлгілері анық көрінеді. Осындай шығармаларының қатарына жазушының жануарлар тіршілігін, тағдырын суреттейтін «Кербұғы», «Бура» әңгімелерін жатқызуға болады.

О.Бөкейдің «Бура» әңгімесі, С.Санбаевтың «Аруанасы» әдебиетіміздегі «Көксерек» сияқты зоологиялық тақырыптың қазынасына қосылған сәтті үлгілердің бірі екенін З.Серікқалиев та айтқан болатын [50; 143].

Шығармада туып-өскен ауылын тастап қашып шыққан Бураның тағдыры сөз болады. Әңгіме автор мен Бураның ойын байланыстыра, астастыра отырып беру арқылы беріледі. Сол арқылы Бураның аянышты тағдыры көрсетіледі, тілсіз хайуанның адамдарға деген реніші айтылады, адам қоғамындағы әділетсіздікті айыптайды.

Ауылдан қашып шыққан қара бура атамекен, қара қонысынан безген жоқ, безгісі келген де жоқ. Оған мәжбүр еткен – адамдар, адамдардың іс-әрекеті. Солардан түңілген Бура лажсыз ауылын тастап кетеді. «Бура бұл ауылдан тек соңғы кезде ғана әбден түңілген. Түңілмес еді – ауылда бір шок үркердей қараң-құраң болып жүрген ағайын-туғандарын Бұқтырмадан өткізіп, арғы ауылға айдап жіберді» [70; 328]. Міне, Бураның осы халге түсуіне себеп болған нәрсе. Оның мұны, оның сағынышы – өз енесін, өз ұяластарын, өз ортасын іздеп шарқ ұрған жоқтауға айналып кетеді.

Шығармада жазушы адамдардың келеңсіз шектен шыққан әрекеттеріне қарсылығын Бураның аузымен айтқызады да, оны өзі әрі қарай құптап әкетеді. Алдын-ала Бураның аянышты халін әбден көз жеткізе суреттейді де, түйінді соның аузымен айтқызады. Әбден күйзелген хайуанның аузынан шыққан мұндай шындық әрі нанымды, әрі әсерлі болып келеді. Мысал ретінде Бураның мына бір монологын келтірейік. «Осыншама бақандай қуып, босқындататын, телім-телімдерін шығарып алапестей аластағанда, не жазды адамдарға; жазығы ғасырлар бойы табанынан таусылып тіршілік жүгін арқалап келгені ме; сырты жүн, іші боқ хайуан аталатын түйенің бұл пәниден

көрмегені бар ма еді; әттеген-ай, олардың тілі жоқ, адамдай жетілген ойы жоқ... Әйтпесе... әйтпесе жалпақ жақаннан көріп-білгенін тау бұлағындай тасқындатып сыр ғып шертер ме еді; ақыл мен ар-ожданды адамдарға-ақ берсінші; қышыма жегізіп Жаман ашының бөктеріне емін-еркін қоя берсе етті; тіпті әжетке жараудан қалсын-ақ; топандай тоздырып, заман желіне ұшырамай қара басын қалдырса етті» [70; 328-329]. Осылайша айтылатын бураның ойын: «Бура бұлайша әсте де сезінген жоқ өзін. Егер дәл осылайша ойлап бағамдаса, түйсігіне түйсе, бұл күйге душар болмас еді. Өкініштісі де сол ғой, момындығы ғой, есінің жоқтығы әрі дәрменсіздігі ғой. Ендеше, есі барларға не жорық...» деп жалғайды.

Шығарманың бар айтар ойы, философиялық түйіні әңгіме басындағы осы сөздерде жатса керек. Бураның аузымен оның адамдарға жасаған жақсылығы, пайдасы туралы, олардың сондай жақсылықтың қарымтасын қалай қайтарғанынан хабардар етеді. Ақыл мен ар-ождан берілген, соншалық жетілген адамның іс-әрекетінің түрін көрсетеді. Ал жазушы хайуанның бұлайша ойлай алмайтынын, есі жоқтығын ескерте келіп, есі бар адамның істеген ісі мынау болғаны ма дегендей ой түйеді.

Туған жерінің жайсаң да жасаң дидаы Бураны жалықтырған жоқ, ол өзі өскен ескі жұрттың бәрін кезді.

Өзге де шығармаларының бәрінде кездесіп отыратындай мұнда да Алтайдың әсем табиғаты жандандырыла суреттеледі. «Алтайдың етегін табиғат кең, молынан пішкен. Қырық рудың елі жиналса да, қойын-қоншы мен қойнау-қойнауы жым-жылас қылғып қоятын. Ұшар басынан ағарандаған қары мен ақ түбіттенген бұлты арылмайтын асқар Алтайдың етегі жайсаң, жадыраңқы, Арқаның даласынша еркін көсіліп жататын. Тау бөктеріндегі қалың нөпір қарағай да қаптай қаумалай келіп, кілт көмкерілетін; соңғы бір жылдары жуық маңдағы ағаш атаулы мінтеліп, құйрық-жалдан айрылған жылқыдай-ақ таудың қапталына қарай үрке қашып кетіскен. Ойда тұрып тау төскейіндегі орманға көз тастасаң, бағзыдағы сыпыра жыныстың іріген сүттей бөлек-салақ қалған ірімтігін аңғарасын.

Алтайдан ызындаған жетімек жел үзілмейтін. Желемік ессе болды, әкелеу жамылған дала төсі қыбырлап, орамалын бұлғап тұрған сансыз қыз-келіншекке тым ұқсап кетуші еді. Кей ретте бұл дала асау толқынды алтын ағысқа, асығыс ағысқа ұқсайтын. Алтайдың осынау бір жалпақ қойнауы да көбінесе бостан-бос, иесіз иен-тегін мелшиіп жатар еді. Жаз шығып, ел жайлауға көшкен сәттерде ғана бойына қан жүгіріп, серпіліп-сергітін. Оқта-текте кезігетін шоқаттар болмаса, тау етегіне ілінгенше мынау дала тұлдырсыз, бедірейген бетпақ. Андасанда ескі тамның, не обашықтың омырайған орны ғана көзге тиек болар. Әйтпесе тоқтының жабағысындай; тіпті жауыр аттың қапталындай ағараңдап, ойдым-ойдым боп сортаңданып кететін қылығы да бар бұл өлкенің» [70; 329].

Омырауын тосып, көзімен ыстық алқапты түгел шарлап, осы жерде өткізген өзінің кешегі күндерін есіне түсіреді. Шығармада жазушы түйенің бір кездегі баз кешкен бұла, бейқам тіршілігінің куәсі болған Тасшоқының асуы, бұлақ бойын бауырлай өскен балдыр мен ескі жұрттағы сабан саяуына дейін қалдырмай, жан бітіре суреттейді. Бұқтырманың ақшуда толқыны, табиғаттың осы бір құдыретті боздағының баянсыз болашағының көкейкесті күйі қайыра бейнеленеді.

Жазушы өзі бұрын бір емес, бірнеше рет көш болып бет түзеген жайлауда ілбіп басып келе жатқан Бураның кейпін сол жердің табиғатымен, тау-тасымен байланыстыра суреттейді. Ал екіншіден, оның ішіндегі күйзелісті адамдармен салыстырмалы түрде көрсете отырып, сол кездегі, қоғамдағы қалыптасқан кейбір келте ұғым-түсініктерден де хабардар етеді.

«Тасшоқының басына бет түзеген Бура алыстан қарағанда, қыбырлап бара жатқан алып қоңыз іспетті, мынау іштен тынып бойкүйез жатқан бел-белестің ендігі бір тіршілігі, бар үміт-арманы секілді, баяны жоқ екі талай пәнидің уақыт, заман ағысына деген ең ақырғы, ең зілді ашу-кегін де сол қара Бура арқалап бара жатқандай еді. Түйе өзінің бұл дәуірге әлі де керектігін, қазіргі қақпай көріп, қаңғыруы шаруашылық басшыларының келте ұғым-түсініктері екенін қайдан білсін. Дүлей қысастық әбден меңдеп алған соң қайтқан көңіл, кесапаты мол кекті жүрісті тандап алған. Туған жер, өскен елге

ренжіген хайуан түгіл, ер азамат та, осындай сандалбай қашыппысудың, жарасыз жортудың талай-талай дәмін татқан ғой» [70; 331]. Осылайша болашақтан үміт күткен дала кезіп жүрген Бураның басындағы халді өз елінен қуғынға ұшыраған ер-азаматпен теңестіре көрсетеді. Адамдардың озбырлығына шыдамаған Бураның бұл ісін құптарлық іс ретінде береді. Сол арқылы ер-азамат болмаса, көптеген адамдардың бойынан табыла бермейтін мінезді асқақтата бейнелейді.

Өзінің көрген зәбірінің соншалықты әділетсіз екенін ойлап, өткен күндерін еске алып сүрлеуді иіскеп, боздап тұрған түйенің жанында үзілмейтін бір үміт, жеткізбейтін бір арман жатыр еді. Қазақ сахарасының ғасырлар бойғы бар тауқыметін қайыспай көтерген қара нары екінші рет көз жасын тентіреп жүріп жұтады. Бұл бір кездегі бота шағындағы, түйеші Әбіштің ауылындағы ыстық алақанға құйылған бақытты жас емес. Бұл енді ата-жұртта ақырғы тіреу боп жападан жалғыз қалған, құйрық жалы кесілген жануардың жоқтау жасы.

Шығармада түйенің осындай көңіл-күйі табиғат суреттерінен де орын алып отырады. Көз жасы моншақша төгілген Бураның халін көрсеткендегі пейзаж былайша беріледі: «Түн түндігін дір еткізген мұнды әуез Тасшоқының қыр арқасынан шымырлап шығып, мұқым тау әулетін әлдилеп тұр. Үп еткен жел жоқ. Тымық. Сымпылдай ұшқан үйректердің батбағы, шегірткенің шырылы, ешкішектің үні жым болған; шерменде ән әуелеген сайын, тұншығып қала береді, құмыға береді. Алтай самалындай қоңыр, әрі майда, әрі мұнды, терең тебіреніс, өкінішті қаяуға толы жаяу адамның жайымен шырқап салған әуез даусы іспетті әсем үн. Тау қарауытып жатыр. Тау селт етпестей сілтідей тынып жатыр. Орман тылсым, орман үнсіз. Орман үдемелі үнге ден қойған. Орман ойланып тұр. Тау... Тәкаппар тау мынау құдыретті үн алдында кербез басып әлдеқашан иген» [70; 335].

Міне осылайша суреттелетін дала түні, орман, тау – бәрі де Бураның қайғысына ортақтасқандай кейіпті танытады. Осы жердегі түйе тұқымын жоғалтуға арналған адамдардың іс-әрекетінен сол кезеңдегі шолақ белсенділікті де айыптайтын бір астар көрінеді. Табиғатты тонауға ашық жол берген, жаны

ашымас бастықтарды әшкерелейді. Қолдарында өздерін ақтайтын заңдастырылған қағазы бар олар мәдениетті адам ретінде көріне отырып табиғатқа шексіз зиян келтіруде.

Әрине, шығармада осындай табиғатқа, табиғаттың өзге тіршілік иелеріне деген адамдардың қатыгездігі бір жақты ғана көрінбейді. Олармен қатар, хайуанға хайуан демей, мейіріммен қарайтын кейіпкерлер де көрінеді. Қара Бураның ұшты-күйді ғайып болғаны Әбіштің ғана арқасына аяздай батады, оған кәдімгідей қайғырып төсек тартып жатып қалады. Онымен бірге Бураны бота кезінен аялап, мәпелеп өсірген кемпірінің еңбегі де көрінеді. Бура оны да сағынышпен еске алады. Бұл Бура өлгеннен кейінгі Әбіштің оның сүйегін әкелмекші болған ниетінен, онысы іске аспай, кейіннен арнайы іздеп барып басына белгі орнатуынан да көрінеді. Шығарма соңында дала кезіп әбден қиналып жүрген Бура ақыр аяғында аузы ақ көбіктеніп жынданып өз түбіне өзі жетеді. «Бірақ қаз бауыр бұлттар қалғыған көгілдір аспанның суреті түскен қимылсыз қара көзден жып-жылы жас, таза әрі күнәсіз жас ағып жатты...» Алтай алабындағы темір жол жұмысының біраз салмағын өз жотасымен көтеріп, қылша мойнын төсеген қара бура енді ашынып, шабынып, өн бойындағы бар құдыретін бұрқап төгіп, ақыры поездға түсіп өлген еді.

«Өзегі талып өртеніп жүріп, өрге сүйреп жеткізген баланың аяулы анасына қол жұмсағанын көргеніңіз бар ма? «Өз қолыңды өзің кесемісің» деп, іштей егіліп, қорлана жыламаушы ма еді. Сонда ардақ ананың көз жасын таңдайыңа тамызып татып көрсең ғой. Қара Бураның қазіргі халі де дәл осындай еді. Даланы да бір сәт қайғы басқандай, түйесіз жетімсіреп қалғандай еді. Қазақбай ауылының ең соңғы түйесі осылайша ит жемі болып қазаға ұшыраған» [70; 340]. Жазушы Бураның өлімінен кейінгі сәтті осындай сөздермен аяқтайды.

Шығармада адамдар өздерінің осындай күнге жетуіне аз да болса себін тигізген түйенің өліміне себепші болғандығы әсерлі суреттеледі. Олардың әрекетін жазушы өз анасына қол жұмсаған балаға теңейді. Күніне екі-үш рет зулап өтіп жатырған поездың ішінде рахаттана тербетіліп отырған пенделер осы темір жолға кімнің тері көп төгілгенін білер ме екен? Бураны

естеріне алар ма екен? Өздерін табиғаттың өзге бір иесіне жамандық жасадық-ау деп ойлап есептеспейтін адамдар, тіпті осы ауылдағы соңғы түйенің де о дүниелік болғанынан бейхабар шығар.

Жазушы өз шығармасы арқылы адамдардың жасаған қателігін айтып, оны жөндегісі келеді, ойланса дейді. Ол адамдардың ең басты қателігі – өзге тіршілік иелерінің сезімімен санаспайтындығында екенін айтқысы келеді.

Оралхан Бөкейдің адамды өз бақытын өзі тонап, жұтатпауға, төңірекке сергек қарап, қай қылық, қай әрекетінде де әділ болуға шақыратын шығармасының бірі – «Кербұғы» әңгімесі.

Бұл шығармада да кәрі бұғының өз ортасында, адамдардан көрген зәбірі, қайғысы арқылы табиғат иесінің жан күйзелісін, сезімін көрсетеді. Өз игілігін ғана ойлаған адамдардың табиғатқа жасап отырған қатыгездігін әшкерелейді.

Қартайып ішер суына жете алмай жатырған бұғының алдан күтер арманы әлі көп. Өз дәурені өткенін мойындағысы келмейді. Бірақ көрген қорлығы, азабын ойлағанда бұл өмірден, бәрінен түңіледі. Бұғылар күйек кезінде ашық алаңқайға жиналып алып, еркектері сайысқа түседі екен. Бәрін жеңген бұғының соңына ұрғашыларының бәрі ереді. Бұл да бір тірі табиғаттың заңдылығы, болашақ ұрпақ алдындағы өзіндік жауапкершілігі болса керек.

Он жылдай осындай билікті ұстап тұрған бұғының кеше жеңіліске ұшырауы үлкен соққы еді. Осы жолы Кербұғыда «ербең етіп еркек болғаннан тек «өзім» деп дүниені лас қылып өтер қанағатсыз сезім екі аяқты, жұмыр бас пендесіне ғана тән емес, табиғат иемнің төрт аяқты хайуанына да ортақ екен» деген ой пайда болды. Ол бұрын дүниедегі қатыгездіктің бәрі адамдарда деп ойлайтын. Солардың өздерін қоршауда ұстап, қу мүйіздерінде ақысы бардай неге өшігетінін түсінбейтін. Оған ең алғаш жамандықтың да дәмін татқызған осы адам еді.

Жазушы шығармада адамның қатыгездігін көрсетуде бұғының сезімін шебер бейнелеген. Жанын қинаған, азаптаған адам туралы бұғының ойы арқылы табиғаттың адамға, оның іс-әрекетіне берген бағасын жеткізеді.

«Иір-иір тістер түкті мүйіздің түбін ала ілгерілі-кейін ырыл-дырыл болғанда, Кербұғының миын мың-миллион құмырсқа талапайлап жеп, маржандай тізілген тістері сырқырайды-ай. Әлгінде ғана мейірім тілеп жаудыраған қара көз әп-сәтте қанталап, ақиып шығып кетті».

Жаны қиналған бұғының кейпін шынайы да әсерлі суреттей отырып, адам бойындағы қатігездік, мейірімсіздік сияқты қасиеттерді әшкерелейді.

«Еркіндіктің ерке желімен жарысып, ой мен қырдың ара жігін ажыратпай, бұла боп өскен бұғы дәл қазір өмірдегі жамандық пен жақсылықтың уланған бастауынан дәм татты. Дәм татқызған – Адам! Тағдырдың бар талқысын жазмыштан ғана көретін аңқау көңіл, ақымақ хайуан бар билік, бар байлық, бар еркіндік тек адамдарда деп білді. Рас, Кербұғы екі аяқтыларды шексіз сүйетін, бірақ кейде өз махаббатынан өзі шошынушы еді, басқа пенде дегенің қатыгез әрі ашқарақ, қанағатсыз екен-ау. Жек көрудің ең сұмдығын адамдардың өздері туғызады...»

Жазушы хайуанның ойын осылайша береді. Мұнан артық шығармаға талдау жасаудың, жазушының айтар ойын іздеудің қажеті жоқ сияқты. «Не нәрсе сұлу болса, отап тастауға, не нәрсе биік болса, құлатып тастауға, не нәрсе ашық болса, қаралап тастауға, не нәрсе сау-саламат болса, жаралап тастауға, не нәрсе адал болса, арамдап тастауға әуес жұмыр басты пенденің табиғатқа неліктен өш екенін түсінбейтін еді бұғы.

Енді міне өлейін деп жатқанында мұнымен ешкімнің шаруасы жоқ. Кешегі өзі бас болып ізіне ертіп жүрген маралдардың да көмегі жоқ. Бұғы «бәрі де алдамшы, қолда бар болғанда ғана, қоқаңдап өтер бейбаян, бейберекет тірлік» екенін түсінеді. Сөйтіп, ер боп тұрған ол ер бөп өлмек. Қанағаты жоқ аш көз адамдардың тепкісінен, маралдың ермегі мен жас бұғының мазағынан, бойын кеміре бастаған кәріліктен, қанша жыл бойы табиғат маңдайына еркіндігін қамап келген қоршаудан құтылмақ. Осының бәрінен құтылам деген бұғы қоршаудан шыққанда өзіне-өзі қайран боп, еркіндікті сезініп, рахатқа бөленген еді. Бірақ онысы ұзаққа созылмады. Белгісіз біреулердің оғына ұшырап, мәңгілік еркіндікке сапар шекті.

Жазушы шығармасы арқылы адамдардың табиғат заңдылығына қарсы кейбір іс-әрекеттері көрінеді. Иә, тіршілік атаулының бәрінде де өзіндік «мен» бар. Ал жан-жануарлардың белгілі бір дәрежеде ой-өрісі қалыптасқан ғой. Олардың да өзіндік жақсы көру, жек көру сияқты сезімдері жоқ емес. Сондықтан да оларға хайуан деп қана қарамай, есептесе білу керек. Тіпті олардың арасында адамзатқа үлгі боларлық, таңғаларлық мінездер ұшырасады. Жазушы шығармалары арқылы осындай шындықты аша біледі.

Осы ыңғайлас тақырыпта жазылған С.Санбаевтың «Аруанасының» айтар түйіні де осы. Адамдарды ойлануға, ақылмен іс істеуге, табиғатқа мейіріммен қарауға шақыру. Бұл шығармамен О.Бөкейдің «Бурасы» арасындағы ұқсастықтарды, ортақ сюжеттерді кездестіруге болады. Жазушы өз шығармасында күнделікті ауыл өмірін, адамдардың тұрмыс-тіршілігін, олармен аруананың арасындағы қатынастарды өз атынан әңгімелейді. Жануардың сезімі, ішкі ойы, көзқарасы берілмейді. Бірақ иесі Мырзағали мен көршілері Шолақ, Қоқайлардың іс-әрекеті арқылы олардың әртүрлі мінез-құлықтары, табиғатқа қарым-қатынастары арқылы түйенің жай-күйін толық ашып береді. Ішкі дүниесі көрсетілмесе де, істеген қимылынан, әрекетінен-ақ оның жан қиналасын толық сезінесің. Адамдардың шектен шыққан әрекетіне куә боласың, қынжыласың.

Әсіресе, көз тамырын үзген кездегі суреттеуден денені түршігеді. «Бір бәленің боларын күні бұрын сезгендей қымс еткеннен сескеніп тұла бойы түршігіп жатыр. Зарлана бақырған түйе дауысы бүкіл ауылды басына көшірді. Әр үйден көшеге атып-атып шыққан дарақы иттерге дейін баж-бұж етіп у-шу болды да қалды. Көкайдайдың қақыпштай қара сұр кемпірімен шүйіркелесіп дастарқан басында жайбарақат отырған Әсима шәй ішуге дәті шыдамай кесесін қоя салды» [71; 17].

Адамзаттың бұл әрекеті шын мәнінде де барып тұрған қатыгездік, қиянат екені сөзсіз. Осы жайдан кейін: «Аруана бір-ақ уыс боп шөгіп қалғандай көрінді, шудасы ұйпалақ-тұйпалақ, арқасын аяз қарығандай қолды-аяққа тұрмай қалш-қалш етеді. Қинала ыңыранып, қан жапқан басын шайқап-шайқап қояды,

қос жанарынан қанды жас мөлтендеп үзіліп түсті» деп суреттеледі. Жазушы осындай нанымды да әсерлі көріністер арқылы түйенің психологиясын көрсетпей-ақ оның жанын сездіреді.

Осындай қиындықтарға шыдамаған Аруана туған жерін бетке алып, ауылдан ботасын ертіп қашып шығады. Ізінен жетіп қалған қуғыншыларды сезіп, өзі осындай зәбір, қорлық көрген ауылға барудан өлімді артық көрген Аруана жардан құлайды.

Жоғарыда айтылған шығармалары арқылы жазушылардың бәрі де бір ойды айтқысы келеді. Ойлануға шақырады. Адамдардың бұлай шектен тыс шығуы жақсылыққа апармайтынын ұғындыруға тырысады.

Мұндай көзсіздіктің соңы неге апарып соқтыраын «Көксерек», «Текті қасқыр» шығармаларында айтылады. Сондықтан да «Адамдар табиғатқа шабуыл жасап болды, ендігі шабуылды адамдар табиғаттан күтеді» деген сөздің шындыққа айналып келе жатқаны парасат иелерін қатты ойлантуы тиіс.

Қаламгерлердің осындай ойларын жеткізуде өз кейіпкерлері ретінде алынған жан-жануарлар – табиғаттың өзге тіршілік иелері ерекше қызмет атқарып тұр. Бұл шығармалар туралы сыншы С.Әшімбаевтың: «М.Мағауиннің Тазысы, Ә.Кекілбаевтың Бәйгеторысы, О.Бөкейдің Бурасы, С.Санбаевтың Аруанасы зоологиялық тақырыптағы әдеттегі образдар ғой деп қарау сол шығармалардың мөлдір рухын түсінбегендік болар еді. Олар көркемдік шарттылыққа негізделген терең ойлы, реалистік-символикалық образдар арқылы өмір туралы толғаныс-ойларын батыл айта білген. Бұл образдардың жасалу дәрежесі жас жазушылардың интеллектуалдық ізденіс ой-өрісін, философиялық дүниетанымын танытады» деген пікірімен әбден келісуге болады [36; 408].

Жазушылар шығармаларында осындай үлкен философиялық ойлар өте үлкен шеберлікпен жеткізілген. Сонымен бірге шығармаларда табиғаттың әсем де сұлу суреттері жан бітіріле тартымды көрініс тапқан. Жазушы идеясын жеткізуде табиғат көріністері де айтарлықтай қызмет атқарады.

Табиғатты қорғаудың маңызын жұртшылықтың санасына көркем туынды арқылы жеткізуге тырысқан жазушылардың бірі – Марал Сқақбаев. Ол өзінің «Кезек дүние» әңгімесінде табиғат пен адам мәселесін өзіндік тұрғыдан шешкен. Жазушы бұл туындысында табиғатқа екі түрлі көзқарастың сырын Беркімбай мен Балташ бейнелері арқылы көрсеткен. Балташ ауылда өскенмен, қалада тұрып, елге аң аулап «қанжығасын майлау» үшін келеді. Бұл – оның жиырма бес жылдан бергі кәсібі. Бала кезінен, он бес жасынан қолына мылтық алып талай аңның обалына қалған Балташ: «Әр-әр тұстан қылаң беріп, құлдырықтай қашқан елік, арқардың нобайын шолып қызыққанын» есіне алады. Бұл күнде де сол «жыртылып-айырылған» аңнан біреуін кездестірмей, табанынан таусылып сергелдеңге түскені де сол табиғаттың сұйылғанын дәлелдесе, бір жағынан оның себептері, зиянды зардабын тигізуші кім деген сұраққа да көзінді жеткізгендей.

Беркімбай болса, табиғатпен қоян-қолтық өскен, ол алу емес, қорғап-сақтауды мақсат еткен адам. Таң сәріден аң аулауға шыққан Балташ пен мал соңында жүріп кездесіп қалған Беркімбай екеуінің арасындағы диалог арқылы жазушы шығарманың басында-ақ әр кейіпкерінің адамгершілік, азаматтық қасиеттері қандай дәрежеде екенін аңғартып кетеді. Беркімбайдың: «Осы таудың бар аңын сен-ақ қырып тауыстың-ау, бәтшағар! Одан шыққан мүйізінді көрмей-ақ өтіп барамыз. Бұрынғың – балалық, жастығың шығар, ендігің не? Аузыңа ата сақал біткен шақта обалына қарасаң қайтеді?» [110; 337]. «Сенің саулығыңды жабайы аңның қанына малып қойған құдай тағалада да әділет жоқ екен» деген қалжың, шыны аралас сөздері арқылы аңдардың құрып кетуі Балташ сияқтылардың кесірінен дегендей түйін түйеді. Беркімбай Балташқа олардың есебін де шығарып береді. «Сенің денсаулығың табиғат анаға тым қымбатқа түсіп жүр-ау. Қолыңа мылтық ұстағалы, міне, ширек ғасырдан асқан екен. Осы уақыт ішінде орта есеппен жылына он аң құлатсаң да, екі жүз елу жануардың обалын арқалапсың. Түбінде сені обал табар. Бұл дүниеде сазайынды тартпасаң, о дүниеде алдыңнан бір шығар-ау...» [110; 353] деген Беркімбайдың сөздерінің шындығына шүбә келтірмейсіз.

Сонымен бірге, жазушы осы сөздері арқылы дүниедегі кез келген нәрсенің сұрауы бар екенін, бір қарымтасы болатынын ескертеді. Табиғатқа мейірімі жоқ Балташ тұлғасының қаншалықты растығына көз жеткізу үшін жазушы оның әрбір қимыл-әрекетіне дейін тәптіштеп бейнелейді. Оның аң көргендегі сипатын жазушы: «Өкпесі өшкеніне қарамастан, демін ішіне тартып, артық сыбыс естіртпеуге тырысып бағады. Бүткіл жалпақ жалғанда мүйіздері қалқиған екі ешкіден өзге қызық та, мұрат та қалмағандай. Осы бір өлермен қимылын сырттан бақылаған біреу болды ма, құдай ақы, дәл қазір оның адам екенін де, аң екенін де ажырата алмас еді. Бірауық жарға жармасқан жарқанатша жарбия жабысып, енді төрт аяқтай, аюша қорбандап, ирек-ирек қозғалып, әйтеуір өлермендікпен өрлеп барады» [110; 345] деп әрбір қимыл-қозғалысын аудармай тап басып дәл түсіреді, бейнелі де, әсерлі өрнекпен Балташтың бар болмысын алдымызға әкеледі. Оның бұл қимылының өзінен-ақ құныққандық көрініп тұр.

Жазушы оның тойымсыз пейілдің құрбаны болып, мертігуін де дәлелін жеткізіп, нанымды табиғи бейнелеген. Өмір бойы мән бермей, тіпті бірге өскен құрдасы Беркімбайдың сөзін кек сақтап жүрген Балташ үш күн бойы қозғала алмай мертігіп жатқанда өткен өмірін еске алып сарапқа салады, басқаша түйін түйеді. Оның қазіргі мүшкіл халі соған мәжбүр етеді. Беркімбай айтқан аңдардың обалы да осы сәтте есіне түсіп, бойын өзгеше бір сезім билейді.

Жазушы кейіпкерінің өлім мен өмір арасында арпалысып жатқан кездегі халін оның ішкі монологы мен психологиялық тебіреністері арқылы жеткізе білген. Балташтың тән азабы мен жан азабын бейнелеуде оның қиналып жатып көрген түсін келтіруі де жазушының үлкен шеберлігін танытады.

Беркімбай айтқан аңдардың обалы – табиғатқа көрсеткен қиянатын әрдайым есіне салғандай төбесінде қалықтап ұшқан ақ қолтық қара құс шығарманың өн бойында үнемі суреттеліп отырады. Үнемі Балташтың төбесінен кетпейтін бұл құсқа әңгімеде терең астар, кең мағына берілген. Ең алғашқыда көзіне ештеңе шалынбай келе жатқанда: «Күн үлкен сәскеге таяп қалыпты. Дәл төбесінде ақ қолтық қарақұс қалықтап жүр.

Айналасынан әртүрлі торғай мен шегіртке үні толассыз естіледі. Арғы қарсыдан некен-саяқ кекілік қоқылықтайды. Көзге көп шалынар құс – қарға мен сауысқан» деп келетін суреттен қара құстан бастап бәрі осы Балташты аңдып, бірдеңені ойластырып жүргендей әсер береді.

Ал енді бірде жазушы: «Қиялы қиян кезгенмен, жанары айнала төңірегін сақшыдай жіті шолады. Көбелек, шегіртке қағып, жер бауырлай ұшатын қол басындай сары ала торғай-ақ елеңдетіп, мез етіп бітті. Күн көрпе жонын тосып, жалтырап жатқан тастақ үстінен әлдене қараңдағасын, назарын қалт тіге қойып еді, сөйтсе, әншейін көкте қалықтаған бағанағы ақ қолтық қара құстың көлеңкесі болып шықты. Қайта-қайта емекси бергендікі ме, алдап шақырып, арсалақтатып қайтарған балаша көңілі қоңылтақтып, қитықтана түседі» [110; 343] деп кейіпкер алдында бір сұмдықтың боларын оқырманға сездіре суреттейді. Тек қара құс қана емес, табиғаттың барлық тіршілігі оған қарсы сыңай танытып, жамандыққа қарай жетектейді. Бұл – Балташтың мертлікке дейінгі айналасынан көргені. Көңілі әлденеден секем алғанымен оған назар аударып көп мән бермейді. Бірақ әрі қарай да осы құс Балташтың қайғысының куәгеріндей, оның қалт еткен кимылын жіті аңдып төбесінен қалықтап кетпей қояды. Құлағаннан кейін алғаш есін жинап көзін ашқанда тағы да алдымен көзіне шалынатын – баяғы қара құс. «Жайлап көзін ашты. Шалқасынан жатыр екен: сонау көкте төбесінен құдиган жартас жиегіне таяу тұста ақ қолтық қарақұс қалықтап жүр... Жанары шалғаны болмаса, оған мән берер халі жоқ еді» [110; 398].

Жазушы шығарма басынан бастап осылайша бірнеше рет суреттегенмен, құстың негізгі ойынан, пейілінен әзірге хабар бере қоймайды. Тек ең бір қысылшаң сәтте әрі шөл қысып, әрі ауруы жанына батып, әбден қиналып жатқанда: «Бір мезгілде үстіне көлеңке құлағанын сезген. Біреу бетіне үңіле төніп тұрғандай көрінгені. Кенет көзіне түү биікте қалықтап жүрген ақ қолтық қарақұс шалынды. Кешегі құс екенін таныған. Неге екені белгісіз, Балташтың үстінен айналып кетпейді» [110; 351] деп, жазушы кейіпкерінің секем алғанын аңғартады. Онымен қоймай қара құсқа қосыла шықылықтаған сауысқандар да

Балташтың ауыр, еш дәрменсіз халін сезгендей қалып көрсетеді. Осының бәрі де енді Балташтың үрейін, қаупін туғызады. Бұлардың өлексе шоқитын құстар екені есіне түскен кезде Балташ тіпті құйқа терісі шымырлап басын көтеріп алады. Қайта жатқанда оның көзіне тағы да қарақұс шалынады. «Қалықтай айналып төбесінде әлі жүр. Бұл атаңа нәлеттің не сезгені бар?» деп шошынды ол. Әшейінде жүз көрсе де, көңіл мазаламайтын жай нәрсе енді оған үрей дарытты. Дегенмен ол әлі де болса жақсылықтан да үміт үзбеген еді. Айналсоқтай бастаған өлексешілер сол қылдырықтай үміт отын қанатының лебімен өшіріп кетердей тіксінеді. Осылайша жазушы кейіпкерінің қайғылы жағдайының мәнін тереңірек аша түседі. Балташтың қасірет, азап-бейнеттен шығар жол таппай тұйыққа тірелген дәрменсіздігін есіне салып, ақ қолтық қарақұс бірнешеу болып көбейген сияқты көрінеді. Балташ: «Мыналардың бәрі шынымен мені аңдуға көшкен бе? Бұлар қара құс емес, менің ажалым шығар торыған. Құдайдың маған жұмсаған әзірейілі осылар болмағай!» деп төзімінің, үмітінің үзілгенін мойындай бастайды. Тағы да өткендегі хайуанатқа жасаған озбырлығы, қиянаты есіне түсіп, көз алдынан өтіп жатады. Мұның бәрі оның ар-намысын қамшылай түскендей. Өмірге басқа көзбен қарап, басқаша түйін жасауға жетелегендей еді. Өз қатесін түсінуі үшін, жылдар бойында қалыптасқан қомағайлық, қанағатсыз пейілдерін өзгертіп өмірге басқаша қарап, басқаша түйін жасау үшін Балташ сияқтылардың осындай қатал сыннан өтуі керек еді. Сонда ғана олар өзге тіршілік иесінің жанын, сезімін түсінуге тырысып, бойында мейірімділік, адамгершілік қасиеттері оянуы мүмкін еді. Ерекше жағдай, қысылшаң кезең ондайларды тәубесіне келтіреді. Сондықтан да жазушы өз кейіпкерінің басынан кешкен оқиғаға тұлға жасауда шыншыл сипат бере білген.

Айналсоқтап бір ұшып, бір қонып жүрген құзғындар Балташтан өшін алғысы келгендей. Оның өмір бойғы қиянатының есесін қайтарғысы келгендей, Балташтың жағдайы нашарлап, халі ауырлаған сайын олар шабуылдарын үдете түседі. Кеше сенен біз қорықсақ, бізге қиянат жасап, зорлық көрсетсең, енді сенің де есеп берер кезің жетті дейтін сияқты.

Өмірмен қоштасар сәтім жетті-ау: «Әзірейіл құс кеудеме қашан мінер екен деп күткен Балташ жанын шүберекке түйіп дір-дір етеді [110; 359]. Жарық дүниенің қадірін өзгеше бір сезіммен, сезіммен емес-ау, жан-тәнімен бе, түйсік-болмысымен бе, әйтеуір, бұрынғыдан әлдеқайда айқынырақ, әлдеқайда тереңірек ұққан еді. Кешегі өзі атқан борсыққа дейін ойына оралып, обал жасағанын түсініп, өкінуде еді.

Жазушы ақ қолтық қара құстан бастап өлексеге үймелейтін басқа құстарды да бірнеше рет қайталап әр түрлі қимылда, әр түрлі жағдайда суреттейді. Оларды шығарманың идеясын ашуда ұтымды пайдаланады. Шығарма соңында бұл дүниеден қолын үзіп, өлімге мойын ұсынып, әбден титықтаған Балташ аузынан: «Менің ажал сәтім жетті. Әзірейілім қасымда отыр. Жиырма бес жыл аулап ем осы құстарды. Құстар енді мені торып жүр. Дүние кезек деген осы!...» [110; 362] деген сөздер шығады. Шығарманың негізгі айтар ойы, түп қазығы осы сөздерде. Табиғатқа қиянат жасаған адам өз кінәсін әбден түсініп, өз әрекетінің дұрыс еместігін мойындайды. Балташтың іс-әрекеті, өткен өмірінің шындығы да осы идеяға сайып тұр. Жазушы биікке алып келеді. Оның жанының әбден қиналған сәттерінен Балташтың басқа шарасының қалмағандығын, табиғат алдында басын июін, бар табиғат иесі өзі ғана емес екенін түсінуін білдіреді. Соңғы сөздерді жай сипаттап, оның қимылынан білдіріп қоймайды, әбден пісіріп әкеліп өз аузымен айтқызады.

Оқырман Балташтың қарға, құзғынға шынымен-ақ жем болғаны ма деп отырғанда, Беркімбай оны ажал тырнағынан құтқарып қалады. Бұл да шығармада кездейсоқ айтыла салған жайт емес. Табиғаттың сырына қанық Беркімбай Балташты көрмесе де, өлексеге жиналатын құстардың бір ұшып, бір қонып жүрген қимыл әрекетінен сезіктеніп, солай қарай бет алады. Сөйтіп, барып өлім аузында жатқан Балташты құтқарып қалады. Бұл жерде де құстардың қимылы үлкен қызмет атқарып тұр. Әбден өлімге мойын ұсынып, тіршіліктен біржола күдерін үзген Балташтың соңғы сәтте аман қалуы да тегін емес. Бұл – өз кінәсін мойындап, іс-әрекетінің дұрыс еместігін түсініп, табиғат алдында басын иген Балташқа деген табиғат-ананың кешірімі

сияқты. «Иілген басты қылыш кеспейді», - дейді ғой халық даналығы. Бұл Балташты жөн, тура жолға салып жіберу үшін қолданылған бір сын, жаза еді. Енді бір жағынан Балташты Беркімбайдың құтқаруы – Беркімбайдың бейнесін одан әрі толықтырып, оның адамгершілік, азаматтық қасиеттерін тағы да бір көрсетеді.

Ғылымның дамып, табиғатқа көп зиян келген тұста, Балташ сияқтылардың табиғатқа тонаушылық көзқараспен қарауы да үлкен қауіп болса керек. Мұндай көзқарас табиғатқа мейірімсіздік қатынасты тудырады. Өз шығармасында жазушы тек бүгінгісін, бас пайдасын ойлаған кейіпкер бейнесін жасай отырып, оның сана-сезімінің таяздығын, көрсоқырлығын көрсетеді. Сол әрекетінің сазайын тартқызады. Жазушы шығарма соңында оны жазалап, тәубасына келтіреді. Бұл бір жағынан, кез келген нәрсенің сұрауы барын көрсетсе, екіншіден, көпшілікті сақтандырады, ескертеді.

Жоғарыда тоқталған басқа жазушылар шығармаларындағыдай мұнда да суреттеліп отырған табиғаттың жанды-жансыз тіршілігі – аң, құс, өсімдік әлемі, олардың өткені мен ендігі қалғаны кең қамтылады. Құлпырған өсімдік пен құстардың құлақ тұндырар үндері, табиғаттың ғажайып сиқырлы сұлулығы шығармада өте тартымды, әсерлі суреттелген. Соның бәрін жазушы бейнелі кестелеп: «Жол жиегіндегі түкті түлкіқұйрық сидаң атқұлақ, жатаған жыланқияқ еркелеген күшікше қызыл сирағына оралса, сыриған шыралжың, ашқылтым ермен, шипалы аңдыз секілді бойшаң, әлді өсімдіктер бірде маңдайынан сипап, бірде өзімсігендей иығынан қағып, шығарып салады. Табан астындағы қап-қара майлы саз жас баланың еңбегінше былқ-былқ етеді. Таңғы керімсал дөнен қымыз иісіндей шымыр. Қызыл-жасыл тау сүлдері жүздері алаурап, ұялшақ қыздарша қымсына жымындайды. Қызыл ала, көк ала, сары ала әдемі көбелектер осы гүлдерді мәпелеп өсіруші бағбандары іспетті, әрқайсысы бір-біреуін иеленіп, төбесіне төне желпіп тұр. Тас-тастың түбіндегі шиесабақтардың әлі әзір сарғайып та үлгермеген тырнақтай түйіндері балаң қыздың құлағындағы сырғаша жылтырайды. Теріскей бет еріншектей оянып, керіле есінейді.

Сонау биіктігі андыздаған ұшқан ұшы күміс сәуле желпіген тау самалына шағылыса, жалт-жұлт ойнап, жылтырақ ойыншығымен құрбыларының көзін қызықтыратын жас балаларша аңшы көңілін еріксіз өзіне бұрады» [110; 338] деп, даланың құлпырған пейзажының түрлі-түсті бояуын көзіңе елестеткендей, айналаның бәрі шат-шадыман, қуаныш шапағатын жайып тұрғандай. Қоршаған табиғаттың бәрі жанданып кеткендей. Жазушы көбелекті гүлдерді мәпелеп өсіруші бағбандарға, шиесабақтың түйіндерін қыздың сырғасына теңеп құбылыстың тамаша сипатына нәр бере сипаттайды.

Аталған жазушылардың барлығы да шығармаларында табиғаттың өз заңдылығымен өмір сүріп жатқан тіршілік иелерінің тұрмыс-тіршілігін әсем де, көркем пейзажды нанымды да әсерлі нақышына келтіре суреттей отырып, табиғаттың осыншама сиқырлы сұлулығына суық қолдың араласып, шырқын бұзуы кешірілмес күнә екенін көрсетеді. Оқырманға түрлі ой салып, сезіміне әсер етеді. Бір сөзбен айтқанда, көркем сөз шеберлерінің бәрі де өз шығармаларында «Адамзаттың, жан-жануардың, табиғаттың басы бәйгеге тігілген зор апаттан шошына үркіп тұрған қазіргі дәуірдің қаны сорғалаған шындығын ашты» [24; 326].

Әдебиетіміздегі адам мен табиғат қарым-қатынасын суреттейтін шығармаларда ортақ жайлар да бар. Біріншіден, олардың бәрінде де адам мен табиғат бірлігіне ұмтылу идеясы болса, екіншіден, оларға ортақ әдістің болуы. Бұл жазушыларымыздың бәрі де М.Әуезов шығармаларынан бастау алған дәстүрді жалғастырушылар екенін көреміз.

Көптеген шетелдік жазушылар өздерінің көркемдік жүйесінің қалыптасуына У.Фолкнердің ықпалы зор болғанын мойындайды. Бұл туралы Г.Гарсия Маркес былай дейді: «Мен ойлаймын, біз латынамерикалық романистер Фолкнердің алдында үлкен қарыздармыз. Мен жаңа ғана әдеби конкурсқа ұсынылған латынамерикалық жазушылардың жарияланбаған жетпіс бес романын оқып бітірдім. Олардың ішінде Фолкнердің ықпалы сезілмейтін бірде-біреуі жоқ. Әрине, Фолкнер бүкіл Латын Америкасының романистикасына енді, егер де дәлірек

айтсақ, тіпті асыра айту болуы да мүмкін, бізге дейінгілер мен біздің арамыздағы жалғыз айырмашылық – біздің Фолкнердің шығармашылығымен таныс екеніміз. Міне, біздің ұрпақты ерекшелендіретін жалғыз нәрсе» [111].

Әдебиетіміздегі адам мен табиғат мәселесін көтерген жазушыларымыздың шығармаларында кеңінен қанат жайып жатырған М.Әуезов дәстүрі туралы да осы сөздерді айтуға болады. Бірақ кейінгі қаламгерлер ұлы дәстүрді өз бетінше, өзіндік жаңалықтармен толықтыра отырып жалғады.

Ғ.Мүсіреповтің «Өмір жорығы», «Қыран жыры», Т.Әлімқұловтың «Текті қасқыры», Ә.Кекілбаевтың «Бәйгеторысы», М.Мағауиннің «Тазының өлімі», О.Бөкейдің «Бурасы», «Кербұғысы», С.Санбаевтың «Аруанасы», М.Сқақбаевтың «Кезек дүниесі» – бәрі де өзіндік ой-пікірі бар дүниелер. Авторлары бөлек болғандықтан емес, бұлардың әрқайсысындағы көркемдік шешімдер әр басқа. Бір-біріне сәл де ұқсап, бір-бірін ешқандай қайталамайды.

Жазушылардың бәрінде де пейзаждық бояулар түкті кілемдей құлпырады, табиғат терең астармен суреттеледі. Ғ.Мүсірепов өз шығармаларында балықтың, қыранның өмірін көрсетуде символизмнің үлкен үлгісін танытады.

Т.Әлімқұлов өз шығармасында М.Әуезов «Көксерегіндегідей» адам мен табиғаттың арасындағы қарама-қайшылықты, бітіспес күресті көрсетсе, Ә.Кекілбаев, М.Мағауиндер жануарлар психологиясын ашуда ұлттық ерекшеліктерге баса назар аударады. Қазақ халқының құмай тазыны баптап, аңға салуы, бәйге атын жаратуы сияқты ұлттық ғұрыптарын жан-жақты суреттейді.

Ал О.Бөкей әсем Алтайдың сұлу табиғатын өз кейіпкерімен байланыстыра, астастыра отырып шығармада пейзажды қолданудың шеберлігін танытады.

С.Санбаев, М.Сқақбаевтар да пейзажды табиғаттың түрлі суреттерін қолдана отырып, экологиялық мәні бар үлкен тақырыпты сөз етеді.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап сыншылардың назары әдебиеттегі табиғи құбылыстарды өзекті экологиялық проблемалар тұрғысынан сипаттауға аударыла бастады.

Ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, бұл тек әдебиеттегі табиғатты талдау құралы ғана емес, адамдардың болмыстан тыс өмір формалары мен физикалық ортаны қамтитын жаһандық қауымдастық туралы түсініктерін тереңдету екенін көреміз. Олар қоршаған ортаны табиғатпен теңестірді, көркем шығармадағы табиғи әлемді әр қырынан аша отырып бейнелеуге, оған зиян келтіретін құбылыстарды табуға ықпал ететін, әрі қарама-қайшы келетін құрал ретінде назар аударды, табиғаттың сақталуын, қорғалуын жақтап, адам мен табиғи әлемді биологиялық, психологиялық және рухани бірлікте қарастырды. П.Марленд экологиялық дағдарыс заманында өмір сүріп жатырмыз дей келе, осы саладағы сыншы Л.Буэлл экокритицизмнің маңызы туралы экологиялық дағдарысты: «сананың дағдарысы, одан айығу табиғат пен адамзаттың оған қарым-қатынасын бейнелеудің үздік әдістерін іздестіруге қозғау салады», – деп санайтындығын атап көрсетеді [112, 336].

Демек, адамзат пен қоршаған ортаның тепе-теңдігін сақтау үшін, адам өзінің санасын өзгертуі қажет. Адамның ішкі әлемінде гуманистік қасиеттерді қалыптастырмай, қоршаған ортаны қорғау мүмкін емес. О.Вороной: «Жеке адамның азғындығы мен немқұрайлылығы адамның тағдырына, жанына, жеріне, табиғатына зиян тигізуін тоқтатпайды» дей келе, бұл салада көркем әдебиеттің ерекше маңызды рөлі бар екенін атап өтеді. Зерттеуші «экология» қоршаған ортамен қатар адамның ішкі әлемінің жағдайын да түсіндіріп, адамгершілік, рухани, патриоттық мәселелерді қарастыратын шығармалардың экологиялық әдебиетке жататынын айтады [113].

Жоғарыдағы жазушылардың әрқайсысының шығармасын оқығанда осы мәселені жеткізуде пейзаждың көркем шығармадағы қызметінің жаңа бір қырына қанық боласыз. Әрине, белгілі бір сөз болып отырған мәселе әдебиет тарихының әр тұсында әр қалай суреттелетіні белгілі. Кейіпкерлердің және жазушылардың өмір сүрген кезеңдерінің, ортасының ерекшелігіне орай, сипатына қарай түрліше өзгеріске ұшырап отырады. Жазушылардың бәрінің қоғам болмысымен ортақ ойы болғанымен өзіндік оңаша толғауы бар. Ортақ бір мәселеге әрқайсысының өзіндік көзқарасы, ойы болғандықтан оның

шешімін де өздерінше береді. Сондықтан да олардың шығармаларында мәселені, тақырыпты шешуде жақындықпен қатар, бөлектік, шығармашылық даралық айқын көзге түседі. Бұл шығармалардың бәрі де көркемділігімен, ұтымды ой тастайтындығымен құнды екені даусыз.

Соңғы кезде жазушыларымыздың өз шығармаларында адамгершілік мәселесін көбірек сөз етіп, адамның ішкі жан-дүниесіне үңіліп, сезіміне әсер етерлік ой қозғап, ойлануға шақыруы заңды құбылыс. Себебі, қазіргі таңда барлық апаттың алдын алу адамның өз қолында екені белгілі. Адам пейілі тарылып, өз басының жағдайын ғана күйттеген мынадай заманда жазушыларымыздың адамгершілік тақырыбына ерекше көңіл бөлуі қуантарлық жай.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі ғылым мен техникалық прогрестің даму барысында қоршаған орта мен қоғам арасындағы қарым-қатынастың қарама-қайшылықтары айқын байқалуда. Адамзат осының салдарын табиғат өзгерісінің келеңсіз нәтижелері арқылы сезінуде. Адам мен қоршаған ортаның арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы жер бетіндегі тіршілік атаулының бәріне қауіп төндіріп отырғаны белгілі. Бүкіл адамзатқа ортақ рухани-мәдени мәселеге айналып отырған бұл күрделі проблема қоршаған ортаға ғана емес, ұлтымыздың болашақ бағдарына, салауатты дамуына, сана сергектігіне де ықпал етуде.

Бүгінгі күні әлемдік кеңістікке шығып, маңызды жетістіктерге қол жеткізгенімізбен, адам бойында табиғи ортаға, ұлттық құндылықтарымызға, өзге адамдарға деген жанашырлықты орнықтыру, табиғатты қорғау мен сақтау, сұлулықты ұғыну, жауапкершілікті және саналы қарым-қатынасты қалыптастыру – өзекті мәселелердің бірі екені сөзсіз.

Табиғат пен адам қосарлы сөздерінің үлкен мәні бар. Себебі, оларды бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Табиғаттың адам тіршілігіне әсері, адам тіршілігінің табиғатқа әсері. Табиғатта болып жатқан өзгерістердің көбі адам қолынан жасалады. Соның ішінде табиғатқа зиян келтіретін келеңсіз жақтары да бар. Бұл тұста «жаңаның бәрі жақсылық емес» деген сөздің растығына көз жеткізгендей боласың. Табиғатпен өзара қарым-қатынастың бұзылуы экологиялық апаттарға әкеледі.

Адамдардың қоршаған ортаға гуманистік көзқарасын қалыптастыру ұзақ та күрделі процесс. Қоғамдағы мұндай өзекті мәселелерді шешу жолдарын қарастырудан әдебиет те тыс қалмайды. Экологиялық мәселелерді арқау еткен прозалық шығармаларда қаламгерлер адам мен қоршаған ортаның арасындағы қарама-қайшылықтардың салдарын, кейіпкердің психологиясындағы қиындықтарды көрсету арқылы адамзатты салмақты ойға шақырады.

Әдебиеттің негізгі міндеті – қоғамдағы әртүрлі мәселелерді көркем бейнелеп жеткізу, адам санасының мүмкіндіктерін зерттеу болып табылады.

Табиғатқа деген көзқарасты тәрбиелеуде әдебиеттің рөлі ерекше. Бұл тақырыпта қалам тартқан жазушылар табиғатқа қамқорлықпен, мейіріммен қарауды, оның әрбір нысанын көздің қарашығындай сақтауды, құрмет тұтуды алға тартуда. Экологияға, яғни тіршілік иелерінің жер бетінде өмір сүру заңдылықтары туралы ғылымға деген қызығушылық күн санап өсіп келеді. Экологиялық идеялар көркем әдебиетке молынан енді. Табиғат тақырыбын арқау еткен әдеби туындылар оқырмандарға табиғаттың құндылығы оның байлығымен ғана шектелмейтіні туралы түсінік береді.

Табиғаттың әсем көріністері арқылы адамзат бойында адамгершілік қасиеттер қалыптасатындығы туралы А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, Ш.Уәлиханов еңбектерінде де көп көңіл бөлінген. Мысалға, қазақ халқының ұлы ағартушысы Абай өз өлеңдерінде табиғат пен адам өмірін, тіршілігін ажырамайтын, бөліп қарастыруға келмейтін біртұтас дүние ретінде қарастырған.

Әдеби процесте өзектілігі күн санап артып отырған бұл мәселенің зерттелуіне әрбір жазушы өзіндік үлесін қосуы керек.

Монографияда адам мен табиғаттың күрделі байланысын, олардың қарым-қатынасын ашуда, бейнелеп көрсетуде көркем әдебиеттің атқарар рөлі үлкен екені туралы тұжырымдар жасалады. Осы мақсатта көрнекті қаламгер М.Әуезовтің шағын прозалық шығармаларына талдаулар жасалды.

Жазушы М.Әуезов адам мен табиғат мәселесін, жанды және жансыз табиғатты суреттеп, пейзажды беру арқылы әлемдік әдебиетке өзіндік үлесін қосқан жазушы, нағыз шебер ретінде танылды. Оның шағын прозалық шығармаларында берілген әрбір табиғат суреті терең мағына, үлкен сезім береді, шығарманың идеясын, кейіпкерлердің образын ашуда үлкен қызмет атқарады.

М.Әуезовтің «Көксерек», «Қараш-қараш оқиғасы», «Қилы заман» повестерінде табиғат суреттері автордың ойын айқын көрсетуге көмектесе отырып, өз мақсатына жетеді. Шығармада оқиғаның дамуына байланысты пейзаж да мың құбылып отырады.

«Қараш-қараш оқиғасы», «Қилы заман» повестерінде табиғат суреті оқиғаның дамуына, өрбуіне қажетті фон ретінде алынып, кейіпкердің жанымен, ішкі сезімімен астастырылып, психологиялық параллелизм түрінде берілсе, «Көксеректе» пейзаж философиялық, психологиялық мәнге ие бола отырып күрделене түседі.

Монографияның екінші тарауында қаламгер дәстүрінің 60-80 жылдардағы шағын прозада өз жалғастығын тауып, толыға түсуі туралы нақты мысалдар келтіріліп, адамның қоршаған ортаға деген жаңаша психологиялық көзқарасын қалыптастырудың қажеттігі туып отырғандығын көрсететін қорытындылар жасалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қирабаев С. Шындық және шығарма. Алматы: Жалын, 1981. – 252 бет.
2. Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы. Астана: Елорда, 2003. – 420 бет;
3. Серікқалиев З. Ақ жол: Сын кітабы: мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1990. - 464 бет.
4. Әбдезұлы Қ. Әлімқұлов шығармалары және 60-80-жылдардағы қазақ прозасы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 269 бет.
5. Жарылғапов Ж. Қазақ прозасындағы адам концепциясы (1970-1980 жылдар негізінде). – Алматы: «Отан» баспасы, 2018. – 220 б.
6. Шайкенов Б. Табиғаттағы тепе-теңдікті сақтау: монография. – Алматы: Қазақстан, 1977. – 175 б.
7. Рамазанова А. Қазіргі қазақ повестеріндегі адам мен табиғат мәселелері (70-80 ж.). Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. Алматы, 1993. – 129 бет.
8. Мусинова Г. Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Семей, 2023. – 140 бет.
9. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. Алматы: Жазушы, 1995. – 560 б.
10. Залыгин С. Литература и природа //Нева, 1980. - №5.
11. К.Щедрин. Что такое конфликт в литературе и зачем он нужен. <https://bandband.ru /blog/konflikt-v-literature-vidy-primery>
12. Нұрқатов А. Жалғасқан дәстүр. Зерттеулер, мақалалар. Алматы: Жазушы, 1980. – 312 б.
13. Паустовский К. О новелле //Новый мир, 1970. - №4.
14. Хайдаров Ә. Өнер алды – қызыл тіл. Мақалалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1986. – 208 б.
15. Нұрғали Р. Әуезов және алаш. Әдебиеттегі ұлттық рух. Алматы: Санат, 1997. – 432 б.

16. Нұрқатов А. М.Әуезов творчествосы. Мақалалар. Алматы: Жазушы, 1965. – 400 б.
17. Брагин А. Человек, понимающих язык ветра и птиц //Огни Алатау, 1964. – 4 октябрь.
18. Мұқанов С. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Қызылорда, 1932. – 8 б.
19. Әдібаев М. Поэтика ауэзовской прозы 20-х годов //Простор, 1997. - №7.
20. Нұрғалиев Р. Күретамыр. Монография: Қазақ драматургиясының поэтикасы. Алматы: Жазушы, 1973. – 236 б.
21. Жұртбаев Т. Бесігінді түзе!.. Ғұмырнама толғау. Алматы: Жазушы, 1997. – 560 б.
22. Дербісәлин Ә. Мезгіл мен қаламгер. Мақалалар мен зерттеулер. Алматы: Жазушы, 1968. – 191 б.
23. Әдібаев Х. Асыл ойдан, жасық қайдан //Жұлдыз, 1988. - №7.
24. Нұрғалиев Р. Арқау. Екі томдық шығармалар. А.: Жазушы, 1991. – 576 б.
25. Дүйсенбаев Ы. Қарышты қадам, сәтті сапар //М.Әуезов тағлымы: әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. Алматы: Жазушы, 1987. – 432 б.
26. Ғалымқызы Ә. Әңгіменің хас шебері //Солтүстік Қазақстан, 1997. – 7 мамыр.
27. Омаров Д. Көксеректің кінәсі бар ма? //Ана тілі, 1997. - №39. – 25 қыркүйек.
28. Әкімжанов З. Көресіні көрген Көксерек //Қазақстан, 1997. – 3 желтоқсан.
29. Жұртбаев Т. Аңыз ба, ақиқат па? //Жұлдыз, 1984. - №3.
30. Жанғожин Р. Дәуір перзенті //Жұлдыз, 1987. - №9.
31. Залыгин С.П. Литературные заботы. 3-е изд. Советская Россия, 1982. – 462 стр.
32. Тайжанов А. М.Әуезов шығармашылығының дүниетанымдық өзектері. Философия ғылымының докторы дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. Алматы, 1995. – 311 б.
33. Нұрқатов А. Мұхтар Әуезов. Монографиялық очерк. Алматы: Қазмемкөркемәдеб баспасы, 1957. – 183 б.

34. Ахметов З. Поэтика эпопеи «Путь Абая» в свете истории ее создания. Алматы: Наука, 1984. - 256 б.
35. Шкловский В. Художественная проза. Москва, 1956.
36. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. Сын мақалалар. Алматы: Жазушы, 1993. – 624 б.
37. Байтанаев Ә. Шын шеберлік. М.Әуезовтің Абай жолы романының көркемдік ерекшеліктері. Алматы: Жазушы, 1969. – 219 б.
38. Қабдолов З. Мұхтар Әуезов. Алматы: Санат, 1997. – 352 б.
39. Қаратаев М. М.Әуезов. Алматы: Жазушы, 1967. – 128 б.
40. Қирабаев С. Шындық және шығарма. Алматы, 1981.
41. Лизунова Е. Мастерство Мухтара Ауэзова. Алматы: Жазушы, 1968. – 286 стр.
42. Бердібаев Р. Дәстүр тағлымы. Алматы: Жазушы, 1973. – 232 б.
43. Кәкішев Т. Оңаша отау. Қазақ әдебиет сынының жанрлық қалыптасуы хақында. Алматы: Жазушы, 1982. - 223 б.
44. Елеукенов Ш. Замандас парасаты. Алматы: Жазушы, 1977. – 299 б.
45. Майтанов Б. Көркемдік нәрі. Романдағы психологизм арналары. Алматы: Жазушы, 1983. – 182 б.
46. Адибаев М. К вопросу поэтике М.Әуезова //Мұхтар Әуезов әлемі. Алматы: Жазушы, 1997. – 141-158 б.
47. Бисенғали З. XX ғасыр басындағы қазақ романдары (ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация). Алматы, 1997.
48. Рүстембекова Р. Алпысыншы жылдар әңгімелеріндегі кейбір стилдік ерекшеліктер //Стиль сыры. Алматы: Ғылым, 1974. – 285-304 бб.
49. Майлыбаева С. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы пейзаж. Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. Алматы, 1990.
50. Серікқалиева Э. Көркемөнердегі табиғат //Жұлдыз, 1967. - №10.

51. Әзиев Ә. Алғашқы кесек туынды //Орталық Қазақстан, 1967. – 7 желтоқсан.
52. Сахариев Б. Күрескер тұлғасы. Мақалалар, зерттеулер. Алматы: Жазушы, 1979. – 376 б.
53. 31. Нұртазин Т. Шеберлік туралы ойлар. Әдеби-сын мақалалар. Алматы: Жазушы, 1968.
54. Дәдебаев Ж. Әдеби шығарма. Өмір шындығы және көркемдік жинақтау. Алматы, 1987. – 80 б.
55. Рүстембекова Р. Қазіргі қазақ әңгімелері. Әдеби-сын зерттеулер. Алматы: Жазушы, 1998. – 176 б.
56. Қабдолов З. Арна. Алматы: Жазушы, 1988. – 256 б.
57. Әшімбаев С. Сын мұраты. Әдеби сын. Алматы: Жазушы, 1974. – 298 б.
58. Жұртбаев Т. Бейуақ. Алматы: Қазақстан, 1990. – 304 б.
59. . Нұрғалиев Р. Қилы заман қандай туынды? //Қазақ әдебиеті, 1967. – 1 қыркүйек.
60. Айтматов Ч. Слово об учителе //Мұхтар Әуезов әлемі. Алматы: Жазушы, 1997.
61. Бисенғали З. М.Әуезовтің алғашқы романы /Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті. Екінші халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 322 б.
62. 37. Бердібаев Р. Ғасырлар толғауы. Мақалалар мен зерттеулер. Алматы: Жазушы, 1977. – 320 б.
63. Бердібаев Р. Мұхтар шыңы. Алматы: Ғылым, 1997. – 208 б.
64. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
65. Дәдебаев Ж. Қазіргі кезеңдегі қазақ тарихи прозасының дамуындағы М.Әуезов дәстүрі. Алматы, 1981. – 47 б.
66. Әуезов М. «Абай» романының жазылу жайынан //Әуезов М. Он екі томдық. Т.12. Алматы, 1969.
67. 43. Бахтин М. Эстетика словесного искусства. Москва, 1986.
68. Кекілбаев Ә. Бір уыс топырақ. Роман және повестер. Алматы: Жазушы, 1977. – 296 б.

69. Мағауин М. Ақша қар. Өңгімелер мен повесть. Алматы: Жазушы, 1969. – 152 б.
70. Бөкеев Ә. Ұйқым келмейді. Повестер, әңгімелер. Алматы: Жазушы, 1990. – 560 б.
71. Санбаев С. Аруана. Повестер мен роман. Алматы: Жазушы, 1976.
72. Майтанов Б. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі. Алматы: Ғылым, 1982. – 148 б.
73. Исина Н.У. «Автор» и «Герой» в прозе А.Кекилбаева. Диссертация кандидата филологических наук. Алматы, 1995.
74. Серікқалиев З. Жастар прозасын барлағанда //Жұлдыз, 1969. - №6
75. Кекілбаев Ә. Өмірстанға тағы бір саяхат //Жұлдыз, 1974. - №4. – 209-212 бб.
76. Қирабаев С. Табиғатпен туыс талант //Жұлдыз, 1986. - №9.
77. Сыдықов Т. Зерлі тілді, зерделі жазушы //Жұлдыз, 1985. - №12.
78. Аманшаев Е. Кеңістік пен кейіпкер әлемі //Жұлдыз, 1988. - №9.
79. Рамазанова А. Сұлулық тұнған сырлы әлем //Халық кеңесі, 1993. – 7 қазан.
80. Ахметжан М. Шешен тілді, шебер жазушы //Қазақ әдебиеті, 1993. – 2 қыркүйек.
81. Жәлелова Г. Табиғат пен адамды үндестіру //Қазақ тілі мен әдебиеті, 1996. - №11.
82. Әбдешұлы К. Т.Әлімқұлов шығармаларындағы тарихи шындық пен көркемдік шешім //Алматы ақшамы, 1999. – 5 сәуір.
83. Мағауин М. Соны соқпақ – кең өріс //Ғасырлар бедері. Алматы: Жазушы, 1981. – 304-305 бб.
84. Исабеков Д. Бүгінгі шындық ертеңгі тарих //Уақыт және қаламгер. Алматы, 1985.
85. Сқақбаев М. Көрікті әлемдегі көркемдік ізденістер //Уақыт және қаламгер. Алматы: Жазушы, 1985.
86. Тоқтаров Р. Әдеби бейне және көркемдік шешім //Жұлдыз, 1990. - №5. – 187-199 бб.

87. Әмірхан Е. Мәңгілік межелер. //Егемен Қазақстан, 1992. – 18 шілде.
88. Липин С.А. Человек глазами природы. Москва: Советский писатель, 1983. – 290 стр.
89. Бондарев Ю.В. человек несет в себе мир. М.: Молодая гвардия, 1980. – 256 стр.
90. Лось В.А. Взаимоотношения между человеком и природой как глобальная проблема //Вопросы философии, 1982. - №6.
91. Соколовская Я. Человек и природа в современной советской прозе. Автореферат. Минск, 1986.
92. Старченко Н.Н. Проблемы экологии в современной советской прозе (80-е годы). Автореферат. Москва, 1989.
93. Трыкова О.Ю. Человек и природа в современной советской прозе (к проблеме реалистической условности). Автореферат. Москва, 1986.
94. Селезнев Ю. Вечное движение (искания современной прозы 60-х начала 70-х годов). Москва, 1976.
95. Шапавалова Э.А. Природа как объект художественного осмысления. Автореферат к.ф.н., 1984.
96. Цыренова М.Ц. Образ мира и человека в современной философской прозе. Автореферат к.ф.н. Москва, 1992.
97. Белая Г. Нравственный мир художественного произведения //Вопросы литературы, 1983. - №4.
98. Лихачев Д.С. Внутренний мир художественного произведения //Вопросы литературы, 1968. - №8.
99. Гинзбург Л. О психологической прозе. Ленинград: Художественная литература, 1977. – 443 стр.
100. Тагаев Б. Трагическое творчестве Ч.Айтматова. автореферат. Алматы, 1991.
101. Сыдыков Н. Художественная функция пейзажа в творчестве Ч.Айтматова. Фрунзе, 1986.
102. Айтматов Ш. Точка присоединения //Вопросы литературы, 1976. - №8.
103. Әлімқұлов Т. Шежірелі сахара. Повесть және әңгімелер. Алматы: Жазушы, 1976. – 192 б.

104. Айтматов Ш., Шаханов М. Құз басындағы аңшының зары (Ғасыр айрығындағы сырласу). Алматы: Рауан, 1997. – 352 б.
105. Жұртбаев Т. Талқы. Алматы: Қазақстан, 1997. – 368 б.
106. Белгер Г. Талант и трудолюбие //Простор, 1976. - №4.
107. Галанов Б. Живопись словом. Портрет. Пейзаж. Вещь. Москва: Советский писатель, 1974. – 344 стр.
108. Мағауин М. Сұрлеу соқпақ //Жұлдыз, 1997. - №5.
109. Глинкин П. Ч.Айтматов. Ленинград: Просвещения, 1968. – 87 б.
110. Сқақбаев М. Көңіл жұбанышы. Повестер мен әңгімелер. Алматы: Жазушы, 1988.
111. Г.Гарсия Маркес Писатели Латинской Америки. О литературе. Москва, 1982.
112. Әдебиет теориясы: Антология. 4-том / Джули Риквин мен Майкл Райанның редакциясымен. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 452 бет.
- 113.Вороной О. Экологическая художественная литература. <https://proza.ru/2015/04/16/142>

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
I ӘУЕЗОВТІҢ ШАҒЫН ПРОЗАСЫНДАҒЫ АДАМ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ	6
1.1 «Көксерек» повесі: адам-табиғат байланысы	6
1.2 «Қараш-Қараш оқиғасы» және «Қилы заман» повестеріндегі психологиялық егіздеу	34
II ӘДЕБИ ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ	70
2.1 Көркем прозадағы гуманизм және ұлттық құндылықтар	70
2.2 «Адам – табиғат» үйлесімі мен қайшылығын бейнелеу тәсілдері.....	103
ҚОРЫТЫНДЫ.....	125
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	128

Ғылыми басылым

Айтуғанова С.Ш.

ШАҒЫН ПРОЗА ПОЭТИКАСЫ

(монография)

Басуға 04.04.2025 қол қойылды
Пішімі А5. Көлемі 8,5 б.т.
Офсеттік қағаз. Ризографиялық басылыс
Таралымы 500 дана